

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
«Жасанды интеллект» ғылыми-зерттеу институты**

**ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ
МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ
МОДЕЛДЕРІ МЕН ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕЗАУРУСЫ**

Ұжымдық монография / А.Ә. Шәріпбайдың жалпы редакциялауымен.



Нұр-Сұлтан, 2020

ӘОЖ 811.512.127

ББК 81.2 Қаз

III-34

Пікір берушілер:

Д. Қамзабекұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік мәдени даму жөніндегі проректоры.

Б.С. Карагулова – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі.

Д.Р. Рахимова – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Ақпараттық жүйелер кафедрасының доценті.

Шәріпбай А.Ә., Разахова Б.Ш., Муканова А.С., Ергеш Б.Ж.

III-34 Қазақ тілі грамматикасының математикалық және онтологиялық моделдері мен электрондық тезаурусы. Монография. – Нұр-Сұлтан: «Бұлатов А.Ж.» ЖҚ, 2020 – 218 б.

ISBN 978-601-326-525-4

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі.

ҰСЫНҒАН

Монографияда қазақ тілінің грамматикасының (морфологиялық және синтаксистік ережелердің) математикалық және онтологиялық моделдері тұрғызылып, білім базасын құру, өңдеу және жаңа білім алу мүмкіншіліктері көрсетілген. Сонымен қатар, түркі (қазақ, қырғыз, өзбек, түрік) тілдерінің грамматикасы бойынша онтологиялық моделдері негізінде құрылған ақпараттық-іздеу тезаурусының құрамы мен құрылымы сипатталып, программалық жүзеге асырылды. Көп тілді ақпараттық-іздеу тезаурусы түркі тілдерінің грамматикалық ұғымдарын іздеу мен пайдалануға арналған.

Монографиядағы материалдар қазақ тілі бойынша теориялық зерттеулер мен практикалық жұмыстар жүргізетін магистранттарға, докторанттарға, оқытушылар мен ғалымдарға, сондай-ақ ақпараттық технологиялар және компьютерлік лингвистика салаларындағы ғылыми-практикалық жұмыстар жасайтын мамандарға және басқа оқырмандардың кең қауымына пайдалы болуы мүмкін.

1404000000

III-34

ISBN 978-601-326-525-4

ӘОЖ 811.512.127

ББК 81.2 Қаз

**© Шәріпбай А.Ә., Разахова Б.Ш.,
Муканова А.С., Ергеш Б.Ж.**

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
КІРІСПЕ	5
I ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫ	7
I.1 Қазақ тілінің морфологиясы	7
I.1.1 Зат есім	7
I.1.2 Сын есім	15
I.1.3 Сан есім	24
I.1.4 Есімдік	31
I.1.5 Етістік	38
I.1.6 Үстеу	67
I.1.7 Еліктеу сөз	75
I.1.8 Шылау сөздер	79
I.1.9 Одағай	89
I.2 Қазақ тілінің синтаксисі	95
I.2.1 Сөз тіркестері	95
I.2.2 Қазақ тілінің жай сөйлемдері	103
II ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛДЕРІ	114
II.1 Қазақ тілінің морфологиясының математикалық моделдері	114
II.2 Қазақ тілі синтаксисінің математикалық моделдері	127
II.2.1 Қазақ тілі сөз тіркестері синтаксисінің математикалық моделдері	127
II.2.2 Қазақ тілі жай сөйлемдер синтаксисінің математикалық моделдері	137
III ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫНЫҢ ОНТОЛОГИЯЛЫҚ МОДЕЛДЕРІ	147
III.1 UniTurk метатілі	147
III.2 Қазақ тілі грамматикасының онтологиялық моделдері	162
III.2.1 Онтологиялық моделдеудегі жалпы түсініктер	162
III.2.2 Қазақ тілі морфологиясының онтологиялық моделдері	168
III.3 Қазақ тілі синтаксисінің онтологиялық моделдері	176
IV ҚАЗАҚ ТІЛІ ГРАММАТИКАСЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТЕЗАУРУСЫ	189
IV.1 Тезаурустың құрамы мен құрылымы	189
IV.2 Тезаурусқа қойылатын талаптар	194
IV.3 Қазақ тілі грамматикасы электрондық тезаурустың программалық қосымшасы	200
ДЕРЕК КӨЗДЕРІ	203
1-Қосымша. Монография авторларының ғылыми жариялымы	204

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылған монографияда қазақ тілінің грамматикасының математикалық және онтологиялық моделдерін тұрғызу, электрондық тезаурустың құрастыруға арналған.

Қазақ тілінің морфологиялық және синтаксистік ережелерінің математикалық моделдері қазақ сөздерін және сөз тіркестері мен сөйлемдерін талдау (анализдеу) мен тудыру (синтездеу) жұмыстарын автоматтандырып, қазақ тілінің мәтіндерін кең ауқымды компьютерлік өндеуге мүмкіндік береді. Ал осы ережелердің онтологиялық моделдері кез келген пәндік салада қазақ тілінде білім базасын құрып, оларды өндеуді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, қазақ тілінде ақылды оқулықтар жасап, қашықтан білім беру мен білімді бағалау жүйесін даярлауға кең жол ашады.

Тезаурустарға қойылатын талаптар ескеріліп, қазақ тілі грамматикасының электрондық ақпараттық іздеу тезаурусы жасалды. Ол қазақ тілінің грамматикасы бойынша ақылды сұрақ-жауап жүйесі ретінде қызмет ете алады.

Монография ҚР БҒМ-нің Ғылым комитетімен 2018 жылғы 12 наурыздағы №132 келісім шарт бойынша ЖТН АР05132249 «Көптілді іздеу және білімдерді шығару жүйелерін құруға арналған түркі тілдерінің электрондық тезаурустарын әзірлеу» жобасы аясында дайындалды.

Авторлар монография мәтінінің сапасын арттыру үшін көмектескен Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Ақпараттық қауіпсіздік кафедрасының оқытушылары, т.ғ.к. Гүлмира Бекманова мен Розамгуль Ниязоваға және жас мамандар Лена Жеткенбай мен Ғазиза Елибаеваға, сондай-ақ монографияның мазмұнын түсініп, оны баспадан шығаруға қолдағандары үшін пікір беруші профессорлар Дихан Қамзабекұлына, Балгенже Карагуловаға, Диана Рахимоваға өздерінің үлкен алғыстарын айтады

Авторлар ұжымы:

Шәріпбай А.Ә., Разахова Б.Ш., Муканова А.С., Ергеш Б.Ж.

КІРІСПЕ

Қазақ тілі түркі тілдерінің бірі, оның көне тарихы бар және ол қазіргі Қазақстан жерінде тұрған туыс түркі тайпаларының тілі ретінде көп ғасырлар бойы қалыптасқан [1-3]. Сондықтан ол көне тіл ретінде өзінің тарихын және табиғи лингвистикалық ерекшелігі мен мүмкіншілігін зерттеуге мұқтаж.

Қазақ тілі – Қазақстанда және басқа көптеген таяу және алыс шетелдерде тұратын қазақ халқының ұлттық тілі. Сондықтан ол тіл тасымалдаушыларының қатынас құралы қызметін атқаратын кез келген ұлттық тіл ретінде қазақ халқының күнделікті өмірінде пайдалану үшін оқытылуы және дамуы керек.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі [6]. Демек, ол кез келген мемлекеттік тіл ретінде Қазақстанда тұратын халықтардың қатынас құралы болуы үшін және өзінің барлық саласында, соның ішінде басқа елдермен сыртқы қатынастарда, іс жүргізу үшін мемлекет тарапынан қолдау қажет.

Қазақстан әлемдік қоғамдастыққа кіре отырып, мемлекеттік тілдің дамуын жоғарғы деңгейде болуын қамтамасыз етуі керек. Бұл талап - этникалық қазақтардың біртұтас мәдени және ақпараттық кеңістігін құрудағы маңызды қажеттілік.

Қоғамды цифрландыру дәуірінде көптеген табиғи (ағылшын, орыс, жапон, қытай және басқа) тілдер компьютерлік программалар арқылы оқытылып, дамып жатыр. Оларға мыналар жатады: *көптілді электрондық тезаурустар, мультимедиялық сұрақ-жауап жүйелері, интеллектуалды оқыту және білімді бағалау жүйелері, бір тілден басқа тілге машиналық аудару, жазба мен ауызша сөйлеулерді талдау мен тудыру және басқалар*. Олардың негіздері осы тілдердің грамматикалық ережелерінің математикалық, онтологиялық моделдері және олардың мәтіндерін өңдейтін алгоритмдерді компьютерлік программалар арқылы жүзеге асыру арқылы жасалған технологиялар болып табылады.

Көптілді электрондық тезаурустар жасау нәтижелері елдің келешегі үшін және соңында жаңа ақпараттық технологиялар саласында адамзат санасының жетістігінің идеалы *жасанды интеллекттің* объекттерін жасау үшін қызмет етеді.

Осы салада монография авторларының қатысуымен қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисі бойынша көптеген зерттеулердің нәтижелері қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, солардың ішінде Scopus, Web of

Science деректер базасында тіркелгендерде жарияланды және бірнеше диссертациялар қорғалды. Олар 1-Қосымшада көрсетілген.

Қазақ тілін компьютерлендіру саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер нәтижелерінің пайда болуына оның келесі қасиеттері себеп:

- сингармонизм (дыбыс және буын үндестігі) заңының болуы (бұл қасиет оғыз, қарлұқ тобына жататын басқа түркі тілдерінде жоқ. Мысалы: қазіргі түрік, түрікмен, әзербайжан, өзбек, ұйғыр тілдердері сингармонизм заңына бағынбайды);

- роман және славян тілдер топтарындағыдай сөздің жыныс ерекшелігі (род) және сөздің алдында тұратын көмекші сөздердің (артиклдердің, предлогтардың, приставкалардың) жоқ болуы;

- сөзжасам қатал анықталған аффикстерді (жұрнақтар мен жалғауларды) жалғау ережелеріне бағынғандығы;

- аффикстер санының ақырлығы;

- жай сөйлемдердің құрылым ерекшелігі (Мысалы: роман славян топтарында сөйлем <субъект><предикат><объект> түрінде болса, түркі тілдерінде <субъект><объект><предикат> болады).

Ұсынылған монографияның құрылымында, алдымен қазақ тілінің грамматикалық (морфологиялық және синтаксистік) ережелеріне шолу жасалған, кейін грамматикалық ережелердің онтологиялық моделдері анықталып, нәтижесінде электрондық тезаурусы құрылды. Ондағы негізгі нәтижелер ҚР БҒМ-нің гранттық қаржыландыруымен орындалған келесі жобалар барысында алынған:

1. Қазақ тілінің жазбаша және ауызша сөйлеулерін тану және тудыруды автоматтандыру, 2012-2014 жылдары.

2. Көптілді білімдерді іздеу және шығару жүйелерін құруға арналған түркі тілдерінің электрондық тезаурустарын әзірлеу, 2018-2020 жылдары.

Келешекте бұл нәтижелер түркі тілдерінің салыстырмалы зерттеулерінің тиімділігін арттырады және мәтіндерді өңдеудің көптілді компьютерлік жүйелерін құрумен қатар, басқа да іргелі және қолданбалы есептерді шешудің сәтті жолдарын табуға әкеледі. Сонымен қатар, олар семантикалық (мағыналық) іздеу және жаңа білімдерді тудыру мен өңдеуге қатысты интеллектуалды ақпараттық технологиялардың дамуына өз үлесін қосады.

I Қазақ тілі грамматикасы

I.1 Қазақ тілінің морфологиясы

I.1.1 Зат есім

Бұл тақырыпта қазақ тілінің негізгі сөз таптарының бірі «Зат есім» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1- 4] дереккөздері пайдаланылды.

Зат есім – заттық ұғымды (заттың, құбылыстың, уақиғаның немесе түсініктің атын) білдіріп, **кім? кімдер? не? нелер?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

Зат есім мынадай есімдерден тұрады: *адамзат* және *ғаламзат* есімдері, *жалпы* және *жалқы* есімдер, *көптік мәнді* есімдер, *көмекші* есімдер.

Адамзат есімдері – **кім? кімдер?** деген сұраққа жауап беретін мынадай атаулар:

- жалпы адамға тән атаулар, мысалы: *әйел, еркек, кемпір, шал, бала, ұл, қыз*, т.б.;
- туыс атаулар, мысалы: *әже, ата, ана, әке, апа, аға, қарындас, сіңлі, іні, немере, шөбере, жиен, нағашы, құда, құдағи, құдаша* т.б.;
- кісі аттары, мысалы: *Абай, Айгерім, Әлжан, Әсел, Берік, Бану, Ғабит, Ғазиза, Зейін, Зейнеп, Ілияс, Іңкәр, Кәкен, Күлнаш, Қадыр, Құралай, Омар, Орынша*, т.б.;
- қызмет пен лауазым атаулары, мысалы: *бастық, директор, абыз, академик, генерал, мырза, ханым* т.б.;
- іс-әрекет пен кәсіп-мамандық атаулары (мысалы: *аңшы, әнші, жыршы, қойшы, сатушы, ақын, ғалым, дәрігер, мұғалім*, т.б.);
- және жалпы адамға тән басқа да атаулар.

Ғаламзат есімдері **не? нелер?** деген сұраққа жауап беретін адамнан өзге мынадай атаулар:

- жан-жануарлар атаулары, мысалы: *аю, балық, елік, қасқыр*;
- өсімдіктер атаулары, мысалы: *алабота, бақбақ, терек, шөп*;
- заттар мен нәрселердің атаулары, мысалы: *балта, доп, төсек*;

- табиғи құбылыстар атаулары: *боран, жаңбыр, жел, тұман*;
- адамға тән емес басқа да атаулар, мысалы: *ақыл, жүріс, күрес, қол, сайлау, ұғым, үн, тас, тау, шыны, эволюция*.

Жалпы есім – тілдегі әр алуан деректі және дерексіз зат пен ұғымды білдіретін зат есім, мысалы: *ағаш, ақыл, арал, арба, ас, ат, бала, бас, ер, ес, ет, дала, кеңсе, көмір, отын, сана, су, төбе, түсінік*.

Жалқы есім – мағына жағынан белгілі бір ұғымды білдірмейтін, тек белгілі бір затты басқа заттардан ажырату үшін ғана қойылған белгі / ат ретінде ғана жұмсалатын мынадай зат есім:

- кісі аттары, мысалы: *Абай, Әлжан, Берік, Мәлік, Сәкен*, т.б.;
- үй жануарларының аттары, мысалы: *Құлагер, Таймас*, т.б.;
- өндіріс, мекеме, ұйым аттары, мысалы: *"Жиһаз", "Мұнайлы", "Орда", "Алаш", "Қайрат"*, т.б.;
- газет, журнал, фильм, кітап аттары мен жеке шығармалардың аттары, мысалы: *"Дат", "Жұлдыз", "Көшпенділер", "Қаһар"*, т.б.;
- географиялық атаулар, мысалы: *Алатау, Ертіс, Жетісу*, т.б.;
- қала, көше, алаң аттары, мысалы: *Алматы, Ақтау, Арқалық, Атырау, Түркістан, Шымкент, Желтоқсан көшесі, Жеңіс даңғылы, Республика алаңы*, т.б.;
- қазақ тіліндегі сөз таптарының атаулары, мысалы: *зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, етістік, одағай, үстеу*.
- қазақ тіліндегі сөйлем мүшелерінің атаулары: *бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, нысықтауыш, анықтауыш*.

Ішіндегі әр қилы ұсақ топтарды есептемегенде, жалқы есімдер үлкен екі салаға бөлінеді: *ономастика* - кісі аттары, *топонимика* – географиялық атаулар.

Көптік мәнді есімдер – затты жеке-даралап атамай, оның жиынын тобымен атайтын мына зат есімдер:

- сұйық заттардың атаулары, мысалы: *айран, ашымал, арақ, боза, шай, тұздық*, т.б.
- газ тектес заттардың аттары, мысалы: *азон, бу, түтін, тұман, метан, этан, пропан, бутан, пентан*, т.б.

- уақ, ұнтақ заттардың, ұйысқан майда заттар мен бытыранды, таранды, үгітінді заттардың атаулары, мысалы: *ұн, тозаң, шаң, алиа, жиде, бетеге, жусан, жүн, түбіт, кірпік, шаш*, т.б.

- дерексіз ұғымдарды білдіретін заттардың атаулары, мысалы: *айла, алғыс, дау, қайғы, қасірет, сүйеніш, шындық*, т.б.

- өздігінен табиғи бөлшектенбейтін кесек заттардың атаулары, мысалы: *алтын, қола, құрыш, шойын*, т.б.

- жаратылыс құбылыстарының атаулары, мысалы: *боран, дауыл, жаңбыр, қар, құйын, нөсер, жел, құйын*, т.б.

Бұлардан басқа да өздері түпкі табиғаты жағынан көптік мәнді білдіретін мынадай зат есімдер бар:

- табиғи жұп болып келетін зат есімдер, мысалы. *аяқ, көз, құлақ, етік, байпақ, кебіс, бәтеңке, шаңғы*, т.б.

- нәрсенің немесе заттың бөлінбейтін табиғи бөлімі немесе бөлшегі ретінде түсінілетін субстантивтік ұғымдардың атаулары, мысалы: *алды, арты, асты, үсті, жаны, қасы, арасы, ортасы, іші, сырты, басы, беті, шеті, түбі, төбесі, тұсы, маңы*, т.б.

Практикада көптік мәнді есімдерге кейде көптік жалғауын жалғамаса да болады.

Мысалы: *ұн, алтын, жел, ақыл* тәрізді көптік мәнді есімдер көптік жалғауынсыз жұмсалады.

Көмекші есімдер – лексикалық мағыналары бірде бүтіндей сақталып, бірде солғындап, өзге сөздермен тіркесу ерекшеліктеріне қарай, синтаксистік жағынан кейде жеке-дара мүше есебінде, кейде күрделі мүшенің құрамындағы дәнекер элемент есебінде қолданылып, морфологиялық жағынан зат есімдерше түрленіп отыратын жәрдемші сөздер.

Мысалы: *алды, арты, асты, үсті, жаны, қасы, арасы, ортасы, іші, сырты, басы, беті, шеті, түбі, төбесі, маңы, тұсы*.

Зат есім құрылымы жағынан жалаң зат есімдер, күрделі зат есімдер болып бөлінеді.

Жалаң зат есімдер екі топқа бөлінеді: *түбір зат есімдер, туынды зат есімдер*.

Түбір зат есімдер – түбір және жұрнақ морфемаларына бөлшектенбей, тек бір түбір морфема-сөз ретінде қабылданатын заттық атаулар. Мысалы: *ат, бал, ем, дән, жол, заң, күн, қол, леп, мал, найза, ор, пайда, сын, түн, шипа, ұлт, үміт, ылғал, іс.*

Туынды зат есімдер – түбір және қосымша (жұрнақ, жалғау) морфемаларына бөлшектенетіп, түбір сөзден жұрнақ және жалғау арқылы жасалған заттық атаулар. Мысалы: *атишы, балгер, емиі, дәнекер, жолаушы, заңгер, күншіл, қолдаушы, лепірме, малышы, найзашы, орақ, пайдақор, сынағыш, түнек, шипагер, ұлтшы, үміткер, ылғалдылық, іскер.*

Күрделі зат есімдер – екі немесе одан да көп түбір морфемадан құралған заттық атаулар.

Күрделі зат есімдер құралуына қарай төрт түрге бөлінеді: *біріккен зат есімдер, қосарлаған зат есімдер, тіркескен зат есімдер, қысқарған зат есімдер.*

Біріккен зат есімдер – екі түбір морфемадан бірігу арқылы құрылған зат есімдер. Мысалы: *алтыбақан, әуежай, бәйтерек, белбеу, елбасы, қайнаға, көкпар, қолқанат, т.б.*

Қосарланған зат есімдерге – екі түбір морфемадан қосарлану арқылы құрылған зат есімдер. Мысалы: *абысын-ажын, азық-түлік, ақыл-айла, ас-су, ата-ана, ауыл-аймақ, әл-қуат, бала-шаға, ел-жұрт, жауын-шашын, жылы-жұмсақ, жігіт-желең, қыз-келіншек, ой-пікір, ой-қыр, отын-су, тау-кен, тері-терсек, ұрыс-керіс, шай-су, т.б.*

Тіркескен зат есімдер – екі немесе одан да көп түбір сөздерден тіркесу арқылы құрылған зат есімдер. Мысалы: *ауыр өнеркәсіп, ауыз әдебиеті, балалар бақшасы, кәсіп одағы, күн тәртібі, қоғамдық еңбек, сары май, төл сөз, т.б.*

Қысқарған зат есімдер – бірнеше сөзді қысқартып құрылған зат есімдер. Мысалы: *АҚШ, БҰҰ, ЕҰҰ, ҚазҰҒА, ҚазМҰҰ, ҚР, пединститут, га, Гб, Кб, Квт, кг, км, Мб, мм, см, т.б.*

Зат есімдердің 3 түрлі жасалу тәсілдері бар: *лексикалық, морфологиялық, синтаксистік.*

Лексикалық тәсіл арқылы жасалған зат есімдердің 4 түрі бар:

- байырғы зат есімдер, мысалы: *абыз, әдемі, буын, ертек*;
- басқа тілдерден енген зат есімдер, мысалы: *абзац, автомат, математика, метро, хлор, филология, ядро*;
- бастапқы семантикалық мағынасы не кеңею, не тарылу, не ауысу арқылы туған жаңа зат есімдер, мысалы: *білік, білім*;
- өзге сөз таптарынан заттану (субстантивтену) арқылы пайда болған зат есімдер, мысалы: *алашақ, ақтар, айтыс, берешек, біреу, екеу, еріншек, құймақ, қызылдар, соқпақ, піспек ұялишақ үшеу, жер атаулары: Түлкілі, Бақалы, Жыланды, адам аттары: Дәметкен, Емберген, Ұлтуған, Төлеген*.

Морфологиялық тәсіл арқылы жасалған зат есімдерге зат есімнің өзінен, өзге сөз таптарынан тиісті жұрнақтар арқылы туған туынды зат есімдер жатады.

Зат есім тудыратын жұрнақтар екі топқа бөлінеді:

1. Есімдерден (*зат есім, сын есім, сан есім*, т.б.) зат есім сөздерін тудыратын жұрнақтар:

- *шы, ші*, мысалы: *аң+шы, балық+шы, ән+ші, етік+ші*, т.б. Бұл жұрнақ арқылы жасалған сөздер көбіне кәсіп, мамандық, бірдеңеге икемділікті білдіреді.

- *лық, лік, дық, дік, тық, тік*, мысалы: *дос+тық, жақсы+лық, шебер+лік, шын+ды*, т.б. Осындай сөздер жалпылық, қалыптық, қатыстық мән білдіреді.

- *шылық = шы+лық, шілік = ші+лік* – құранды жұрнақтар, мысалы: *егін+шілік, кем+шілік, тір+шілік, айырма+шылық*, т.б.

- *ша, ше*, мысалы: *ал+ша, бақ+ша, бөлім+ше, кез+ше*, т.б.

- *шық, шік*, мысалы: *ұр+шық, үй+шік, қап+шық, бұр+шік*, т.б.

- *ыл, іл, л*, мысалы: *тарс+ыл, гурс+іл, дір+іл*, т.б. Бұл жұрнақ еліктеу сөздерге жалғанып, сол құбылыстың атын білдіреді.

- *хана, стан, кеш* араб-парсы тілдерінен енген қосымшалар, мысалы: *дәрі+хана, кітап+хана, Қазақ+стан, Түркістан, арба+кеш*, т.б.

2. Етістіктен зат есім тудыратын жұрнақтар:

- *ма, ме, ба, бе, па, пе*, мысалы: *ал+ма, бөл+ме, жон+ба, мін+бе, бас+па, кес+пе*, т.б.
- *ым, ім, м*, мысалы: *ал+ым, біл+ім, тый+ым, байла+м*, т.б.
- *қы, кі, ғы, гі*, мысалы: *ашыт+қы, бұр+ғы, іріт+кі, сүз+гі*, т.б.
- *ыс, іс, с*, мысалы: *айт+ыс, бөл+іс, жең+іс, тала+с*, т.б.
- *ық, ік, қ, к*, мысалы: *қазы+ық, көр+ік, сұра+қ, тіле+к*, т.б.
- *ақ, ек, қ, к*, мысалы: *қон+ақ, тіре+к, жат+ақ, күре+к*, т.б.
- *ғыш, гіш, қыш, кіш*, мысалы: *ал+ғыш, бер+гіш, бас+қыш, түс+кіш, қыр+ғыш, сүз+гіш, қос+қыш, көр+гіш*, т.б.
- *ын, ін*, мысалы: *жау+ын, ег+ін, жи+ын, түй+ін*, т.б.
- *ыш, іш, ш*, мысалы: *қуан+ыш, өкін+іш, қала+ш*, т.б.
- *уыш, уіш*, мысалы: *баста+уыш, еле+уіш, түйре+уіш*, т.б.
- *ман, мен*, мысалы: *оқыр+ман, көрер+мен*, т.б.

Кейбір туынды зат есімде бірнеше жұрнақтар қатар кездеседі, мысалы: *аңшы, жоюшы* деген туынды зат есімдер *аң, жою* деген зат есім, етістік түбірлерінен жасалса, *аңшылық, жоюшылық* деген туынды зат есімдер *аңшы, жоюшы* деген туынды зат есімдерден жасалған.

Синтаксистік тәсіл арқылы жасалған зат есімдер екі түрге бөлінеді:

- екі немесе одан астам түбірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесіп құралуы, қысқарып құралуы арқылы пайда болған күрделі зат есімдер, мысалы: *ауызекі, тіл білімі, ғылыми дәреже, Ақорда, ҚазҰҒА, Сарышаған, Ұзынбұлақ*.

- лексикалану негізінде пайда болған күрделі зат есімдер, мысалы: *адамзат, ардагер, астық, ашаршылық, бастық, басшы, басшылық, белбеу, дәрігер, жақсылық, қаламгер, қуаңшылық, майдангер, өнеркәсіп, талапкер*.

I.1.1-Кестеде Зат есім формалары көрсетілген.

І.1.1-Кесте. Зат есім формалары

Зат есім негізі құрамына қарай бөлінеді	Жалаң	Түбір зат есімдер - тиісті морфемаларға (түбірге және жұрнаққа) бөлшектенбейтін, тек бір ғана түбір морфема (сөз) ретінде қабылданатын заттық атаулар			Отан, ана, бала, университет, қала, т.б.
		Туынды зат есімдер - түбір сөзден жұрнақ арқылы жасалған заттық атаулар	Есімдерден жасалған зат есімдер - есімдерден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалатын туынды зат есімдер	-шы(ші), -шылық(-шілік), -лық(-лік, -дық, -дік, -тық, -тік), -ыл(-іл, -л), -кер(-гер), -дақ(-дек, -лақ, -лек, -тақ, -тек), -кеш, -паз, -қор, -қой, -хана, -стан, -т(-ат, -іт, -айт, -ейт), -пак, -қал, -ма(-ме, -ба, -бе, -па, -пе), -м(-ым, -ім), -қы(-кі, -ғы, -гі), -ыс(-іс, -с), -у, -к, -к (-ық, -ік, -ақ, -ек), -ынды(-інді, -нды, -нді), -ғыш(-гіш, -қыш, -кіш, -ыш, -іш, -ш, -уыш, -уіш), -мақ(-мек, -бақ, -бек, -пак, -пек), -мыс (-міс, -мыш, -піш), -мал (-мел, -ман, -мен, -бан, -бен), -р(-ыр, -ір, -ар, -ер), -ыт(-іт, -т), -уыл(-уіл), -қын(-кін, -ғын, -гін), -асы, -есі, -ын(-ін, -н), -шак(-шек, -ашак, -ешек)	
Зат есім негізі құрамына қарай бөлінеді	Жалаң	Туынды зат есімдер - түбір сөзден жұрнақ арқылы жасалған заттық атаулар	Етістіктен жасалған зат есімдер - есімдерден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалатын туынды зат есімдер	ту-ыс, қыр-ғыш, қи-ынды, жаз-мыш, қара-уыл, т.б.	егін-ші, өнер-паз, кітап-хана, Қазақ-стан, т.б.
	Күрделі	Біріккен зат есімдер - кемінде екі түбір морфемадан бірігу арқылы жасалған зат есімдер.		атүсті, күлтебе, қайнаға, қолбасы, ертоқым, қолқанат,	

			төлкүжат, т.б.
		Қосарланған зат есімдер - екі түбір морфемадан қосарланып жасалған зат есімдер	бала-шаға, ел-жұрт, киім-кешек, ой-пікір, ойын-сауық, отын-су, шай-тұз, т.б.
		Тіркесті зат есімдер - кемінде екі я одан астам түбір сөздерден әр қилы жолмен тіркесу арқылы жасалған зат есімдер.	ашық аспан, балалар бақшасы, күн тәртібі, қоғамдық еңбек, еңбек ері, сары май, тас жүрек, т.б.
		Қысқарған зат есімдер - бірнеше сөзден құралып қысқарған зат есімдер.	ҚР, БҰҰ, ҚазМУУ, пединститут, см, мм, га, Кб, Мб, т.б.
		Жалпы есімдер - тілдегі әр алуан деректі және дерексіз заттар мен ұғымдарды білдіретін зат есімдер.	ағаш, ауыл, ат, ас, арал, арба, өзен, тау, темір, т.б.
Мағынасына қарай		Жалқы есімдер - белгілі бір ғана затты арнай, даралай атайтын зат есімдер. Жалқы есімдер мағына жағынан белгілі бір ұғымды білдірмейді, тек бір жеке-дара затты басқа заттардан ажырату үшін қойылған белгі - ат ретінде ғана жұмсалады.	Қазақстан, Астана, Бәйтерек, т.б.
жанды жансыздық категориясы		Жанды категория - кім? деген сұраққа жауап беретін адамды не оның кәсібін білдіретін зат есімдер.	Президент, ата, әже, бала, т.б.
		Жансыз категория - адамнан басқа не? деген сұраққа жауап беретін жанды-жансыз зат есімдер жатады. Мысалы: ит, сиыр, ағаш, су.	ағаш, ат, ит, құс, мысық, т.б.

I.1.2 Сын есім

Бұл тақырыпта қазақ тілінің негізгі сөз таптарының бірі «Сын есім» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 5] дереккөздері пайдаланылды.

Сын есім – заттың *мөлшерлік, түстік, сындық, сапалық* және басқа қасиеттерін білдіріп, *қалай? қандай? қай?* деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

Сын есімдер семантикалық мағыналары мен грамматикалық ерекшеліктеріне қарай **сапалық (негізгі) сын есім** және **қатыстық (туынды) сын есім** болып, екі топқа бөлінеді.

Сапалық сын есімдер – заттың түр-түсін, сын-сапасын, күй-сипатын, салмақ-аумағын, иіс-дәмін және басқа қасиет-белгілерін білдіретін сын есімдер. Мысалы: **түр-түсі:** дөңгелек, жасыл, қызылдау, сарғыш, сұр; **сын-сапасы:** асау, жақсы, жаман, жуас, момын, тәуір, нашар; **күйі-сипаты:** аласа, алыс, биік, дымқыл, жақын, жуан, жұмсақ, жіңішке, қатты, құрғақ, қысқа, ұзын, таяз, терең, ылғалды; **салмақ-аумағы:** ауыр, дәу, жеңіл, зілдей, кішкентай, орта, үлкен; **иіс-дәмі:** ащы, күлімсі, қышқыл, сасық, тәтті, тұзды, т.б.

Қатыстық сын есімдер – заттың түрі мен түсін, кескіні мен келбетін, сыры мен сынын, қасиеті мен сипатын, мекені мен мезгілін және басқа да сол сияқты белгілеріне қатысты сындық ұғымдарды *басқа сөз табына (зат есім, етістік)* жұрнақтар жалғау арқылы білдіретін сын есімдер. Мысалы: *ақылды ұл, ашық есік, әдепті қыз, жасыл бақ, кеш бару, гүлді мекен, дәмді тағам, жаяу жүру, жетіп барды, құрметті адам, қолды бала, қонымды сөз, орманды алқап, өнерлі жас, салмақты мінез, сусыз көл, таулы жер, тез жету, шексіз сүйю, шөлейт дала, ыстық күн*, т.б.

Сын есімдер құрамына қарай **дара сын есімдер** және **күрделі сын есімдер** болып, екі топқа бөлінеді.

Дара сын есімдер – бір ғана *негізгі* немесе *туынды* түбірден тұратын сын есімдер. Мысалы: *ақылды, алып, әдемі, білімді, бойшаң, жеткілікті, қашаған, қызыл, кіші, мол, нашарлаған, удай,*

ұлы, үлкен, таяз, тәтті, тебеген, терең, шуақ, шыдамды, ырықты, ілінген, т.б.

Дара сын есімдер жасалуына қарай негізгі сын есім және туынды сын есім болып екі топқа бөлінеді.

Негізгі сын есімдер – ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйінде болатын сын есімдер. Мысалдар: *ақ, адал, асау, боз, дөрекі, жабайы, жеңіл, жуас, жуан, кермек, лас, мол, өткір, сыпайы, таза, топас, шабан*, т.б.

Туынды сын есім – есім сөздерге, үстеуге немесе етістікке жұрнақ жалғау арқылы жасалған сын есімдер.

Есім сөзден сын есім жасайтын жұрнақтар: *лы, лі, ды, ді, ты, ті; сыз, сіз; ғы, гі, қы, кі; лық, лік, дық, дік, тық, тік; шыл, шіл; шаң, шең; дай, дей, тай, тей; дау, деу, тау, теу; гер, кер, қой, қор; паз, ымпаз, імпаз; и, ы, і*. Мысалы: *таулы, өнерлі, орманды, көлді, сымбатты, көрікті, ағашсыз, еңбексіз, жазғы, күзгі, қысқы, ішкі, балалық, іскерлік, адамдық, әлемдік, жолдастық, жігіттік, ойшыл, еңбекшіл, ашушаң, сөзшең, баладай, үкідей, жолбарыстай, сүліктей, аздау, молдау, тездеу, теңдеу, толықтау, көптеу, ардагер, талапкер, әзілқой, еңбекқор, әсемпаз, жағымпаз, жеңімпаз, кәсіби, алтайы, түркі*, т.б.

Үстеуден сын есім жасайтын жұрнақтар: *ғы, гі, қы, кі*. Мысалы: *алдағы, биылғы, бұрынғы, былтырғы, жазғы, ертеңгі, кешегі, кешкі, күзгі, қысқы, таңғы, түнгі, түскі*, т.б.

Етістіктен сын есім жасайтын жұрнақтар: *ғақ, гек, қақ, кек, ақ, ек; ық, ік, қ, к; ғыш, гіш, қыш, кіш; ғыр, гір, қыр, кір; шақ, шек; ыңқы, іңкі, ңқы, ңкі; ынды, інді, нды, нді; балы, белі, малы, мелі, палы, пелі; ымды, імді, мды, мді; аған, еген; улы, улі; ба, бе, ма, ме, на, не*. Мысалы: *тайғақ, жүргек, жабысқақ, тірескек, алақ, бөлек, тұнық, бітік, ақсақ, сирек, жазғыш, жүзгіш, айтқыш, кескіш, алғыр, білгір, тапқыр, өткір, тартынышақ, сүріншек, басыңқы, түсіңкі, салбыраңқы, еселеңкі, жуынды, үйінді, жасанды, еленді, асырмалы, үрмелі, жаппалы, көшпелі, қонымды, төзімді, қаламды, күремді, қап(б)аған, теп(б)еген, байлаулы, ілулі, қазба, езбе, бұрма, бүрме, аспа, еспе*, т.б.

Күрделі сын есімдер – екі немесе одан да көп түбір сөздердің тіркесуінен, бірігуінен, қосарлануынан, қайталануынан немесе қарсы мәнділігінен құралған сын есімдер.

Тіркескен сын есімдер – мағыналары бөлек екі сөздің тіркесінен жасалған күрделі сын есімдер.

Тіркесу арқылы жасалған күрделі сын есімдерде сөздер бөлек жазылады. Мысалы: *ала қасқа, ақ құба, ақ шулан, ат жақты, бидай өңді, қара көк, қара күрең, қою қара сақалды, қою қалың қара, қызыл ала, қызыл шырайлы, сары ала, тым ұзақ, ұзын бойлы, т.б.*

Біріккен сын есімдер – мағыналары бөлек екі сөздің бірігіп бір сөзге айналған күрделі сын есімдер.

Бірігу арқылы жасалған күрделі сын есімдерде сөздер бірігіп, бір сөз болып жазылады. Мысалы: *аппақ, алакөк, көкала, көкпеңбек, қарала.*

Қосарланған сын есімдер – біріншісі күшейткіш буын, екіншісі негізгі сын есім болатын екі сөздің қосағынан жасалған күрделі сын есімдер.

Қосарлану негізінде күшейткіш буын арқылы жасалған, тек *ақ, көк* сөздерінен жасалған (*алакөк, аппақ, көкала, көкпеңбек*) күрделі сын есімдерінен басқа күрделі сын есімдер дефис “-” арқылы жазылады. Мысалы: *ап-арық, беп-берекелі, боп-боз, жап-жасыл, жұп-жуас, құп-құрғақ, қып-қызыл, сеп-семіз, сұп-суық, тәп-тәтті, тап-таяз үп-үлкен.*

Қайталанған сын есімдер – мағыналары бір екі сын есімнің қайталауынан жасалған күрделі сын есімдер.

Қайталану негізінде жасалған күрделі сын есімдер дефис “-” арқылы жазылады. Мысалы: *биік-биік, бор-бор, жақсы-жақсы, жаман-жаман, қайта-қайта, қар-қар, мая-мая, су-су, төбе-төбе, үлкен-үлкен.*

Қарсы мәнді сын есімдер – мағыналары бір-біріне қарсы болатын, бір сұраққа жауап беретін дара сын есімдердің қосарлануынан жасалған күрделі сын есімдер.

Қарсы мәнді сын есімдер дефис “-” арқылы жазылады.

Мысалы: *ағалы-інілі, алыс-беріс, ақ-қара, апалы-сіңлілі, ашық-жабық, ащы-тұщы, ашық-жабық,, берекелі-берекесіз, дұрыс-бұрыс, жақсылы-жаманды, көңілді-көңілсіз, қызықты-қызықсыз, оңды-солды, оң-теріс, сауатты-сауатсыз, үлкен-кіші.*

Сын есімнің шырайлары – заттардың, іс-әрекеттердің бір тектес сындық, мөлшерлік, сапалық дәрежесінің бір-бірінен айырмашылығын (артық-кемдігін) білдіретін сын есімнің категориясы.

«Шырай» деген сөздің мағынасы «оң, түр, кейіп, көрік, ажар» дегендерді білдіреді.

Шырай категориясы әр түрлі сапаны емес, керісінше, ұқсас заттардың, іс-әрекеттердің біркелкі сындық, мөлшерлік, сапалық дәрежесін салыстыруға қызмет етеді.

Сын есімнің төрт түрлі шырайы бар *жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай:*

1) *Жай шырай* – заттың, іс-әрекеттің *сапасын, түрін, түсін, салмағын, мөлшерін, көлемін, дәмін* т.б. белгілерін көрсететін сын есімдер. Жасалу жолдары: ешбір қосымшасыз түбір және туынды сын есімдерден жасалады. Мысалы: *ақ, ақылды, ауыр, биік, жеңіл, жұмсақ, жылдам, қызыл, өнімді, ұзын, ұтымды, үлкен, тәтті, тез, шабан,* т.б.

2) **Салыстырмалы шырай** – заттың, іс-әрекеттің сындық белгісін екінші затпен салыстырғанда кем не артық екенін көрсететін сын есімнің формасы.

Сапалық сын есімдерден салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар: *рақ, рек, ырақ, ірек; лау, леу, дау, деу, тау, теу.* Мысалы: *алыстау, арықырақ, баяуырақ, жұмсақырақ, жылдамдау, кеңірек, қаттылау, қызылдау, сарырақ, тезірек, терістеу, шабандау, үлкендеу, ірілеу, ірірек,* т.б.

Жекеленген сын есімнен салыстырмалы шырай жасайтын жұрнақтар: *ғыл, ғылт, қылт, ғылым, қылтым; шыл, шіл, шылтым, шілтім; ғыш, гіш, ылдыр, ілдір, аң, қай, ша, ше.* Мысалы: *бозғыл, бозғылт, сұрғылт, қышқылт, бозғылтым, қышқылтым; ақшыл, көкшіл, ақшылтым, көкшілтім; сарғыш, көгілдір, қуаң,*

қоңырқай, сұрша, көкше, т.б.

3) **Күшейтпелі шырай** – заттың, іс-әрекеттің біркелкі сындық белгісінің бір-бірінен не өте *артық*, не өте *кем* екенін көрсететін сын есімнің формасы.

Күшейтпелі шырай сапалық сын есімнің алдына *күшейтпелі* буындарының қосарланып, алғашқы буынның қысқарып, оған (*ны*) дыбысын белгілейтін әріп жалғануымен жасалады және бұл буындар, **апнақ** және **көкпеңбек** сөздерінен басқаларында, дефис “-” арқылы жазылады. Мысалы: *ап-ауыр, әп-әдемі, боп-боз, жап-жарық, жып-жылы, қап-қалың, қап-қара, қып-қызыл, қып-қысқа, сап-сары, сеп-семіз, сұп-сұлу, тап-таза, топ-толық, үп-үлкен*, т.б.

4) **Асырмалы шырай** - заттың, іс-әрекеттің сынын салыстырусыз асыра не көтеріп, не төмендетіп көрсететін сын есімнің формасы.

Асырмалы шырай сын есімге *аса, әбден, кіл, кілең, нағыз, нақ, орасан, өңшең, өте, тамаша, тым, тіпті, шымқай, ылғи, ыңғай* сияқты күшейткіш үстеулерінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы: *аса маңызды, аса терең, ең әдемі, ең мықты, кіл күштілер, кілең ақындар, кілең батыр, нағыз ер, нағыз шешен, нақ салмақты, орасан зор, орасан шыдамды, өңшең жүйрік, өте әдемі, өте жарық, тым ауыр, тым биік, тіпті жақын, тіпті ұзақ, шымқай ашық, ылғи суық, ыңғай тірлік*, т.б.

Сапа сын – шырай арқылы түрлене алатын сын есімнің түрі. Мысалы: *жақсырақ, көңілдірек, өте көңілді, жап-жасыл, сарылау, бозаң, үп-үлкен*.

Қатыстық сын – шырай арқылы түрлене алмайтын сын есімнің түрі. Мысалы: *аталық, балалық, байпақшаң, жүгенсіз, көйлексіз, күзгі, қалалық, түскі*.

Сын есім емлелері:

1) *Күшейткіш үстеу* арқылы жасалған *күрделі* сын есімдер бөлек жазылады: *ең әдемі, шымқай қара, тым аласа, кілең жүйрік, орасан зор, өте ақылды*, т.б.

2) Егер сын есім анықтауыш қызметінде тұрса, онда ол ешқашан *тәуелденбейді, көптелмейді, септелмейді*.

3) Егер сын есім баяндауыш қызметінде тұрса, онда жақтық тұлғаны қабылдай алады.

Сын есімнің заттануы - субстантивтенуі

Сын есім өзінің сындық мағынасын сақтап, оның үстіне заттық мағынаға да ие болып қолданыла алады. Мысалы: *білімдіні тыңда, жүйріктен озбайсың, күштімен алыспа, қызылға қызықпа*.

Мұндай сын есімдер *заттанған* сын есімдер болады. Заттанған сын есімдер әдетте өзі қатысты заттың орнына жұмсалады. Мысалы: *ақылды адамды тыңда – ақылдыны тыңда, ауыру адамды ая – ауыруды ая, үлкен адамды сыйла – үлкенді сыйла*.

Сын есімнің зат есімге айналу (заттану) ережелері:

1) Егер кейбір сын есім болатын сөзге зат есім тіркеспесе, онда осы сөз әрі зат есім, әрі сын есім қызметін атқарады. Мысалы: *ақ, қара, қызыл, көк, салқын, суық, жақын, сары*, т.б.

2) Егер сын есім болатын сөзге *көптік, септік, тәуелдік, жіктік* жалғауы жалғанса, онда осы сөз зат есімге айналады. Мысалы: *ақ+қа, ақ+пен, ақ+тар+ға, ақ+тар+ды, ақ+ты*, т.б.

3) Кейде қосымшасыз сын есім зат есімге айналады. Мысалы: Ол оның *тұңғышы*, т.б.

I.1.2-Кестеде Сын есім формалары көрсетілген.

I.1.2-Кесте. Сын есім формалары

Сын есім - заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түрін және басқа да сыр-сипаттарын білдіреді. қандай? қай? (қалай?) деген сұрақтарға жауап береді. Сөйлемнің анықтауыш қызметін атқарады.	Дара сын есім тек бір сөзден тұрады	туынды сын есім (морфологиялық тәсіл арқылы жасалу)	негізгі сын есім - түбір сөздер. Ақ, көк, жақсы, қызық.	жақсы, әдемі, қызыл, т.б.
			Есім негізді	Есімдерден сын есім тудыратын өнімді жұрнақтар: -қы,-кі,-ғы,-гі,-лы,-лі,-ды,-ді,-ты,-ті,-сыз,-сіз,-шыл,-шіл,-дай,-дей,-тай,-тей,-лық,-лік,-дық,-дік,-тық,-тік,-лас,-лес,-дас,-дес,-тас,-тес,-шаң,-шен Есімдерден сын есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар: -ыл,-іл,-л,-ал,-ел,-дар,-дер,-тар,-тер,-и,-паз,-мпаз,-ымпаз,-імпаз,-қой,-ғой,-қор
			Етістік негізді	Етістіктерден сын есім тудыратын өнімді жұрнақтар: -қ,-к,-ық,-ік,-ақ,-ек,-уық,-уік,-ыңқы,-нқы,-інкі,-нкі,-ынді,-інді,-нды,-нді,-малы,-мелі,-балы,-белі,-палы,-пелі,-қыш,-кіш,-ғыш,-гіш,-шақ,-шек,-ымды,-імді,-мды,-мді,-улы,-улі,-қақ,-кек,-ғақ,-гек,-ма,-ме,-ба,-бе,-па,-пе Етістіктерден сын есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар: -ыс,-іс,-с,-қыр,-ғыр,-кір,-гір,-мыс,-мыш,-ымтал,-імтал,-қы,
				ақылды, ақылсыз, ішкі, таудай, ашушаң, т.б. тарихи, сәнқой, өнерпаз, хабардар т.б. ашық, сезгіш, ұтқыр, жасанды, т.б. қағыс, ұшқалақ, келімсек, т.б.

				-кі, -ғы, -гі, -ыр, -ір, -ар, -ер, -р, -у, -аған, -еген, -ын, -ін, -н, -қалақ, -келек, -ғалақ, -телек, -алақ, -елек, -анақ, -ғылықты, -гілікті, -қылықты, -кілікті, -мсақ, -мсек, -ымсақ, -імсек	
Күрделі сын есім - бернеше сөзден тұрады (синтаксистік тәсіл арқылы жасалу)	қос сөзді сын есім. Сын есімнің қосарлануы арқылы күшейтпелі мағынада болатын сын есімдер			қып-қызыл, қоп-қоңыр, ұсақ-түйек, қоғамдық-саяси, т.б.	
	тіркес сөзді сын есім. Екі сын есімнің тіркесуі арқылы жасалған сын есімдер			кең маңдайлы, күрең қызыл, т.б.	
	тұрақты тіркес.			тілі ұзын, күн көтерілер т.б.	
	Сапалық сын есім - мағынасы жағынан заттың әр-алуан сыр-сипатын және сөздің басқа да қасиет-белгілерін білдіретін сөздер. Шырай арқылы түрлене алады.			қызыл, өте жақсы, қаралау, күштірек, т.б.	
Шырай категориясы -	Қатыстық сын есімдер - бір заттың белгісін басқа бір заттың не іс-амалдың қатысы арқылы білдіретін сөздер. Басқа сөз табынан жасалған туынды сөздер.			ағаштай, арманшыл, таулы, т.б.	
	жай шырай - шырай түрлерінің бәріне негіз болады, арнайы грамматикалық көрсеткіштері, қосымшалары жоқ.			жақсы, әдемі, қызыл, т.б.	

сын есімнің біртектес сапалық сынның бір-бірінен айырмашылығын анықтайды.	салыстырмалы шырай - аналитикалық тәсілмен жасалады, заттың ұқсас сапаларының артық кемдігін жұрнақ жалғау арқылы салыстыра көрсетеді.	-рақ, -рек, -ырақ, -ірек, -лау, -леу, -дау, -тау, -теу, -қыл, -ғыл, -қылт, -ғылт, -қылтым, -ғылтым, -шыл, -шіл, -шылтым, -шілтім, -аң, -қай, -ғыш	жақсырақ, әдемілеу, қызыл, т.б.
	күшейтпелі шырай - қос сөз түрінде келеді, күшейтпелі буын арқылы жасалады. Қап-қара, қып-қызыл.	күшейткіш буын арқылы	жап- жақсы, әп- әдемі, қып- қызыл, т.б.
	асырмалы шырай - күшейткіш үстеулер арқылы жасалып, мынның мағынасы не артық, не кем екендігін білдіреді.	өте, тым, тіпті, нағыз, ең, нақ, аса	өте жақсы, ең әдемі, тым қызыл, т.б.

I.1.3 Сан есім

Бұл тақырыпта қазақ тілінің негізгі сөз таптарының бірі «Сан есім» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 6] дереккөздері пайдаланылды.

Сан есім – заттың санын, мөлшерін, шамасын, ретін білдіріп, *қанша, неше, нешеу, қаншасы?, нешесі?, нешінші?* деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

Сан есімдер жеке тұрғанда абстракт сандық ұғымдардың атаулары болатындықтан, нақты мағыналары басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу кезінде, оларды сан жағынан анықтау барысында айқындалады.

Сан есімдер өзі анықтайтын сөздің алдынан келіп, атау тұлғасында тұрады, субстантивтенгенде (заттанғанда) *көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі*.

Сан есімдер морфологиялық құрамына қарай негізгі сан есімдер және туынды сан есімдер болып екіге бөлінеді.

Сан есімдер мағынасына қарай есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есім, және бөлшектік сан есім болып алты түрге бөлінеді.

Негізгі сан есімдер – тек қана есептік сандардан құралған сан есімдер. Мысалы: *бір, екі, үш, он жеті, жиырма төрт, отыз бес, қырық бір, екі жүз алпыс бес, бір мың тоғыз жүз елу екі*, т.б.

Туынды сан есімдер – негізгі есептік сан атауларына *ар, ер, ау, еу, дай, дей, тай, тей, лап, леп, дап, деп, тап, теп, ыншы, інші* қосымшалары қосылу арқылы жасалады. Мысалы: *бір+ер→бірер, алты+ау→алт(ы)ау, үш+еу→үшеу, мың+дай→мыңдай, жүз+дей→жүздей, қырық+тай→қырықтай, бес+тей→бестей, жиырма+лап→жиырмалап, елу+леп→елулеп, алпыс+тап→алпыстап, бес+теп→бестеп, мың+дап→мыңдап, сексен+деп→сексендеп, оныншы→он+ыншы, екінші→ек+інші*, т.б.

Туынды сан есім құралу тәсіліне қарай дара сан есімдер, күрделі сан есімдер болып екіге бөлінеді.,

Дара сан есімдер – атауы жалғыз (бір) сөзден құралған негізгі және туынды сан есімдер. Мысалы: *нөл-0, бір-1, екі-2, үш-3, төрт-4, бес-5, алты-6, жеті-7, сегіз-8, тоғыз-9, он-10, жиырма-20, отыз-30, қырық-40, елу-50, алпыс-60, жетпіс-70, сексен-80, тоқсан-90, жүз-100, алты, елудей, ондаған, мыңдар, алтау, жүздеген, миллиондаған, оныншы, жетінші, жиырмалап, елулеп, алпыстап, сексендеп*, т.б.

Күрделі сан есімдер – екі немесе одан да көп түбірдің тіркесуінен немесе сөздердің қосарлануы мен қайталануынан құралған сан есімдер.

Мысалы:

1) екі немесе одан да көп түбірдің тіркесуінен құралғандар: *жиырма бес, қырық шақты, сексен алты, тоғыз бүтін алтыдан үш, үш ширек, жүз мыңдай*, т.б.,

2) сөздердің қосарлануы мен қайталануынан құралғандар: *екі-екіден, жеті-сегіз, бес-алты, тоғыз-тоғыздан, жиырма-отыздай, бір-бірден, сексен-тоқсандай*.

3) сөздердің дыбыстық өзгеріске ұшырап кірігуіне жасалған күрделі сан есімдер: *сексен – сегіз он, тоқсан – тоғыз он*
Есептік сан есімдер – заттың нақты санын, есебін білдіріп, *қанша? неше?* деген сұрақтарға жауап беретін сан есімдер.

Есептік сан есімдер дара және күрделі формасында болады.

Мысалы:

1) *бір (1), жиырма (20), елу (50), жетпіс (70), сексен (80), тоқсан (90), жүз (100), мың (1000)* – дара есептік сан есімдер;

2) *алпыс үш (63), бір жүз он бес (115), екі мың үш жүз қырық тоғыз (2349), он миллион екі жүз қырық мың алты жүз отыз жеті (10 240 637)* – күрделі есептік сан есімдер.

Есептік сан есім сан есімнің басқа түрлерін жасауға негіз болады.

Реттік сан есімдер – заттың саналу ретін білдіріп, *нешінші?* деген сұраққа жауап беретін сан есімдер.

Есептік сан есімдерге *ыншы, інші, нышы, нші* жұрнақтары жалғанып, реттік сан есімдер жасалады. Мысалы: *алпысыншы,*

елуінші, алтыншы, екінші, жүзінші, мыңыншы, оныншы, қырық тоғызыншы, отыз бесінші, алпыс алтыншы, жетінші, т.б.

Жинақтық сан есім – заттың *жинақталған* санын көрсететіп, *нешеу?* деген сұраққа жауап беретін сан есімдер.

Жинақтық сан есім бірден жетіге дейінгі сан есімге *ау, еу* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу.*

Болжалдық сан есім – заттардың санын дәл білдірмей, шамамен, мөлшермен *болжап* көрсетіп, *қанша? неше? қаншадан? нешеден? қай шамалы? қандай мөлшерлі?* деген сұраққа жауап беретін сан есімдер.

Болжалдық сан есімдер мына тәсілдермен жасалады:

1) *лаған, леген, даған, деген, таған, теген, лап, леп, дап, деп, тап, теп, дай, дей, тай, тей* жұрнақтары арқылы. Мысалы: *жиырмалаған, елулеген, мыңдаған, жүздеген, қырықтаған, жетпістеген; жиырмалап, елулеп, бір-бірлеп, екеулеп, отыздап, жүздеп, алпыстап, жетпістеп; тоқсандай, мыңдай, екі жүздей, қырықтай, жетпіс бестей; т.б.*

2) Есептік сан есімдерге *көптік жалғауы* мен *барыс, жатыс септік жалғауының* жалғануы арқылы.

Мысалы: *қырық+тар-да, алты+лар-ға, т.б.*

3) Есептік сан есімдердің *қосарлануы* арқылы жасалады. Мысалы: *екі-үш, отыз-қырық, елу-алпыстай, жүз-жүзден, мың-мыңдап, т.б.*

4) Есептік сан есімдерге *шамалы, шақты, қаралы, таман, тарта, жуық, жақын* деген сөздерінің тіркесуі арқылы. Мысалы: *елу шамалы, он шақты, мың қаралы, жетіге таман, алпысқа тарта, отызға жуық, сексенге жақын, тоқсанға жуық, мыңға жақын, т.б.*

Топтау сан есім – заттың санын *топтап* көрсетіп, *нешеден? қаншадан?* сұрақтарына жауап беретін сан есімдер.

Топтау сан есімдер дара сан есімдер мен *қосарланған сан есімдерге шығыс септік* жалғауы жалғануы арқылы жасалады.

Мысалы:

1) дара түрде: *үштен, қырықтан, жүзден, тоқсаннан, алтыдан, сексеннен, үшеуден*, т.б.

2) күрделі түрде: *он екіден, жиырма алтыдан, қырық бесден, екі жүз оннан*, т.б.

3) қосарланған түрде: *бір-бірден, екеу-екеуден, сегіз-сегізден, бес-алтыдан, отыз-отыздан, елу-алпыстан, жүзден-жүзден*, т.б.

Бөлшектік сан есімдер – заттың бөлшектік санын білдіретін сан есімдер.

Бөлшектік сан есімдер *екі* түрде қолданылады:

1) жай бөлшек: *үштің бірі (1/3), жетіден үш (3/7), онның үші (3/10), жүзден жиырма жеті (27/100)*, т.б.

2) ондық бөлшек: *үш бүтін жүзден он төрт (3,14), жеті бүтін оннан бес* немесе *жеті жарым (7, 5), он бес бүтін мыңнан үш жүз сексен тоғыз (15, 389)*, т.б.

Күрделі сан есімдерінің емлелері:

1. Күрделі сан есімнің әр сыңары бөлек жазылады. Мысалы: *жетпіс жеті, он екінші, мың тоғыз жүз сексен алты, он алтыдан, жиырма беске*, т.б.

2. Цифрмен таңбаланатын дара және күрделі сан есімдерге жалғау *дефис* арқылы жалғанады. Мысалы: *6-дан, 13-ке, 50-ге, 61-ден, 90-ға, 125-тен, 1000-нан*.

3. Реттік сан есімдер араб цифрымен берілсе, *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнағының орнына *дефис* қойылады. Мысалы: *10-сынып, 3-қатар, 2-орын, 18-орын, 7-көше*, т.б.

2. Реттік сан есімдер рим цифрымен берілсе *дефис* қойылмайды. Мысалы: *III бөлім, XXI ғасыр, VII конгресс, X сынып, II том, XXI ғасыр*, т.б.

3. *Екі, алты, жеті* сандарына *жинақтық* сан есімнің *ау, еу* жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңындағы *ы, і* дауысты дыбыстары түсіп қалады. Мысалы: *алты+ау→алтау, бес+еу→бесеу, екі+еу→екеу, жеті+еу→жетеу*.

4. Цифрмен жазылған сан есімдерге *болжалдық* сан есімнің қосымшалары *дефис* арқылы жалғанады. Мысалы: *2-дей, 6-ларда, 5-деген, 40-тай, 70-тей, 90-дай, 100-деп, 100-деген, 1000-даған, 1000 000 000-таған*, т.б.

5. Қосарлану арқылы жасалған *болжалдық* сан есімдер сөзбен жазылса да, цифрмен жазылса да арасына *дефис* қойылады. Мысалы: *екі-үш жыл (2-3 жыл), 50-60 бала (елу-алпыс бала), 5-6 кітап (бес-алты кітап)*.

6. Бөлішектік және *болжалдық* сан есім жасайтын сөздерге өзі тіркескен сандар сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де *бөлек* жазылады. Мысалы: *бес жарым – 5 жарым, алпыс шақты – 60 шақты, жүзге тарта – 100 тарта, елуге жуық – 50-ге жуық, жиырмаға таман – 20-ға таман, бір ширек – 1 ширек*, т.б.

7. Қосарлану арқылы жасалған *топтау* сан есімдері сөзбен берілсе де, цифрмен берілсе де *дефис* арқылы жазылады. Мысалы: *1-1-ден – бір-бірден, 30–30-дан – отыз-отыздан, бес-бестен – 5-5-тен, он-оннан – 10-10-нан*, т.б.

8. Күн, жыл аттарымен тіркесіп келген сан есімдер араб цифрымен берілсе де *дефис* қойылмайды. Мысалы: *1952 жыл, 16 маусым, 2000 жыл, 2 қыркүйек, 1957 жыл, 29 қазан, 40 жас, 10 бала, 100 оқушы, 1000 адам*.

I.1.3-Кестеде Сан есім формалары көрсетілген.

І.1.3-Кесте. Сан есім формалары.

Сан есім - заттың санын, мөлшерін, ретін, шамасын білдіретін сөз табы. Сан есім өзі анықтайтын сөздің алдынан келіп, атау тұлғасында тұрады, субстантивтенгенде (заттанғанда) көптеледі, жіктеледі, тәуелденеді, септеледі. Сөйлем ішінде пысықтауыш, анықтауыш бола алады.	Сан есім негізі құрамына қарай бөлінеді	Дара	Негізгі сан есімдер - негізгі сан есімдер қатарына тек қана есептік сандар жатады.	бір, екі, үш, төрт, бес, т.б.
			Туынды сан есімдер - негізгі есептік сан атауларына сан есімнің мағыналық түрлерін жасайтын жұрнақтар жалғануы арқылы жасалады	бірінші, екесу, үштен, төрттей, т.б.
	Күрделі		Тіркесу арқылы - кемінде екі түбір морфемадан бірігу арқылы жасалған зат есімдер.	он бір, жиырма үш, т.б.
			Қосарлану арқылы - екі түбір морфемадан қосарланып жасалған зат есімдер	бір-екі, бес-алты, т.б.
	Сан есімнің мағыналық түрлері		Есептік сан есім - жалпы заттың, зат есімнен туған сындық белгінің немесе іс-әрекет, амалдың ұзын-ұрға саны, сандық мөлшерін білдіру үшін қолданылады.	бір, екі, үш, төрт, бес, т.б.
			Реттік сан есім - белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық ретін білдіру үшін қолданылады.	бірінші, екінші, үшінші, т.б.

		Жинақтық сан есім - бұл сөздердің негізгі мағынасы абстракт сан мөлшерін білдіргендіктен, олар үнемі субстантивтініп жеке қолданылады.	-ау, -еу	біреу, екеу, үшеу, т.б.
		Топтау сан есім - есептік, жинақтық, болжамдық сан есімдерге, қазіргі кезде шығыс септікке тән грамматикалық мағынадан біржола қол үзген -дан (-ден, -тан, -тен) аффиксін қосу арқылы жасалады да, біркелкі заттар мен құбылыстардың сан мөлшердің топтап көрсетеді.	-дан, -ден, -тан, -тен, -нан, -нен	бірден, екіден, үштен, төрттен, т.б.
		Болжалдық сан есім - белгілі бір заттар мен құбылыстың сан мөлшерін дәл атамай, тұспалдап қана шамамен атайтын сөздер.	-дай, -дей, -тай-тей, -даған, -деген, -таған, -теген, -ер, -лап, -леп, дап, -деп, -лар+септік жалғауы+есептік+есептік	бірдей, ондаған, жүздеген, т.б.
		Бөлшектік сан есім - негізінде таза математикалық ұғымға байланысты туған сөздер. Олар белгілі бір заттар мен құбылыстардың сандық бөлшегін білдіреді.	есептік+шығыс септік, жарты, жарым, ширек	жүзден бір, мың жарым, төрт ширек, т.б.

I.1.4 Есімдік

Бұл тақырыпта қазақ тілі сөз таптарының бірі «Есімдік» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 7] дереккөздері пайдаланылды.

Есімдік – заттың атын, сынын, санын, олардың атын білдірмейтін, бірақ зат есім, сын есім және сан есімнің орнына қолданылып, соларды нұсқап, меңзеп, сілтеп көрсететін сөз табы.

Есімдіктің нақтылы мағынасы өзінен бұрын айтылған сөйлемге немесе жалпы сөйлеу интонациясына қарай айқындалады.

Есімдіктер мағыналарына қарай *жіктеу есімдіктері, сілтеу есімдіктері, сұрау есімдіктері, өздік есімдіктері, жалпылау есімдіктері, болымсыздық есімдіктері, белгісіздік есімдіктері* деген жеті топқа бөлінеді.

Жіктеу есімдіктері – белгілі бір затқа, адамға қатысты жақтық ұғыммен байланысты қолданылатын және үш жағы мен жекеше, көпше түрі болатын есімдіктердің түрі. Оларға *мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар* деген сөздер жатады.

Есімдіктердің де септеу жүйесі басқа есімдерімен негізінде бір ізді болғанымен, олардың әр тобына тән кейбір ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы: жіктеу есімдіктерінің жекеше түрлері төмендегінше септеледі:

Атау	<i>Мен</i>	<i>сен</i>	<i>Ол</i>
Ілік	<i>Менің</i>	<i>сенің</i>	<i>Оның</i>
Барыс	<i>Маған</i>	<i>саған</i>	<i>Оған</i>
Табыс	<i>Мені</i>	<i>сені</i>	<i>Оны</i>
Жатыс	<i>Менде</i>	<i>сенде</i>	<i>Онда</i>
Шығыс	<i>Менен</i>	<i>сенен</i>	<i>онан (одан)</i>
Көмектес	<i>Менімен</i>	<i>сенімен</i>	<i>Онымен</i>

Бұдан, басқа есімдерге қарағанда, жіктеу есімдіктерінің ерекше септелетіні көрінеді. Бірақ бұл ерекшелік олардың көпше түрлеріне және *сіз* деген есімдіктерде кездеспейді, соңғылар (*сіз, біз, сендер, сіздер*) септеу жағынан басқа есімдерге ұқсас келеді.

Сілтеу есімдіктері – нұсқау, меңзеу, көрсету мағыналарын білдіретін есімдіктердің түрі. Оларға *ана, анау, әне, бұл, мына, мынау, міне, ол, осы, осынау, сол, сонау* деген сөздер жатады. Бұл есімдіктер сілтеу, көрсету, нұсқау сияқты ишараттарды білдіріп, *қай? қайсы?* деген сұрауларға жауап беретін сөздер.

Сұрау есімдіктері – жауап алу мақсатымен қойылған сұрау мәнді есімдіктердің түрі. Оларға *кім? не? қандай? қай? қанша? неше? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайдағы?* деген сөздер жатады. Бұлардан басқа да бірнеше сұрау есімдіктері бар, бірақ олар белгілі жолдармен жоғарыда көрсетілген негізгі сұрау есімдіктерінен жасалған есімдіктер.

Өздік есімдік – әр тұлғада түрленіп *тәуелденіп, көптеліп және септеліп* қолданылатын **өз** деген жалғыз ғана сөз. Оның тәуелденуі: *өзім, өзің, өзіңіз, өзі;* көптелуі: *өзіміз, өздеріміз, өздеріңіз, өздері;* септелуі: *өзімнің, өзіңнің, өзінің.*

Жалпылау есімдіктері – мағына жағынан кем дегенде екі немесе одан көп заттар мен құбылыстарды жинақтай атау үшін қолданылатын сөздер. Жалпылау есімдіктеріне *жалпылау, жинақтау* мағынасын білдіретін *бәрі, барлық, бар, барша, бүкіл, күллі, бүтін, түгел, тегіс* деген сөздер жатады.

Болымсыздық есімдіктер – **еш** деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалып, бірге жазылатын есімдер түрі. Оларға *бір, кім, қайда, қайдан, қайсы, қандай, қашан, нәрсе, теме, теңе* деген есімдіктердің бірігуі арқылы жасалып, бірге жазылатын *ешбір, ешкім, ешқайда, ешқайдан, ешқайсы, ешқандай, ешқашан, ешнәрсе, ештеме, ештеңе* деген болымсыздық мағынаны білдіретін сөздер жатады. Ал **еш** сөзі басқа сөздермен (мысалы, зат есімдермен) тіркесіп келгенде, бөлек жазылады: *еш адам, еш оқиға, еш кітапта, еш жерде, еш уақытта, еш мүмкіндік* және т.б.

Болымсыздық сөйлемде болымсыздық мағына білдіретін *емес, жоқ* деген сөздермен және етістіктің болымсыз түрімен байланысты қолданылады. Мысалы: *ешкім айтқан емес; ешкім айтқан жоқ; ешкім айтпады* және т. б.

Болымсыздық есімдіктерінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

– *ешкім, ешқайсысы, ештеме, ештеңе, дәнеме, дәнеңе* деген болымсыздық есімдіктер сөйлемде зат есім орнына қолданылып, *кім, не?* деген сұраққа жауап берсе, *бастауыш* қызметін атқарады.

– *ешқайда, ешқайдан, ешқашан* есімдіктері *мезгілдік, мекендік* мәнде жұмсалып, *нысықтауыш* болады.

– *ешқандай* есімдігі *қандай?* сұрағына жауап беріп, заттың сынын білдіріп, *анықтауыш* қызметін атқарады.

Мысалы: *Ешқайсысы (кім?) келген жоқ. Ешқашан (қашан?) өтірік айтпа. Ешқандай (қандай?) жұмыс табылмады.*

Белгісіздік есімдіктер – затты, сындық белгіні, сан мөлшерді *жорамалдап, тұспалдап* көрсететін мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздер. Оларға *әлде, әлдекім, әлдеқалай, әлдеқашан, әлдеқайда, әлдеқайдан; әлдене, әлденеше, әр, әрбір, әрбіреу, әркім, әрқашан, әрқандай, әрқайсысы, әрне, бір, біреу, кейбір, кейбіреу, қайбір, қайбіреу, біраз, бірдеме, бірнеше, кімде-кім* деген сөздер жатады.

Белгісіздік есімдіктердің жасалауына *әлде, әр, бір* деген үш сөз ұйытқы болып қызмет атқарады. Белгісіздік есімдіктер осы сөздердің кейбір басқа есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады. Мысалы:

– *әрбір, бірдеме, біреу, бірнеше, кейбір, кейбіреу, қайсыбір;*

– *әрине, әркім, әрқайсы, әрқалай, әрне,*

– *әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан (алдақашан).*

Белгісіздік есімдіктерінің ерекшеліктеріне мыналар жатады:

– *әлде, әр, бір, кей, қай* сөздері басқа *аз, біреу, кім, не, бір, қашан, қалай, қайда*, есімдіктерімен тіркескенде бірге жазылады: *әлдебіреу, әркім, әрқалай, біраз, кейбіреу, қайсыбір*, т.б.

– басқа сөз таптарымен тіркескенде бөлек жазылады: *кей күні, бір бала, әр адам*, т.б.

– *әлдене, әркім, әрқайсысы, әрне, біреу, бірдеме, кейбіреу, кімде-кім, қайсыбіреу* белгісіздік есімдіктері зат есім орнына

жұмсалып, сөйлемде бастауыш болады. Мысалы: *Әлдене (не?) елең етті. Әркім өз ойын айтты. Әрқайсысы (кім?) бөлек жазды. Біреу (кім?) бірдеме (не?) деді ме? Кейбіреу (кім?) кешікті.*

– *әр, әрбір, бірнеше, кейбір, қайбір, қайсыбір* есімдіктері сын есім орнына жұмсалып, сөйлемде анықтауыш болады. Мысалы: *Әрбір (қай?) адам өзі үшін жауап береді. Бірнеше (қанша?) оқушы әңгімелесіп тұр. Кейбір (қай?) оқиға еш ұмытылмайды. Қайсыбір (қандай?) адам келді.*

– *әлдеқайда, әлдеқайдан, әлдеқалай, әлдеқашан, әрқалай, әрқашан* есімдіктері үстеу мәнінде жұмсалып, сөйлемде пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Ол *әлдеқайда (қашан?)* келді. *Әрқашан (қашан?)* шындықты айту керек. *Әлдеқайдан (қайдан?)* бір дыбыс естілді. Оның ісі *әрқалай (қалай?)* болды. Ол жұмысын *әлдеқашан (қашан?)* аяқтады.

Есімдіктер – есім сөздердің орнына жүретін сөз табы болғандықтан, *жіктеліп* те, *көптеліп* те, *тәуелденіп* те, *септеліп* те қолданылады.

Есімдіктің жіктелеуі мен көптелуі

Жеке	Көп
мен	
біз	біздер
сен	сендер
сіз	сіздер
ол	олар

Есімдіктің тәуелденуі

	Ол	Бұл	мынау	кім	өз
Менің	Оным	Бұным	мынауым	кімім	өзім
Сенің	Оның	Бұның	мынауың	кімің	өзің
Сіздің	Оныңыз	Бұныңыз	мынауыңыз	кіміңіз	өзіңіз
Оның	Онысы	Бұнысы	мынауы	кімі	өзі
Біздің	Онымыз	Бұнымыз	мынауымыз	кіміміз	өзіміз
Сендердің	Оларың	Бұларың	мынауларың	кімдерің	өздерің
Сіздердің	Оларыңыз	Бұларыңыз	мынауларыңыз	кімдеріңіз	өздеріңіз
Олардың	олары (онысы)	Бұнысы	мынауы	кімдері	өздері

Есімдіктің септелуі

Атау	Мен	Сен	Ол	бұл	ешкім	бәрі
Ілік	Менің	сенің	Оның	бұның	ешкімнің	бәрінің
Барыс	Маған	саған	Оған	бұған	ешкімге	бәріне
Табыс	Мені	сені	Оны	бұны	ешкімді	бәрін
Жатыс	Менде	сенде	Онда	бұнда	ешкімде	бәрінде
Шығыс	Менен	сенен	одан (онан)	бұдан	ешкімнен	бәрінен
Көмектес	менімен	сенімен	Онымен	бұнымен	ешкіммен	бәрімен

Жіктеу, сілтеу есімдіктері септелгенде, мынадай ерекшелік байқалады:

- ілік, табыс, шығыс септіктерде түбірдегі **л, н** дыбыстары түсіп қалады;
- жатыс септікте түбірдегі **л** дыбысы **н** дыбысына айналады;
- көмектес септікте түбір мен қосымшаның арасында **ы** және **і** дәнекері пайда болады;
- барыс септік жуанданып, **л, н** дыбыстары түсіп қалған түбірге жалғау **ған** түрінде жалғанады.

Жіктеу, сілтеу есімдіктерінің ерекшеліктері

Атау	мен	сен	ол	Бұл	Сол
Ілік	ме-нің	се-нің	о-ның	бұ-ның (мұ-ның)	со-ның
Барыс	ма-ған	са-ған	о-ған	бұ-ған	со-ған
Табыс	ме-ні	се-ні	о-ны	бұ-ны (мұ-ны)	со-ны
Жатыс	мен-де	сен-де	он-да	бұн-да (мұн-да)	сон-да
Шығыс	ме-нен	се-нен	о-дан (о-нан)	бұ-дан (мұ-нан)	со-дан
Көмектес	мен-і-мен	сен-і-мен	он-ы-мен	бұн-ы-мен(мұн-ы-мен)	со-ны-мен

Есімдіктер *әртүрлі сөз табының* орнына жүретіндіктен, *барлық сөйлем мүшесінің қызметін* атқарады:

1. Есімдіктер *зат есімнің* орнына жұмсалып, *атау* тұлғада тұрып, *бастауыш* болады. Мысалы: *Олар (кімдер?) күтіп қалды. Сен (кім?) маған кел. Барлығы (кім?) келісті. Әркім (кім?) өзінше сөйледі. Өзі (кім?) айтып қойды.*

2. Есімдіктер *барыс, табыс, жатыс, шығыс* және *көмектес* септіктерінде тұрып, *толықтауыш* болады. Мысалы: *Бұл ешкімге (кімге?) керегі жоқ. Ешқайсысында (кімде?) сұрақ жоқ. Мынаны (нені?) үйге апар. Онымен (кіммен?) сен жақын бол.*

3. Есімдіктер *ілік* септігінің жалғауын жалғап және *сын* есімнің, *сан* есімнің орнына қолданылып, *анықтауыш* болады. Мысалы: *Барлығының (кімнің?) пікірі бір болды. Бұл (қай?) пікірді бәрі құптады. Ол бірнеше (қанша?) рет келді. Ешбір (қандай?) адам қалғысы келмейді.*

4. Есімдіктер *мезгіл, мекен* үстеулерінің орнына қолданылып, *пысықтауыш* болады. Мысалы: *Әңгіме әлдеқашан (қашан?) біткен. Ол ешқайда (қайда?) бармауы керек.*

5. Есімдіктер *жіктеліп* қолданылып, *сөйлемде* баяндауыш бола алады. Мысалы. Менің мақсатым – *осы*. Ата-анамыздың тірегі – *бізбіз*. Отанымыздың келешегі – *сендерсіңдер*.

Есімдіктер құрамына қарай екі түрге бөлінеді:

1. Дара есімдік бір сөзден тұрады: *мен, олар, сендерсіңдер, дәнеңе, анау, бәрі, күллі, қашан, сол, өз, кей, т.б.*

2. Күрделі есімдік екі түбірден жасалады: қосарлану арқылы: *кімде-кім, өз-өзіне; бірігу арқылы: әрқашан, кейбіреу, әрне, әрқалай, әлдебіреу, әлдеқайдан, ешкім, т.б.*

I.1.4-Кестеде Есімдік формалары көрсетілген.

І.1.4-Кесте. Есімдік формалары.

Есімдік негізі құрамына қарай бөлінеді	Дара	Негізгі есімдіктер	
		Туынды есімдіктер	
Есімдік - заттың атын, сынын, санын білдірмейтін, бірақ солардың орнына қолданылатын сөз табы.	Күрделі	Бірігу арқылы - кемінде екі түбір морфемадан бірігу арқылы жасалған есімдіктер.	мен, сен, ол, кім, не, т.б.
		Қосарлану арқылы - екі түбір морфемадан қосарланып жасалған есімдіктер	біреу, барлық, сонау, т.б.
	Жіктеу есімдік - үнемі жактық ұғыммен байланысты		ешкім, әрбір, т.б.
			кімде- кім, бірде- бір т.б.
	Сілтеу есімдік - сілтеу, көрсету, нұсқау сияқты ишараттарды білдіріп, қай? қайсы? деген сұрауларға жауап беретін атрибутивтік сөздер		мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар, т.б.
			бұл, осы, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне, т.б.
	Сұрау есімдік - сұрау мәнді сөздер		кім? не? неше? қай? қандай? қанша? қалай? қашан? т.б.
			өз, өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз, т.б.
	Өздік есімдік - өздік есімдікке жалғыз ғана өз сөзі жатады		біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме, әлдене, әлдеқайдан, т.б.
			еш, ешкім, ешбір, ештеме, дәнене, ешқашан, т.б.
Есімдіктің мағыналық түрлері	Белгісіздік есімдік - мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздер. Бір, әр, әлде деген сөз арқылы жасалады.		еш, ешкім, ешбір, ештеме, дәнене, ешқашан, т.б.
	Болымсыздық есімдік - еш деген сөзбен кейбір есімдіктердің бірігуі арқылы жасалады		бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, түгел, т.б.
Жалпылау есімдік - мағына жағынан кем дегенде екі я одан көп зат мен құбылысты жинақтай атауға қолданатын сөздер			

I.1.5 Етістік

Бұл тақырыпта қазақ тілінің негізгі сөз таптарының бірі «Етістік» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 8] дереккөздері пайдаланылды.

Етістік – заттың қимылын, іс-әрекетін, амалын, жай-күйін білдіріп, *не істеді? не қылады? қайтті?* деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

Етістіктердің лексикалық мағынасы қимыл, іс-әрекет, амал, жай-күй білдірумен бірге, олардың орындалу тәсілін де, қимылдық сипатын да білдіреді.

Етістіктер лексикалық мағыналарына қарай *негізгі етістіктер* және *көмекші етістіктерге* бөлінеді.

Негізгі етістіктер – өз алдына толық лексикалық мағыналары бар, тікелей сұраққа жауап бере алатын және сөйлем мүшесінің қызметін атқара алатын етістіктер. Мысалы: *ал, ас, ат, бар, бас, бер, бұр, кес, кет, күй, қал, ор, өр, сал, сой, сүй, теп, тер, тес, тос*, т.б.

Көмекші етістіктер – толық лексикалық мағынасы жоқ, сөйлем мүшесі бола алмайтын, тек есім сөздермен және мағыналы негізгі етістіктермен тіркесіп қолданылатын етістіктер. Мысалы: *ала бер* және *бара бер* деген етістіктерде *ала* және *бара* негізгі етістіктер, *бер* көмекші етістік болады, ал *су ішті* және *қымыз ішті* деген етістіктерде *су* және *қымыз* негізгі етістіктер, *ішті* мағыналы негізгі етістік көмекші етістік қызметін атқарып тұр.

Етістіктердің кейбіреулері әрі негізгі, әрі көмекші етістік мәнінде қатар жұмсала береді. Мысалы: Кейбір сөйлемдерде *жатып, болма, болсаң* дегендер көмекші етістік болса, *қонақтар жатып қалыпты, сен үйде болма, үйде болсаң, жұмыс істе* деген сөйлемдерде олар – негізгі етістіктер болады. Керісінше *айтқым келеді, таудан асып барады*, т.б. дегенде *келеді, барады* дегендер көмекші етістіктер, ал *айтқым, асып* негізгі етістіктер болады.

Алдын ала белгілі көмекші етістіктер – лексикалық мағынасы жоқ, негізгі етістік болып жұмсалмай, тек қана көмекші етістік мәнінде ғана қолданылатын етістіктер.

Алдын ала белгілі көмекші етістіктерге мыналар жатады: *е(еді, екен, емес), ет(еткен, етпеген, етпеді, етіп, етті), де(деді, деген, дейді, деп, дер, десе), жазда (жаздады, жаздаған, жаздайды, жаздап, жаздар, жаздаса)*. Мысалы: *алған еді, берген екен, болған емес, сабыр етті, мазақ еткен, қолдау етпеген, көмек етпеді, жәрдем етіп, саулық етті, ал деді, бер деген, жүр дейді, бар деп, сөйле дер, айт десе, құлай жаздады, ауыра жаздаған, қуа жаздайды, айта жаздап, кете жаздар, келе жаздаса*.

Етістіктер іс-әрекеттің болуына (жүзеге асуына) немесе болмауына (жүзеге аспауына) қарай *болымды етістіктер* немесе *болымсыз етістіктер* болып бөлінеді.

Болымды етістіктер – іс-әрекеттің болуын (жүзеге асатынын) көрсететін етістіктер. Мысалы: *апер, алып бер, алып кет, әкет, бар, барып кел, бер, беріп отыр, бұйт, бұлай істе, жаз, жазып жатыр, зыт, зытып бар, кез, кезіп кел, қаш, қашып бар, өрле, сат, сүйт (сөйт), солай істе, тұр, тұс, ұр, ұр, шула, іл, ыс, т.б.*

Болымсыз етістіктер – іс-әрекеттің болмауын (жүзеге аспауын) көрсететін, болымды етістіктерге *ма, ме, ба, бе, па, пе* жұрнақтарын жалғау (*синтетикалық тәсіл*) арқылы немесе жоқ, емес сөздерінің тіркесуі (*аналитикалық тәсіл*) арқылы жасалатын етістіктер. Мысалы: *алма, әкетпе, барма, берме, гулеме, жазба, зытпа, кезбе, қашпа, оқыма, өрлеме, сатпа, тұрма, түспе, үрме, ұрма, шулама, ілме, ыспа, керегі жоқ, оқыған жоқпын, пайдасы жоқ, білдірген емес, көрген емеспін, т.б.*

Етістіктер морфологиялық құрамына қарай *дара және күрделі етістіктерге* бөлінеді.

Дара етістіктер – бір сөзден тұратын етістіктер. ысалы: *ал, алды, барма, баршы, жетші, жетті, кел, келме*.

Дара етістіктердің бөлінуі:

- жасалуына қарай *түбір етістіктер* мен *туынды етістіктерге*;

- жасалу негіздеріне қарай *есім негізді етістіктер* мен *етістік негізді етістіктерге*.

Түбір етістіктер – морфологиялық жағынан *түбір* және *жұрнақ* деп бөлуге болмайтындай етістік формалары (пішіні). Мысалы: *айт, ал, алда, ақ, арба, ас, ат, аш, байла, бақырай, бар, бас, баста, бат, без, бер, биле, бол, бөр, де, ез, ер, ес, жайла, жап, же, жебе, жел, жет, жорт, жи, жар, жаз, жүз, жүгір, жыла, илан, қал, кет, көр, қос, өшір, тап, тасы, тара, тос, тоқы, тұрғыз, түс, үр, ұқ, шал, шай, шаш, іл, т. б.*

Қазақ тілінде өзге түбір сөздер сияқты, етістік түбірі де дамып, олардың қатары да бірте-бірте толығып, көбейіп отырады. Сондықтан түбір етістіктердің ішінде, туынды сөз есебінде жұмсалып, түбірі мен жұрнағын ажыратуға болмайтындай болып кеткен сөздер бар. Мысалы: *айт=ай+т, алда=ал+да, ар=ар+ба, байла=ба(у)й+ла, бақырай=бақ+ырай, баста=бас+та, болыс=бол+ыс, жайла=жай+ла, жорт=жоры+т, сөйле=сө(з)й+ле, тоқта=тоқ+та, тоқыра=тоқ+ыра, шегін=ше(к)г+ін, іл+ін, т.б.*

Бұлардағы теңдіктің оң жағындағы түбір саналып жүрген етістіктердің кейбіреулері жұрнақтардан деформацияланбай, ал кейбіреулері деформацияланып бөлшектенбейтін түбірлерге айналып кеткен.

Туынды етістіктер – түбірлерден арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған сөз негіздерінен тұрып, түбір мен жұрнаққа бөлінетін, бірақ туынды тұлға есебінде қолданыла беретін етістіктер. Мысалы: *айтқыз, арала, аяқта, баста, жуын, кіріс, қолда, сабала, сүйреле, тұрғыз, үймеле, шапқыла, т. б.*

Есім негізді етістіктер – етістіктерден өзге сөз таптарынан жасалатын етістіктер, олар арнаулы жұрнақтар арқылы зат есімнен, сын есімнен, үстеулерден, еліктеуіш сөздерден және одағайлардан жасалады.

Есімдерден етістік тудыратын жұрнақтарға мыналар жатады: *а, е, ар, ер, р, ал, әл, ыл, іл, л, қар, гар, кер, гер, ла, ле, да, де, та, те, лан, лен, дан, ден, тан, тен, лас, лес, дас, дес, тас, тес, лат, лет, дат, дет, ра, ре, ыра, іре, сы, сі, сын, сін, сыра, сіре, ық, ік, ымсы,*

імсi, ырай, ірей. Мысалы: ай+да, ай+лан, аз+ай, ақ(ғ)+ар, ара+лас, ас+а, әл+сіре, бай+ла, бас+та, би+ле, бір+лес, гу+лет, гуіл+дет, дауыл+дат, жас+ар, жыр+ла, жер+ле, ем+де, ем+ден, ес+ей, кезек+тес, кө(к)г+ер, кө(п)б+ей, көз+де, кө(к)г+ер, қара+й, қол+да, қол+дан, мол+ай, мін+е, мол+ай, ой+ла, ой+на, ортақ+тас, сипат+та, сурет+те, сұр+ле, сын+а, таза+р, тер+ле, той+ла, тоқпақ+та, түс+тен, үй+лен, шеге+ле, шу+лат, ыс+тан, іс+те.

Тек белгілі бір есімдерден, кейбіреулері тек санаулы ғана есімдер мен етістіктерден туынды етістік жасайтын әрі көне, әрі мандымсыз жұрнақтар мыналар: *ан, ен, ын, ін, н, ди, тый, ти, қа, ке, ға, ге, шы, ші, ы, і, ына, іне, ырқа, ірке, ырқан, іркен.* Мысалы: *ай+ы, ат+шы, бай+ы, бар+шы, ес+ірке, жас+ан, жас+ы, жан+ы, жан+шы, желп+і, желп+ін, кең+і, күл+ші, түс+ші, түс+ін, тарт+ы, т. б.*

Етістік негізді етістіктер – етістік негіздерінен арнаулы жұрнақтар арқылы жасалатын туынды етістіктер.

Арнаулы жұрнақтар семантикалық ерекшеліктеріне қарай екі топқа бөлінеді:

- Өзі жалғанатын етістік негіздерінің мағыналарына амалдың жиілену, еселену, қайталану, үстемелену, солғындау сипаттарын білдіретіндей рең жамайтын және, шартты түрде, амалдың өту сипатын білдіретін жұрнақтар. Оларға мыналар жатады: *ғышта, қышта, кіште, гіште, ла, ле, да, де, та, те, қыла, кіле, ғыла, гіле, мала, меле, бала, беле, пала, пеле, ыңқыра, іңкіре, ңқыра, ңкіре, ымсыра, імсiре, мсыра, місре, ыстыр, істір, стыр, стір.* Мысалы: *ал+ғышта, ал+ымсыра, бер+гіште, бол+ымсыра, бүрік+кіле, біл+імсiре, еле+ңкіре, еле+стір, жай+мала, жас+ыңқыра, жайға+стыр, жыла+ңқыра, жыла+мсыра, ки+меле, ки+іңкіре, күл+імсiре, кір+істір, қара+ла, қара+ңқыра, қара+стыр, қой+ғыла, сөг+істір, сөйле+стір, сұр+гіле, сұқ+қыла, сый+ыңқыра, та(п)б+ыстыр, тарт+қыла, теп+кіле, тұрт+кіле, тық+қыла, ты(қ)г+ыстыр, ойна+мсыра, ұр+ғыла, т.б.*

• Өзі жалғанатын етістік негізінің мағынасына амалдың субъектіге қатысын білдіретіндей реңк жамайтын және *етіс жұрнақтары* деп аталатын жұрнақтар. Етіс жұрнақтары ерекшелігіне қарай етіс категориясының арнаулы түрлері ретінде етістердің көрсеткіштері болады. Оларға мыналар жатады: *тыр, тырт, тір, тірт, дыр, дырт, дір, дірт, т, қыз, ғыз, кіз, гіз, ыз, із, ыс, іс, е, ыл, іл, л*. Мысалы: *айт+ыс, айт+қыз, ал+дыр, аш+ыл, сат+тыр, ат+ыс, бу+ын, жаз+дырт, жара+т, жет+кіз, жұм+ыл, кеп+тір, ем+із, ки+ін, көн+дір, күл+дір, кір+іс, қал+дыр, қара+л, қара+т, сөл+дір, там+ыз, тара+н, тара+т, теп+тірт, тес+сіл*.

Сындық мағынасы бар есім сөздерді қимыл, іс-әрекетке айналдыратын жұрнақтар:

• *да, де, ла, ле, та, те*. Мысалы: *булаңда, жаманда, жылдамда, дәлде, жеңілде, иерелеңде, жақсыла, жұқала, сұлула, пысықта, кішіле, сүріле, іріле, суықта, ыстықта, биікте, ірікте;*

• *дан, ден, лан, лен, тан, тен*. Мысалы: *зұлымдан, мазасыздан, жеңілден, нәрсізден, жалқаулан, сұлулан, түзулен, ірілен, суықтан, ыстықтан, биіктен, елгезектен;*

• *дас, дес, лас, лес, тас, тес*. Мысалы: *араздас, дәлдес, татулас, түзулес, достас, өштес;*

• *ай, ей, й*. Мысалы: *азай, молай, көп(п)бей, кеңей, ортай;*

• *ар, ер, ір, р*. Мысалы: *жасар, пысы(қ)зар, кө(к)гер, кіші(к)гер, жаңар, өзгер, ескір;*

• *ал, ел, ыл, іл, л*. Мысалы: *оңал, теңел, сұйыл, тарыл, тіріл;*

• *ық, ік*. Мысалы: *молық, зорық, өшік;*

• *сы, сі*. Мысалы: *батырсы, босаңсы, қамқорсы, пысықсы, ширақсы, көлгірсі, өгейсі, үлкенсі;*

• *сын, сін*. Мысалы: *адалсын, ақылсын, батырсын, білгішсін, жатсын, кәрісін, көлгірсін, обалсын, өгейсін, пысықсын, үлкенсін;*

• *ғар, гер, ар, ер*. Мысалы: *аңғар, мұңар, оңар, оңғар, теңер, теңгер*

• *ы, і*. Мысалы: *байы, кеңі, тойы тоңы, шоңы*.

Нақты заттық ұғымды қимылға айналдыратын жұрнақтар:

1. Дене мүшелерімен байланысты қимылды білдіретін туынды түбір етістіктер жасайтын жұрнақтар: *да, де, ла, ле, та, те, а, е*. Мысалы: *аркала, аяқта, бакайла, баста, жанбаста, желкеле, езуле, ерінде, көзде, қолда, құлақта, мойында, мұрында, өкпеле, өкшеле, төбеле, тізеле, тісте, уыста, шынтақта, тісе, тіле*, т.б.

2. Туу, көбею қимылын жасайтын жұрнақтар: *да, де, ла, ле, та, те*. Мысалы: *балала, бұзаула, гулде, жұмыртқала, қозда, күшікте, лақта, төлде, туында*, т.б.

3. Құрал арқылы жасалатын қимылды білдіретін жұрнақтар: *да, де, ла, ле, та, те*. Мысалы: *арала, арқанда, ауыздықта, ашала, балтала, жүгенде, көгенде, көсеуле, күректе, қазықта, құрықта, ноктала, ожаула, пышақта, сабаула, тырмала, тізгінде, үтікте, шідерле, шегеле, шөміште*, т.б.

4. Объектідегі заттық ұғымның қимыл-әрекетке көшуін білдіретін жұрнақтар: *да, де, ла, ле, та, те, а, е, қар, кер, сер, шы, ші*. Мысалы: *аса, алтында, дөңбекші, асфальтта, ата, аунақшы басқар, бетонда, бұтақта, деме, жанишы, жемде, жүнде, қақшы, қаңылтырла, қауызда, көпірші, күмісте, майла, міне, ота, өрнекте, өрте, пиязда, соқшы, сула, сүтте, сына, сынашы, тексер, тұзда, шыныла*, т.б.

5. Мөлшер, шама мәнді етістіктер жасайтын жұрнақтар: *да, де, ла, ле, та, те*. Мысалы: *адымда, аршында, бөшкеле, екеуле, кезде, қарыста, қапта, қасықта, метрле, мөлшерле, сүйемде, тоннала, үшеуле, шелекте*, т.б.

6. Дыбыс мәнді етістік жасайтын жұрнақтар:

- Негіз сөздерге жалғанатын жұрнақтар: *да, де, ла, ле*. Мысалы: *аһле, бажылда, бозда, гуле, гүрсілде, дырылда, зула, қақылда, қарқылда, ойбайла, сартылда, сұңқылда, тарсылда, үһле, шиқылда, ысылда*, т.б.

- Еліктеуіш сөздер жалғанатын жұрнақтар: *ыра, іре, а, е*. Мысалы: *бұрқыра, дүркіре, зіркіре, күркіре, салдыра, сарқыра, шұрқыра, шырқыра*, т.б.

- Көне түбірлерге кіріккен жұрнақтар: *қыр, кір*. Мысалы: *ақыр, бақыр, жазғыр, кекір, қақыр, пысқыр, секір, түкір, түшкір, шақыр, ысқыр*, т.б.

7. Мекендік мәнді және үстеуді етістік жасайтын жұрнақтар: *да, де, ла, ле, та, те, лас, лес, ық, а, е*. Мысалы: *арала, аспанда, жағала, жайлас жоғарыла, көршілес, орна, орналас, орнық, өрле, төменде, тұрақта, мекенде, ықта, іргеле*, т.б.

8. Заттық ұғымнан жетімсіз қимылды, зәрушілікті білдіретін қимылды жасайтын жұрнақтар: *сыра, сіре, ырқан, іркен, ырқа, ірке*. Мысалы: *азырқан, ашырқан, есірке, жетімсіре, жыламсыра, күлімсіре, қансыра, қымызсыра, мүсірке, ойсыра, тосырқа, тұшырқан, шіміркен*, т.б.

9. Сын-бейне мәнді жасайтын жұрнақтар: *ти, ди: қазди, дүрди, сұсти, ташти, төсти ырай, ірей*. Мысалы: *ажырай, бадырай, бақырай, тасырай, тікірей, шақырай*, т.б.

10. Субъектінің әдеттенген қимылын, өзіне тікелей катысты қимылды білдіретін етістік жасайтын жұрнақ: *ық, ік, ын, ін, ына, іне, қа, ке, ан, ен*. Мысалы: *басын, бірік, дәнік, есіне, жирен, жолық, жұбан, зарық, иіске, қамық, қатына, құнық, о(й)ян, пысына, тотық, үйрен, ісін*, т.б.

Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтар

Етістіктен етістік жасайтын жұрнақтардың екі түрі бар: *етістіктегі лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар* және *етістіктегі лексикалық мағынаға объектілік, субъектілік мағыналар қосып түрлендіретін жұрнақтар*.

Етістіктегі лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар

Түбір етістіктегі лексикалық мағынаны түрлендіретін жұрнақтар:

- *ғы, гі, қы, кі*. Мысалы: *кергі, кілкі, мезгі, сырғы, тартқы, тұрткі, ызғы*.

- *ла, ле, та, те*. Мысалы: *бүкте, жетеле, қарайла, соқта, сүйреле, тістеле, үрле*, т.б.

- *қыла, кіле*. Мысалы: *шапқыла, кескіле, ұрғыла, қойғыла, соққыла, тұрткіле, жұлқыла, тепкіле*, т.б.

- ыңқыра, іңкіре. Мысалы: *алыңқыра, бұрыңқыра, бұзыңқыра, беріңкіре, жүріңкіре, түсіндіріңкіре*, т.б.

- шы, ші. Мысалы: *тыншы, шапшы, тапшы, көнші*, т.б.

- дік, лық, лік, ық ік. Мысалы: *асық, кезік, көндік, көнік, жұлық, илік, килік, ілік*, т.б.

- ырай, ірей, рай, рей. Мысалы: *бақырай, бүкірей, оқырай, тоқырай, тасырай, тесірей, тікірей, үркірей*, т.б.

- ыр, ір. Мысалы: *батыр, бітір, қатыр, кетір, ұшыр*, т.б.

- жыра, жіре. Мысалы: *болжыра, күлжіре, тұнжыра*, т.б.

- га, ке. Мысалы: *бүрке, қорға, қозға*, т.б.

- ғыт. Мысалы: *құйғыт, орағыт, сұрағыт*, т.б.

- жы. Мысалы: *абыржы, құйқылжы, тамылжы, уылжы*, т.б.

Бір туынды түбір сөз ғана жасайтын жұрнақтар:

- ей. Мысалы: *кішірей*.

- бі. Мысалы: *ілбі*.

- ды, ді, ты, ті. Мысалы: *алды, енді, кетті, өнді, өтті, өшті, сенді, тоңды*, т.б.

- ыл, іл, л. Мысалы: *асыл, басыл, е(к)гіл, еніл, иіл, оқыл, та(п)был, сө(к)гіл, тоқыл, тө(к)гіл, шоқыл*, т.б.

- ыс, іс, с. Мысалы: *атыс, е(к)гіс, көніс, кіріс, қоныс, оқыс, со(қ)ғыс, тоқыс*, т.б.

- гес, кес. Мысалы: *мінгес, тіркес, ілгес*.

- сет, т. Мысалы: *асат, босат, көрсет, сөйлет*, т.б.

Күрделі етістіктер – екі немесе оданда көп сөздердің тіркесінен құралып, бір күрделі қимыл ұғымын білдіретін етістіктер.

Күрделі қимыл – екі немесе одан көп қимылдардың біртұтас күрделі қимыл мәніне ие болған түрі.

Күрделі қимыл ұғымы – екі немесе оданда көп түрлі қимылдың біртұтас қимыл-әрекет мәніне ие болған түрі. Мысалы: *алып кет, апарып қайт, жеткізіп бер* сияқты күрделі етістіктердің бәрі алғаш екі қимылды білдіретін толық мағыналы дербес сөздер болған. Қолданыла келе олар дербестігін жойып, бір қимыл мәніне көшкен. Бірақ ол біртұтас қимылда алғашқы сыңарлардың

мағынасының ізі сақталған, олар қазір бір қимылдың тұтас жасалатын екі бөлігі сияқты мәнді сақтаған. Сондықтан ол бір ғана қимыл, дара қимыл мәнінен күрделі ұғым болып калыптасқан.

Күрделі етістіктер жасалу тәсілдеріне, лексикалық мағыналарына қарай қосарланған, қайталанған, кіріккен, тіркескен, құранды, саралмалы, суреттеме, салт, сабақты, тұрақты, статистикалық етістіктерге бөлінеді:

Қосарланған етістіктер – мағыналары бөлек екі етістіктің қосағынан жасалған негізгі қимылдың жайы-күйін білдіретін етістіктер. Мысалы: *алдап-арбап, асығып-сасып, асып-тасып, ашып-жауып, бағып-қағып, жылап-сықтап, жүріп-тұрып, келіп-кетіп, күліп-ойнап, қорқып-үркіп өліп-талып, сылап-сипап, ұрып-соғып.*

Қайталанған етістіктер – мағыналары бір екі етістіктің қайталауынан жасалған күрделі етістіктер. Мысалы: *айта-айта, ала-ала, бара-бара, бере-бере, келе-келе, көре-көре, жылай-жылай, отыра-отырап, сұрай-сұрай.*

Кіріккен күрделі етістіктер – екі түбірден құралып, сыңарлары дыбыстық құрамын толық сақтамаған, біртұтас лексикалық мағына беретін, күрделі қимыл ұғымын білдіретін туынды етістіктер. Мысалы: *апар = алып+бар, әкет=алып+кет, әкел=алып+кел, әпер=алып+бер, бұйыт=бұлай+ет, сұйыт=солай+ет*

Етістіктің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы – екі етістіктің бір-бірімен тіркесіп, бір күрделі қимыл ұғымын білдіріп, бір күрделі тіркескен етістік жасауы.

Тіркескен күрделі етістіктер – екі етістік тіркесіп, бір лексикалық мағына беретін, бірақ сыңарлары бөлек жазылатын етістіктер.

Тіркескен күрделі етістіктегі тіркестің әрбір сыңарында дербес лексикалық мағына болады және әрқайсысының мағынасы бір-бірінен кем емес, бір-бірімен парапар немесе тең түседі.

Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары кез келген етістіктен болмайды және күрделі етістіктің бірінші сыңары мен екінші сыңарының айырмашылығы мен ұқсастығы бар:

Ұқсастық - негізгі түбір етістіктер күрделі етістіктің бірінші сыңары да, екінші сыңары да бола береді.

Айырмашылық - күрделі етістіктің бірінші сыңары негізгі түбір етістіктен де, туынды түбір етістіктен де болады, ал екінші сыңары тек негізгі түбір етістіктен ғана болады және олардың саны (отыздай), құрамы белгілі.

Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары қызметіне қарай *ауыспалы сыңар, тірек сыңар* болып бөлінеді:

Ауыспалы сыңар тіркескен күрделі етістіктің құрамында бірінші орында тұрады, бұл оның туынды түбірдегі негіз сөз орнымен сәйкес келеді. Мысалы: *алып кел, беріп кет, біліп кел, жинап ал, көздеп тұр, көріп ал, ойлап отыр, оқып жүр, сынап кетті, тыңдап тұр*, т.б.

Тірек сыңар тіркескен күрделі етістіктің құрамында екінші орында тұрады, бұл оның жұрнақтың орнымен сәйкес болады. Мысалы: *біліп ал, көріп кел, тыңдап отыр, айтып тұр, сұрап қайт, түсініп ал*, т.б.

Тіркескен күрделі етістіктердің екі сыңары да сөзжасамдық бірлік, негіз сөз қызметін атқарады. Дегенмен күрделі етістіктің құрамын туынды түбір етістікпен салыстырғанда, онда ұқсастық байқалады. Туынды түбірдегі түрлі негіз сөздерден бір жұрнақ арқылы бірнеше туынды түбір жасалуы ұқсап, түрлі ауыспалы сыңарлардан бір тірек сыңар арқылы бір топ тіркескен күрделі етістіктер жасалады. Мысалы: *айтып кел, алып кел, апарып кел, әперіп кел, барып кел, беріп кел, біліп кел, жинап кел, көріп кел, қайтып кел, өсіріп кел, санап кел, теріп кел, шығарып кел*, т.б.

Бір жұрнақ арқылы жасалған туынды түбірлердің мағынасында байланыс болатыны сияқты, бір тірек сыңар арқылы жасалған тіркескен күрделі етістіктердің де мағыналары байланысты болады.

Мысалы:

1) *аңшы, әнші, домбырашы, жазушы, жыршы, күйші, малышы, оқытушы, сатушы* сияқты туынды түбірлердің бәріне мамандық мәні ортақ, сол арқылы олардың мағынасы байланысты; 2) *алып кет, апарып кет, әкеліп кет, әперіп кет, біліп кет, жинап кет,*

көріп кет, сынап кет, теріп кет, шығарып кет деген бір тірек сыңар арқылы жасалған тіркескен күрделі етістіктердің бәріне *кет* тірек сыңарының мағынасы ортақ, сол арқылы олардың бәрінің мағыналары байланысты.

Тірек сыңар болатын етістіктер мыналар: *апар, әкел, әкет, әнер, бар, бер, біл, жат, жатыр, жөнел, жүр, жібер, кел, кет, қайт, қал, қой, қыл, отыр, өт, сал, соқ, таста, тұр, тұс, шық.*

Тіркескен күрделі етістіктердің сыңарлары белгілі қосымшалар арқылы байланысады, олар - көсемшенің *а, е, й, ғалы, гелі, қалы, келі, ып, іп, н* жұрнақтары.

Егер тіркескен күрделі етістіктің бірінші сыңары *есім* негізінде болса, онда екінші сыңары көмекші етістік болып, осы есімді етістікке айналдыруға қызмет етеді.

Мысалы: *көмек ет, ән айт, үлгі қыл, қабыл ал, сурет сал*, т. б.

Егер тіркескен етістіктің тіркесі етістіктерден құралса, онда оның бірінші сыңары негізгі етістік, ал екіншісі көмекші етістік қызметін атқарады. Мысалы: *алып ал, алып бар, алып бер, алып кел, алып кет, алып қал, алып қой, алып сал, алып шық*, т.б.

Құранды күрделі етістіктер – есім сөздерге негіз немесе көмекші етістіктер тірекесіп жасалған етістіктер. Мысалы: *адам бол, ақымақ болма, әлек қыл, бос жүрме, гүл атты, жәрдем ет, жұмыс істе, жүзге кел, қызмет қыл, құрмет ет, мазақ ет, сыйлық ет, сарғыл тартты, тап берді, тапсырманы ұмытпа, тарс ұру, телефон соқ*, т.б.

Құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің қызметін есім сөзден етістік жасайтын жұрнақпен салыстырып, олардың екеуінің де есім сөзден етістік жасайтынын көруге болады. Мысалы: *айғақ ет* = *айғақта*, *айып етпе* = *айыптама*, *арман ет* - *арманда*, *әдет қыл* = *әдеттен*, *әңгіме ет* = *әңгімеле*, *әуре қыл* = *әуреле*, *баян ет* = *баянда*, *дауыс қыл* = *дауыста*, *зақым қыл* = *зақымда*, *жәрдем ет* = *жәрдемдес*, *жыр қыл* = *жырла*, *еңбек ет* = *еңбектен*, *қор қыл* = *қорла*, *кұрмет қыл* = *құрметте*, *мазақ қыл* = *мазақта*, *міндет қыл* = *міндетте*, *ойран қыл* = *ойранда*, *өсек қыл* = *өсекте*, *сәлем қыл* = *сәлемдес*, *сыйлық ет* = *сыйла*, *сылтау қыл* = *сылтаула*, *табыс ет* =

табыста, талқан қыл = талқанда, ұран ет = ұранда, үміт ет = үміттен, хабар ет = хабарла,

Құранды етістіктердің синоним туынды түбір етістіктері бары анықталды. Ол әр есім сөзден тілде аналитикалық тәсіл арқылы да, синтетикалық тәсіл арқылы да туынды етістіктер жасалғанын білдіріп, құранды етістік жасайтын көмекші етістіктердің есім сөзге жұрнақ сияқты қимыл мәнін қосады.

Сараламалы етістіктер – екі немесе одан көп етістіктердің тіркесінен құралып, лексикалық мағынасына алғашқы етістік негіз болып, оған тіркелетін көсемшенің жұрнағы (*a, e, й, ын, in*) мен соңғы көмекші етістік селбесіп негіз етістіктің мағынасын саралайтындай қосымша грамматикалық мән беретін етістіктер.

Сараламалы етістік құрамындағы көмекші етістіктердің түрлі-түрлі болуларына қарай және компоненттердің сандары да, өздері де басқа-басқа болуларына қарай, олардың грамматикалық қызметтері мен мәндері да сала-сала болып, амалдың жүзеге асу я өту сипаттарының әр қилы кезеңі, сатысы сияқты абстракты құбылыстарды білдіреді. Мысалы: *айта біл, айта жүр, айта көр, айта қой, айта сал, айта тұс, айтып жібер, айтып жібере қой; айтып жібере жаздап қалды, айтып көр, айтып қой*, т. б.

Суреттеме етістіктер – жетекші сөз бен көмекші етістіктен құралып, жетекші сөздер етістіктің жалаң / күрделі көсемше, есімше, жалаң есім, есім мен етістік араласқан пішіндерінде болып, көмекші етістіктер түрленген пішіндерінде болатын етістіктер. Мысалы: *барып едім, барған едің, келетін еді, түсінуші едік, ұйықтап кеткен екенмін, кешігіп қалған екенсің, келсе игі едіңдер, мұғалім едіңіздер, жас екен; бармақ болды, келмек екен, жазатын болды, келетін көрінеді* т. б.

Салт етістіктер – қимыл әрекетте тура объектіні қажет етпейтін және барыс, жатыс, көмектес септіктегі сөздермен тіркесе беруі мүмкін, бірақ табыс септікті сөзбен байланыспайтын етістіктер. Мысалы: *үйге қайт* деген тіркеске табыс септігінің *нені?* сұрағы қойылмайды, сондықтан *қайт* - салт етістік.

Сабақты етістіктер – тура объектіні (нысанды), табыс септігіндегі сөзді қажет ететін және **кімді? нені?** (кейде табыс септіктің жасырын түрінің **не?**) деген сұрақтарға жауап беретін табыс септіктегі сөзбен байланысқан етістіктер. Мысалы: *Әнді сен айт*. Бұл сөйлемдегі *айт* деген етістік *ән* деген сөздің табыс септікте тұруын талап етіп тұр.

Егер осындай сөздер табыс септіктің жасырын түрінде тұрса, онда табыс септікті сөз етістіктің алдында айқын қолдану керек. Мысалы: *кітап оқы – кітапты оқы*.

Егер тура объект мәнін білдіріп тұратын табыс септіктегі сөз сөйлемде қолданылмаса және етістіктен **кімді? нені?** деген сұрақ қоюға болса, онда ол сабақты етістік болады. Мысалы: *айт, көр, оқы*, т.б. етістіктерден **кімді? нені?** *айт (көр, оқы)* деп сұрақ қоюға болады.

Қазіргі қазақ тілінде бір етістіктің бірде салт, бірде сабақты мәнде қолданылады.

Етістіктің салт не сабақты болуы мағыналарының объектіге бағытталуына байланысты болғандықтан, *салт етістік* сабақты етістікке, керісінше, *сабақты етістік* салт етістікке айнала алады:

- Салт етістікті сабақтыға айналдыру үшін *ғыз, гіз, қыз, кіз, дыр, дір, тыр, тір, ыр, ір, р, т* секілді өзгелік етіс жұрнақтары қолданылады. Мысалы: *бала өсті – баланы өсір; ағашта отыр – ағашты отырғыз*, т.б.

- Сабақты етістікті салт етістікке айналдыру үшін *ыл, іл, л, н* тәрізді ырықсыз, өздік етіс жұрнақтары қолданылады. Мысалы: *әнді айтты – ән айтылды, кітапты ал – кітап алынды; сабақты оқы – сабақ оқылды*, т.б.

Осы қосымшалар сөзжасам қосымшалары болады, ал салт және сабақтылық белгіні етістіктің омонимдік сипатын ажырататын шарт ретінде қарастыруға болады: бірдей айтылатын етістіктер әр уақытта тек салт не тек сабақты мәнде болса, онда ол көп мағыналы етістік те, бірде салт, бірде сабақты болса, омоним ретінде танылады.

Етістіктердің салт және сабақты түрлерінің болуы тек түбір етістікке ғана емес, туынды және күрделі етістіктерге де тән.

Тұрақты етістіктер – лексикаланған және идиомаланған өз алдына жеке мағынасы бар тұрақты (фразеологиялық) сөз тіркестерінен жасалған және сөйлемде бір сөз қызметін атқаратын етістіктер. Мысалы: *адам болды, арам тер болды, ауыз жаласты, ауыз салды, ат қою, бас қойды, бетегеден биік болу, бетке шіркеу салды, бой жету, ер жету, жан алқымға алды, жанын қияды, жек көрді, жусаннан аласа болу, жүрек жалғау, зәре-құты қалмау, көз салды, көзге түрткі болу, көзден ғайып болды, қол беру, қара жер болу, қара терге бату, құр қалды, қырғи қабақ болды, опық жеді, табан тіреу, таяқ жеді, төбе шашы тік тұрды*, т. б.

Статистикалық етістіктер – қалды (күйді), сапаны және қасиеттерді көрсететін етістіктер. Мысалы: *асығыс жүрмін, аурып жатырмын, жақсы түсіндім, шөп көгермеді, күн суытып тұр*,

Етістік формаларының жүйесі төмендегі грамматикалық категорияларға бөлінеді:

- есімшелер категориясы.
- көсемшелер категориясы.
- рай категориясы.
- шақ категориясы.
- жіктік, көптік жалғауларының шаққа қатысы.

Есімше – түбір етістіктен арнайы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктің есім сөздерге ұқсас белгілері бар түрі.

Арнайы жұрнақтарға мыналар жатады:

- *болжамды келер шақ есімше* жасайтын жұрнақтар: *ар, ер, р, с*. Мысалы: *барар, берер, бермес, босатпар, келер, келмес*.
- *мақсатты келер шақ есімше* жасайтын жұрнақтар: *бақ, бек, мақ, мек, пақ, нек*. Мысалы: *азбақ, безбек, езбек, алмақ, бермек, айтпақ, кездеспек, кетпек, тозбақ*.
- *өткен шақ есімше* жасайтын жұрнақтар: *ған, ген, қан, кен*. Мысалы: *алған, келген, құныққан, ұшқан, түскен, ішпеген*.

- *ауыспалы өткен шақ есімше* жасайтын жұрнақтар: *с, атын, етін, йтын, йтін, ушы, уші*. Мысалы: *алмас, бермес, алатын, беретін, тыңдайтын, сөйлейтін, алушы, беруші*.

Ескерту: Етістіктің ауыспалы өткен шағы іс-қимылдың бірде осы шақта, бірде өткен шақта орындалуын көрсетеді. Мысалы: *Ол істелетін жұмыс* дегенді осы уақыттағы немесе келешектегі жұмыс деп, ал *жиі келетін* дегенді өткендегі қимыл деп түсінуге болады.

Қосымшасыз есімше *қандай? қай?* деген сұраққа жауап береді. Мысалы: *Айтылған (қандай?) сөз – атылған (қандай?) оқ*.

Көсемше – күрделі етістіктің құрамына кіріп, негізгі қимыл, іс-әрекеттің әртүрлі себеп-мақсатын, сипатын, амал-тәсілін айқындай түсіп, қосымша қимыл, іс-әрекетті білдіретін арнайы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктің түрі.

Арнайы жұрнақтарға мыналар жатады:

- *ауыспалы осы шақ көсемше* жасайтын жұрнақтар: *а, е, й*. Мысалы: *боран соғады, ит үреді, мал төлдейді*.

- *өткен шақ көсемше* жасайтын жұрнақтар: *ып, іп, п*. Мысалы: *айтып алды, үзіп кетті, елеп жүрді*.

- *келер шақ көсемше* жасайтын жұрнақтар: *ғалы, гелі, қалы, келі*. Мысалы: *барғалы жатыр, келгелі отыр, айтқалы жүр, түскелі жатыр*.

Кейбір көсемше тұлғасына *көптік, септік, тәуелдік жалғаулар* жалғанбайды, яғни көсемше көптелмейді, септелмейді және тәуелденбейді. Тек *а, е, й* және *ып, іп, п* жұрнақтары арқылы жасалған көсемше тұлғалары ғана жіктеледі, ал *ғалы, гелі, қалы, келі* жұрнақты көсемшелер тұлғалары жіктелмейді.

Мысалы:

- *құмарта тыңдады, мұнда құмарта* іс-әрекеттің амал-тәсілін білдіріп, қалай? деген сұраққа жауап беріп тұр.

- *орындап жатыр, мұнда орындап* – негізгі мәндегі іс-әрекет; *жатыр* – көмекші мәндегі етістік.

- *өткелі тұр, мұнда өткелі* – негізгі мәндегі іс-әрекет; *тұр* – көмекші мәндегі етістік.

Етіс – қимылдың, іс-әрекеттің субъекті (қимыл, іс-әрекет иесі) мен объектіге (орындаушыға) қатынасын және керісінше субъекті мен объектінің қимыл, іс-әрекетке қатынасын білдіріп, жұрнақтар арқылы етістіктен етістік тудыратын етістік түрі.

Бұл жұрнақтар түбір етістіктерге жалғанып, оларға қимылдың иесі, қимылға түсетін объекті туралы мән қосып, түбір етістіктегі лексикалық мағынаның үстіне әр түрлі мағына қосады. Сондықтан олар етістіктің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтар болып саналады. Олардың әрқайсысы туынды түбір етістік жасайтын болғандықтан, туынды түбірлердің де негіз сөз қызметін атқаратын заңдылығы бойынша сөздің құрамында ол жұрнақтар бірнешеу бола береді. Мысалы: *Ол оянды. Ол баласына кітап оқытты. Әңгіме айтылды. Олар хат жазысты. Ол таң атқанша тарандық.* Бұларда қимыл иесіне бағытталғандығын көрініп тұр.

Жұрнақтардың қолдануына, түрлеріне, мағыналары мен қызметтеріне қарай етіс мыналарға бөлінеді: *негізгі етіс, өздік етіс, өзгелік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс.*

Негізгі етістер – арнаулы жұрнақтары жоқ түбір етіс, өзге етіс формаларына негіз болатын туынды етістер мен күрделі етістер негіздері. Мысалы: *бар, кел, сөйле, қуан, шөлде, ақта, қарайла, боян, ән сал, түсініп ал, сұрап қой,* т.б.

Өздік етіс – қимылдың, іс-әрекеттің орындаушысынан иесіне тікелей қатыстылығын білдіріп, сабақты етістіктердің *ын, ін, н* жұрнақтары арқылы жасалатын етістіктің түрі. Мысалы: *асын=ас+ын, жасан=жаса+н, жуын=жу+ын киін=ки+ін, көрін=көр+ін, сұран=сұра+н, сұртін=сұрт+ін, таранды=тара+н, шешін=шеш+ін,* т.б.

Бұл жұрнақ етістіктің лексикалық мағынасының үстіне қимылдың иесі де, қимылға түсетін зат та бір зат деген мағынаны қосады.

Сонымен бірге өздік етіс көрсеткішіне құранды (күрделі) қосымша *лан, лен, дан, ден, тан, тен* де жатқызылады. Бұлар құранды қосымша сөзжасам *да, де, ла, ле, та, те* жұрнақтары мен

өздік етіс *н* қосымшасынан құралған. Мысалы: *байлан*=бай+ла+*н*, *бөлектен*=бөлек+те+*н*, *бүтінден*=бүтін+де+*н*, *жекелен*=жеке+ле+*н*, *қолдан*=қол+да+*н*, *намыстан*=намыс+та+*н*, *ойлан*=ой+ла+*н*, *семізден*=семіз+де+*н*.

Өзгелік етіс – қимылдың, іс-әрекеттің субъектісі (иесі) тікелей өзі емес, екінші басқа субъект (қимылды, іс-әрекетті орындаушы) арқылы істелінетінін білдіріп, сабақты етістіктердің жұрнақтары *ғыз*, *гіз*, *қыз*, *кіз* және *дыр*, *дір*, *тыр*, *тір*, *ыр*, *р*, *т* арқылы жасалатын етістіктің түрі. Мысалы: *алғыз*=ал+ғыз, *бергіз*=бер+гіз, *баққыз*=бақ+қыз, *жеткіз*=жет+кіз, *қалдыр*=қал+дыр, *күлдір*=күл+дір, *қақтыр*=қақ+тыр, *тіктір*=тік+тір, *жасар*=жаса+*р*, *қалар*=қала+*р*, *асат*=аса+*т*, *сұрат*=сұра+*т*, т.б. Бұларда қимыл, іс-әрекетті біреу арқылы істетіліп отырғандығы көрінеді, яғни қимылдың тындаушы мен сөйлеуші ден бөтен, 3-адамға жасататынын білдіреді.

Ырықсыз етіс – іс-әрекеттің атқарушысы, қимыл иесі арнайы айтылмай, қимыл өздігінен істелгендігін көрсетіп, *ыл*, *іл*, *л*, түбірдің ішінде *л* дыбысы болса *ын*, *ін*, *н* жұрнақтары арқылы жасалып, сабақты етістікті салт етістікке айналдыратын етіс түрі. Мысалы: *алынды*=ал+ын+ды, *айтылған*=айт+ыл+ған, *берілді*=бер+іл+ді, *жасалған*=жаса+л+ған, *жеңілді*=жең+іл+ді, *жұлынды*=жұл+ын+ды, *еленді*=еле+н+ді, *орылды*=ор+ыл+ды, *салынды*=сал+ын+ды, *сұратылды*=сұра+т+ыл+ды, *тазаланды*=таза+ла+н+ды, *ілінді*=іл+ін+ді, т.б. Бұл жұрнақтар қимылды кім жасағанын көрсетпейді.

Сонымен *ыл*, *іл*, *л* жұрнақтары түбір етістіктерге жалғанып, оған қимыл иесінің белгісіздігін білдіретін мән косады. Осы жұрнақтардың екінші мағынасы бар. Мысалы: Ол бері *бұрылды*, Ол дертінен *жазылды*, Ол үйге *оралды* деген қолданыста *бұрыл*, *жазыл*, *орал* етістіктеріндегі қимылдың субъектісі айтылған және ол субъекті әрі объекті екені білдірілген: олар *өздік етіс* жасайды.

Ол биыл елге *оралды*. Аттылар бізге карай *бұрылды*. Ол сырқатынан *жазылды* сияқты қолданыста *орал*, *бұрыл*, *жазыл*

етістіктеріндегі қимылдың субъектісі айтылған және ол субъекті әрі объекті екені білдірілген. Олар өздік етіс жасайды.

Ортақ етіс – қимыл, іс-әрекеттің бір емес, бірнеше субъектілері (иелері) арқылы іске асатынын білдіріп, *ыс, іс, с* жұрнақтары арқылы негізгі етіс формасынан жасалатын етіс түрі. Мысалы: *айтыс=айт+ыс, алыс=ал+ыс, апарыс=апар+ыс, әкеліс=әке+ліс, көріс=көр+іс, қарас=қара+с, елес=еле+с*, т.б. Бұл жұрнақтар қимылдың бірнеше субъектіге ортақтығын білдіретін мағына қосады.

Етіс жұрнақтары бірінің үстіне бірі қабаттасып та беріледі. Сонымен қатар, «*да+с*» формаларының біріккен құранды *дас, дес, лас, лес, тас, тес* жұрнақтары арқылы жасалған туынды етістіктер ортақ етіс мағынасын білдіреді. Мысалы: *құрдас=құр+дас, елдес=ел+дес, аталас=ата+лас, пікірлес = пікір+лес, бақтас=бақ+тас, кезектес=кезек+тес*, т.б.

Ортақ етісті қимыл, іс-әрекеттің субъектілері қимылға ортақтығы бірдей де, бірдей де емес болуы мүмкін (субъект көптік тұлғадағы бір зат атауы, немесе бірыңғай бастауыштар, немесе біреуі грамматикалық субъект те, екіншісі -грамматикалық жанама объекті болуы мүмкін. Ортақ етіс қосымшалары салт етістікке де, сабақты етістікке де жалғанып, ортақ етіс жасай береді. Мысалы: *ал+ыс+ып+ты, іл+ін+іс-ін+ті* әңгіме+ле+с+ін+ті.

Жалпы етістерді етістіктің өзге категорияларынан ерекшелеп тұратын сипаттарын бір түбірден өрбіген түбірлес негіздерін салыстырғанда көруге болады. Мысалы *сұра* деген бір түбірден *с, т, л, н* жұрнақтары арқылы жасалған түбірлес *сұрас, сұрат, сұрал, сұран* деген етістіктерді бір-бірімен салыстырғанда, негіздердің түпкі лексикалық мағынасы бір бола тұрса да, семантикалық мәндерінде де бір-бірінен айырмашылықтары бар екендігі айқын. Осындай айырмашылықтар мына негіздерде де бар. Мысалы: *айт, айтыл, айттыр, айтыс; жу, жуыл жудыр, жуыс, жуын; тасы, тасыл, тасыт, тасыс, тасын*.

Тұйық етістіктер – іс-әрекеттің атауын (атын) білдіріп, зат есімдерше септелетін және тәуелденетін, бірақ жіктелмейтін және

етістікке тән шақтық мағына мен жақтық мағынаны білдірмейтін етістіктердің ерекше түрлері.

Тұйық етістік етістіктің негізгі және туынды түбіріне, етіс және болымсыз етістік тұлғаларына *у* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Мысалы: *айт+у, ал+ғыз+у, бар+у, бөге+ме+у, жүр+у, кел+ме+у, сұра+с+у, тық+па+ла+у*.

Мысалда *айту, алғызу, бару, бөгеу, жүру, келмеу, сұрасу, тықпалау* қимыл, іс-әрекеттерінің атын білдіріп, солардың атауы болып тұр. Сондықтан да тұйық етістік зат есім мәнінде жиі қолданылады. Тіпті, тұйық етістіктердің кейбірі белгілі заттың, көбіне құралдың атын білдіріп, зат есім болып кеткен. Тілімізде *егеу* (темірді егейтін құрал), *жасау* (қызға жиналған дүние-мүлік), *көсеу* (отты, шоқты көсейтін құрал), *қашау* (ағашты кесетін, жонып, қашайтын құрал), *ою* (ойып салынған өрнек), *сабау* (жүнді сабайтын таяқ), *тұсау* (жылқының алдыңғы екі аяғына салатын құрал) сияқты зат есімдер тұйық етістіктен жасалған.

Тұйық етістік зат есім сияқты түрленеді, бірақ етістікше түрленбейді. Тұйық етістік тікелей септеле де, тәуелдене де алады, бірақ жіктелмейді.

Егер тұйық етістікке көптік жалғауы жалғанса, онда одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады.

Тұйық етістіктің емлелері.

1. Егер етістік дауысты *ы, і* дыбыстарына аяқталса, онда оған тұйық етістіктің *у* жұрнағы жалғанғанда, түбірдегі *ы, і* дыбыстары жазылмай *у* дыбысының құрамына еніп кетіп, *у* дауысты дыбыс сияқты болады. Мысалы: *бекі=беку, ері=еру, есі=есу, жібі=жібу, оқы=оқу, тоқы=тоқу, шоқы=шоқу*;

2. Егер етістік дауысты *ы, і* дыбыстарынан басқа дауысты дыбысқа аяқталса, онда оған тұйық етістіктің *у* жұрнағы дауыссыз сияқты жалғанғанады. Мысалы: *алда=алдау, арба=арбау, берме=бермеу, жолда=жолдау, көсе=көсеу, ора=орау, сана=санау, тұса=тұсау*;

3. Егер етістік қатаң дауыссыз *п, қ, к* дыбыстарына аяқталса, онда оған тұйық етістіктің *у* жұрнағы жалғанғанда, түбірдің соңғы дыбыстары ұяң *б, ғ, г* дыбыстарына өзгереді. Мысалы: *ек=егу, жап=жабу, қап=қабу, сен=себу, сөк=сөгу, тақ=тағу, тап=табу, төк=төгу, үк=үгу*;

4. Егер етістік қатаң дауыссыз *п, қ, к* дыбыстарынан басқа дауыссыз дыбысқа аяқталса, онда оған тұйық етістіктің *у* жұрнағы дауысты сияқты жалғанғанады. Мысалы: *ал=алу, бар=бару, жат=жату, жеткіз=жеткізу, кес=кесу, сен=сену, сол =солу, тор=тору*;

5. Егер етістіктің түбірі *и, й, і (йі)* дыбыстарына аяқталса, онда оған тұйық етістіктің *у* жұрнағы жалғанғанда, сөздің соңғы дыбысы (*йі* тіркесі) *ю* дыбысына өзгереді. Мысалы: *есей=есею, кейі=кею, ки=кию, той=тою, үй=үю*;

6. Егер *у* дыбысына аяқталған *бу, жу, қу, ту* етістіктері берілсе, онда тұйық етістіктің *у* жұрнағы жалғанғанда, *у* дыбысы екіленіп тұйық етістіктер *буу, жуу, қуу, туу* түрінде жазылады.

Фазалық етістіктер – қимылдың бір фазасын (басын, жалғасын, аяғын) көрсететін етістіктер. Мысалы: *асығыс жүрмін, аурып жатырмын, жақсы түсіндім, шөп көгермеді, күн суытып тұр, жел соғып тұр*.

Финитивті етістіктер – жақтық (жіктеу), көптік және шақтық формасындағы етістіктер. Мысалы: *ал* деген етістікті жіктеп, көптеп, шақтап алайық:

Шақ	Жақтар – жіктеу			Көптік
	I	II	III	
Өткен	Алғанмын	Алғансың	Алған	Жеке
	Алғанмыз	Алғансыз	Алған	Көп
Осы	Аламын	Аласың	Алады	Жеке
	Аламыз	Аласыңдар	Алады	Көп
Келер	Алармын	Аларсыз	Алар	Жеке
	Алармыз	Аларсыздар	Алар	Көп

Етістіктер сыртқы түр-түрпат ұқсастықтарына немесе мағына-мазмұнын алшақтықтарына қарай мынадай топқа бөлінеді:

- омоним етістіктер, мысалы: *ат, жаз*.
- синоним етістіктер, мысалы: *без, зым*.
- антоним етістіктер, мысалы: *аш, жап*.

Етістіктер іштей бір-біріне мағына жағынан жақындықтарына, өз ара функция жағынан ұқсастығына қарай мынадай топтарға бөлінеді:

- амал-әрекет етістіктері, мысалы: *босат, жібер, ки, көтер, күрес, құлат, өлше, үнде, ізде*, т. б.
- бағыт-бағдар етістіктері, мысалы: *бар, кел, кет, қайт, әпер, әкет*, т. б.
- бейнелеу-еліктеу етістіктері, мысалы: *дүркіре, жарқыра, күркіре, суретте, сырқыра, сыртылда, тарсылда*, т. б.
- дерексіз мәнді етістіктер: *азайт, баянда, көбейт, мақта, нығайт, ұйымдастыр*, т.б.
- дыбыс-сес етістіктері, мысалы: *гүрсілде, сытырла, тарсылда, тырс етті, шытырла*, т.б.
- еліктеуіш мәнді етістіктер: мысалы: *кісіне, қаңқылда, мияула, мөңіре, гүрілде, шырылда*, т.б.
- көмекшілік қызмет мәніндегі етістіктер: *еді, емес, де, деп*, т.б.
- көңіл күйі етістіктері, мысалы: *жыла, күл, қайғыр, қуан, өкін, өңіре, түңіл, шаттан*, т. б.
- көру-есту етістіктері, мысалы: *есті, көзде, көз сал, көр, құлақ сал, тыңда, тыңшыла*, т.б.
- қалып-сапа етістіктері, мысалы: *жат, жантай, кішірей, семір, тұр, тос, күт, ұлғай. үлкей*, т. б.
- қалыптасу мәнді етістіктер: *боталады, бұзаулады, күшіктеді, қоздады, құлындады*, т.б.
- қимыл-қозғалыс етістіктері, мысалы: *айнал, ауна, аудар, домала, жүгір, зым, қаш, секір*, т. б.;
- қимыл-әрекет етістіктері, мысалы: *ақта, байла, жаз*, т.б.
- қимыл объектісі белгісіз мәнді етістіктер, мысалы: *жүгір, жығыл, қозғал*, т.б.

- мінез-құлық етістіктері, мысалы: *ашушаң, жуас, құяңқы, маубас, тентек, төзімді, шыдамсыз,*
- ойлау-сөйлеу етістіктері, мысалы: *айт, арманда, де, ескер, жатта, ойла, сөйле, үндеме,* т. б.
- өсу-өну етістіктері, мысалы: *балала, гүлде, жапырақта, көбей, өрбі, өс, өн, ұрықтану,* т.б.

Етістіктің емлелері

Қосарлану негізінде жасалған күрделі етістіктердің сыңарлары дефиспен “-” айырылып жазылады. Мысалы: *алып-қалып, асқан-тосқан, атып-ұрып, басып-қалып, күліп-ойнап, ішкен-жеген.*

Қайталану негізінде жасалған күрделі етістіктердің сыңарлары дефиспен “-” айырылып жазылады. Мысалы: *бұра-бұра, жүре-жүре, күле-күле, қозғай-қозғай, тұра-тұра, ұра-ұра.*

Кірігу негізінде жасалған күрделі етістіктердің сыңарлары бір сөзге кірігіп жазылады. Мысалы: *алып+бар=апар, алып+кет=әкет, алып+кел=әкел, алып+бер=әнер, бұлай+ет=бүйт, солай+ет=сүйт.*

Тіркесу негізінде жасалған күрделі етістіктердің сыңарлары толық сөздерден ғана болып, бір-бірінен бөлек жазылады. Мысалы: *алып ал, алып бар, алып бер, алып кел, алып кет, алып қал, алып қой, алып сал, алып шық,* т.б.

Бұл заңдылықты құранды етістіктер ғана бағынбайды. Мысалы: *қызмет ет, құрмет ет, адам бол* т.б. Бұлар көмекші етістіктер арқылы жасалады. Басқа жағдайдың бәрінде күрделі етістіктің құрамы толық мағыналы етістіктерден құралады.

I.1.5-Кесте. Етістік формалары көрсетілген.

I.1.5-Кесте. Етістік формалары.

Етістік - заттың қимылын, амалын, жай- күйін білдіретін сөздер. не істеді? не істейді? не кылған? деген сұрақтарға жауап береді. Сөйлемнің баяндауыш, пысықтауыш қызметін атқарады.	Етістік негізі құрамына қарай бөлінеді	Дара	Туынды етістіктер - түбірлерд ен арнаулы жұрнақтар арқылы жасалған етістіктер	Есім негізді - өзге сөз таптарынан жасалатын етістіктер жатады	Түбір етістіктер - арнаулы морфологиялық бөлшектері жоқ етістіктер	бар, күл, жаз т.б.
				-ла (-ле, -да, -де, -та, -те); -лан (-лен, -дан, -ден, -тан, -тен); -лас (-лес, -дас, -дес, -тас, -тес); -лат (-лет, -дат, -дет); -а (-е); -ай (-ей, -й); -қар (-ғар, -кер,-гер); -ар (-ер, -р); -ал (-әл, +ыл, +іл, -л); +ық (ік); -сы (-сі); -мсы (+імсі); -сын (-сін); -сыра (-сіре); -ра (-ре, +ыра, +іре);+ырай (+ірей); +ы, +і; -шы, -ші; -ан, -ен, +ын, +ін, -н; +ырқа, +ірке;+ырқан, +іркен; +ына, +іне; -қа, -ке, -ға, -ге;-ди, -тый, -ти	-ла (-ле, -да, -де, -та, -те); -қыла (-кіле, -ғыла, -гіле); -мала (-меле, -бала, -беле, -пала, -пеле);-ғышта (-қышта, -кіште, - -гіште); -ыңқыра (-іңкіре,	атқыла, қарастыр, қанағаттанды рылмағандықтан т.б.
				Етістік негізді - етістік негіздерінен арнаулы		

		жұрнақтар арқылы жасалатын туынды етістіктер	-ңқыра, -ңкіре); -ымсыра (-імісіре, -мсыра, -місіре); -ыстрыр (-істір, -стыр, - стір); -ыс (-іс, е);-т; -тыр (-тір, -дыр, -дір); -қыз (-ғыз, -кіз, -гіз); -ыл (-іл, -л);-ын (-ін, -н)	
Күрд елі			Құранды - бірінші компоненті (есім) негіз болса, екінші компоненті (көмекші етістік)	адам бол, қабыл ал т.б.
			Құрама - әрбір компонентінде өзді-өзіне дербес лексикалық мағына бар	алып кел, барып қайт т.б.
			Сараламалы - екі я одан аса етістіктің тіркесінен құралады	ойланып-толғану, алдап-сулау т.б.
			Суреттеме - жетекші сөз бен көмекші етістіктен тұрады	келіп еді, айта сал т.б.
			Біріккен - екі түбір етістіктің бірігіп кетуі арқылы жасалған етістік	апар, әкел т.б.
			Тұрақты - лексикаланған, идиомаланған тіркестер жағады	жүрек жалғау, таяқ жеу т.б.
Қимыл атауы немесе тұйық рай	Жақтық, шақтық мағынада қолданылмайтын, етістіктің есімге ұқсас түрі	етістікке -у жұрнағы жалғану арқылы жасалады келу, апару, ойлау, тарау, жинау т.б.		

Салт және сабақтылық - объектіге қатынасына байланысты	Салт етістік - Заттың, кісінің күйін білдіретін, табыс септеудегі тура толықтауышты меңгере алмайтын етістік		кел, жүр, отыр т.б.
	Сабақты етістік - етістіктің қимылы объектіге ауысып, ол объектінің табыс септікте тұру қажет		аш, жап, жаз, айт т.б.
Етіс - қимылдың объекті мен субъектіге қатысын білдіреді	Өздік етіс - қимылдың іс-әрекеттің орындаушысына, іс иесіне тікелей қатыстылығын білдіреді	-ын (-ін, -н)	ойлан, таран т.б.
	Ырықсыз етіс - қимыл иесі арнайы айтылмай, іс қимыл өздігінен орындалады	-ыл (-іл, -л)	жиыл, тарал т.б.
	Өзгелік етіс - қимылдың, іс-әрекеттің сөйлемдегі іс иесі яғни субъектінің өзі емес, екінші бір басқа субъект	-т; -тыр (-тір, -дыр, -дір); -қыз (-ғыз, -кіз, -гіз)	ойлат, ойлаттыр, тарат, тарағыз
	Ортақ етіс - қимыл, іс-әрекеттің иесі, орындаушысы біреу емес, бірнешеу болатын етіс	-ыс (-іс, е)	тарас, жинас т.б.
Болымдылық және	Болымды		кел, жүр, отыр, тұр, т.б.

	болымсыздық +іс әрекеттің орындалуына қарай	Болымсыз	ма, -ме, (-ба, -бе, -па, -пе)	айтпа, келме, кетпе, жазба, жүрме, отырма, сүзбе, т.б.
	Амалдың өту сипаты	Амалдың өту белгілерін білдіреді	-ла (-ле, -да, -де, -та, -те); -қыла (-кіле, -ғыла, -гіле); -мала (-меле, -бала, -беле, -пала, -пеле); - ғышта (-қышта, -кіште, гіште); - ыңқыра (-іңкіре, -ңқыра, - ңкіре); -ымсыра (-імсіре, -мсыра, -місре); -ыстрыр (-істір, -стыр, - стір);	оймала, ойғышта, жиыстыр, т.б.
	Есімше - сөйлемде есімнің де, етістіктің де қызметінде қолданылатын етістіктің түрі	Өткен шақты білдіреді	-ған, -ген, -қан, -кен;	айтқан, жеткен, келген, ойнаған, т.б.
		Келер шақты білдіреді	-ар, -ер, -р;	келер, ойнар, т.б.
		Дағдылы	-с, -атын, -етін, -йтын, -йтін, -ушы, -уші;	келетін, ойнайтын, т.б.
		Мақсат	-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек;	келмек, ойнамақ, т.б.
		Өткен шақты білдіреді	-ып, -іп, -п	келіп, ойнап, т.б.
		Ауыспалы шақ	-а, -е, -й	келе, ойнай, т.б.
	Көсемше - негізгі қимылды айқындайтын	Мақсат	-ғалы, -гелі, -қалы, -келі	келгелі, ойнағалы, т.б.

	қосымша қимылды білдіретін етістіктің түрі	Мезгіл	-ғанша, -генше, -қанша, -кенше	келгенше, ойнағанша, т.б.
		Шарт	-майынша, -мейінше, -пайынша, пейінше	айтпайынша, келмейінше, ойнамайынша, жетпейінше, т.б.
Рай - қимылдың болмысқа қатысы туралы сөйлеушінің түсінігін, көзқарасын білдіреді.		Ашық рай - амал-әрекеттің өткенде, қазірде және келешекте болу я болмауын білдіретін негативті грамматикалық категория		айтпады, айтты, айтады, т.б.
		Неғайбыл рай - амалдың нақты емес екенін білдіретін негативтік сипат - неғайбыл рай	Бұйрық рай бұйрықты, насихатты, тыйымды және т.б. білдіреді	келіңіз, ойнасын, т.б.
			Шартты рай - басқа бір амалдың я істің жүзеге асу-аспау шартын білдіреді	келсе, ойнаса, т.б.
			Қалау рай - сөйлеушінің белгілі бір амалды я әрекетті жүзеге	келгісі келді, ойнаса екен, т.б.

		сипатын танытады			
Келер шак - алдағы уақытта болуы мүмкін, бірақ әлі басталмаған қимылды білдіреді		Ауыспалы келер шак - іс- қимылдың алдағы уақытта анық іске асатынын білдіреді	-е, -й	келе-мін, ойнай-мын, т.б.	
		Болжалды келер шак - іс- қимылдың келешекте іске асуын күмәндануды білдіреді	-ар, -ер, -р	айтар, келер, ойнар, т.б.	
		Мақсатты келер шак - іс- қимылдың мақсатын білдіреді	-мақ, -мек	келмек, ойнамақ, т.б.	

I.1.6 Үстеу

Бұл тақырыпта қазақ тілі сөз таптарының бірі «Үстеу» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 9] дереккөздері пайдаланылды.

Үстеу – заттың қимылы мен іс-әрекетінің әр түрлі сындық, сапалық белгісінің сипатын, күй-жайларын білдіріп, **қалай? қалайша? қашан? қашаннан? қай? қайда? қайдан? қаншама? қанишалықты? неше?** деген сұрақтарға жауап беретін сөз табы.

Сындық, сапалық белгілерге бейнелік, мезгілдік, мекендік, мөлшерлік, шарттық белгілер жатады.

Үстеулер құрамына қарай **дара** және **күрделі үстеулер** болып екі топқа бөлінеді.

Дара үстеулер морфологиялық құрылысы мен құрамы қарай **негізгі үстеулер** мен **туынды үстеулерге** бөлінеді.

Негізгі үстеулер – қазіргі кезде морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір формада қалыптасқан сөздер. Мысалдар: *аса, әбден, әдейі, әзер(азар), әнтек, әншейін, әрең, әрмен, әрі, бері, бағана, бермен, дәйім, дәл, дереу, енді, ең, ерекше, ерте, жоғарғы, жорта, қазір, қақ, кері, кеше, қасақана, лық(а), мейлінше, мүлде(м) нағыз, нақ, орасан, өсе, сәл, тек, төмен, төтенше, тым, тіпті, ұдайы, үнемі, шапшаң, ілгері*, т. б.

Негізгі үстеулердің мынадай үш түрлі ерекшеліктері бар:

- кейбір негізгі үстеулерден **рақ, рек, ырақ, ірек, дау, деу, лау, леу, тау, теу** жұрнақтары арқылы **шырай** категориясы жасалады. Мысалы: *әрменірек, бұрынырақ, керілеу, нағыздау, нақтау, жоғарғырақ, төменгірек, төмендеу, қасақаналау, терістеу*.

- Негізгі үстеулердің алдына **аса, қабағат, мейлінше, өте, тіпті** сияқты күшейткіш сөздер қолданылып, шырай жасалады. Мысалы: *аса ілгері, мейлінше дұрыс, өте төмен, тіпті жақын*.

- Негізгі үстеулер қосарланып та, мағынасы жакын сөздердің тіркесі (**плеонизм**) жолымен қабаттасып та, қолданылады. Мысалы: *құр босқа, жай босқа, текке босқа, бос бекерге, құр*

бекер, бекерден-бекер, бостан-босқа, тектен-тек, бостан-бос, құрдан-құр, т. б.

• Негізгі үстеулерден туынды үстеулер қосымшалар арқылы да, қорсарлану арқылы да, басқа сөздермен тіркесіп те жасалады. Мысалы: *азар-азар, азар деп, азар-азар деп, әрең, әрең-әрең, әдейілеп, әрі-бері, бұрынды-соңды, жоғарылы-төменді, енді-енді ендігәрі, кейінде, кейіннен, ұдайылап, ілгері-кейін, т. б.*

Туынды үстеулер – басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, сөздердің бірігу, тіркесу мен қосарлану тәсілдері арқылы және кейбір сөз тіркестерінің тұрақтанып, үстеуге айналғаны арқылы жасалған үстеулер.

Туынды үстеулер құрамы мен құрылысына қарай *жалаң туынды үстеулер* және *күрделі туынды үстеулер* болып, екі топқа бөлінеді.

Жалаң туынды үстеулер – түрлі қосымшалар (*жұрнақтар* немесе *жалғаулар*) арқылы жасалған үстеулер.

Жалаң туынды үстеулерді тудыратын жұрнақтар: *ша, ше, ын, ін, дай, дей, лай, лей, лап, леп, дап, деп, сын, сін, тап, теп, тай, тей, қары, кері, шама, дайын, дейін, тайын, тейін, шылап, шілеп, шалық.*

1) *ша, ше* жұрнағы жалқы және жалпы зат есімдердің жекеше, көпше және тәуелді түрлеріне немесе негізгі және туынды сын есімдерге немесе жіктеу, өздік және белгісіздік есімдерге жалғанып, мағына жағынан амалдың қалай немесе қалайша істелетіндігін білдіретін үстеу тудырады. Мысалы: зат есімге жалғануы: жекеше - *Әлжаниша, құсша, Төлебише, бүркітше*; көпше - *одағайларша, етістіктерше*; тәуелді - *қолымша, қолдарыңша, көзімше, көздеріңізше*; сын есімге жалғануы: *ескіше, жаңаша, басқаша, биылғыша, бұрынғыша*; жіктеу есімдіктеріне жалғануы: *менше, меніңше, сендерше*, өздік есімдікке жалғануы: *өзімше, өздерінше*, белгісіздік есімдіктеріне жалғануы: *әлдекімше*, т.б.

2) *дай, дей, лай, лей, тай, тей* жұрнақтары есім сөздерге жалғанып үстеу тудырады. Мысалы: *жаздай, майдай, гүлдей, күндей, осылай, солай, екіншілей, ертелей, жастай, ластай, кештей, көктей*, т.б.

3) *дай, дей, тай, тей* қосымшалардан құралған *дайын, дейін, тайын, тейін* деген құранды жұрнақтары есім сөздерге жалғанып үстеу тудырады. Мысалы: *тотыдайын, бөрідейін, тастайын, бүркіттейін*.

4) *шалық, шама, ша* жұрнақтары сілтеу есімдіктерінен үстеу жасайды. Мысалы: *мұншалық, оншалық, соншалық, мұншама, оншама, соншама, мұнша, онша, сонша*, т.б.

5) *дап, деп, лап, леп, тап, теп* жұрнақтары тек үстеуленген (адвербиалданған) сөз таптарынан ғана үстеу жасайды. Мысалы: *уағыздап, сегіздеп, жаяулап, елулеп уыстап, шелектеп*, т.б.

6) *шылап, шілеп* жұрнағы бастапқы *ша, ше* және *лап, леп* деген қосымшалардан құралған. Мысалы: *бағбанышылап, бастықшылап, қазақшылап, мергеншілеп, өзімшілеп*, т.б.

7) *қары, кері* жұрнағы санаулы сөздерге жалғанып үстеу жасайды. Мысалы: *тысқары, ішкері, сыртқары, шеткері*, т.б.

8) *ын, ін, сын, сін* қосымшалары біраз сөздерге ғана жалғанып үстеу тудырады. Мысалы: *қысын, күзін, астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кешкісін*, т.б.

9) *байынша, бейінше, майынша, мейінше, пайынша, пейінше*. Мысалы: *жазбайынша, түсінбейінше, асамайынша, жемейінше, ұрыспайынша, ішпейінше*, т.б.

Көнеленген формалар арқылы туған жалаң үстеулер – көп сөздердің белгілі бір септік жалғау формасында қалыптасып, бір-бірінен бөлінбейтіндей болып көнеленген үстеулер.

Септелу тек есімдерге тән, сондықтан мұндай үстеулер кейбір септік жалғауларының көнеленуінің нәтижесінде есімдерден туады:

- **Барыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер:** *алға, артқа, ас(т)қа, әзірге, әреңге, бекерге, босқа, бірге, жатқа, зорға, ертеңіне, кешке, күнге, қазірге, текке, үс(т)ке*, т. б.

- **Жатыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер:** *абайсызда, алда, аңдаусызда, артта, аста, әлгіде, байқаусызда, баяғыда, бертінде, жаңада, жөппелдем(е)де, кейде, күнде, қапелімде, қапыда, қапылыста, лезде, өткенде,*

- *тұсымда, түсімде, түнде, үсте, ілуде, іңірде*, т. б.

• **Шығыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер:** аяғынан, басынан, баяғыдан, әуелден, жүресінен, етпетінен, ежелден, ертеден, ертеңнен, лажсыздан, келтесінен, кенеттен, кеңінен, қатеден, қырынан, тосыннан, тезінен, төтеден, тігінен, шалқасынан, шетінен, т. б.

• **Көмектес септіктің көнеленуінен туған үстеулер:** азаңмен, жайымен, жолымен, жөнімен, кезекпен, қалпымен, қатармен, расымен, ретімен, түйдегімен, үнімен, шынымен, т. б.

Күрделі туынды үстеулер – екі сөзден бірігіп, қосарланып / қайталанып және екі немесе одан да көп сөздерден тіркесіп тұрақтанған үстеулер.

Күрделі туынды үстеулер төрт түрлі әдіспен жасалады:

1) Үстеуден басқа сөз таптарына тән сөздердің бірігуінен жасалған үстеулер. Мысалдар: *әлдеқайда, әжесітәуір, әлдекімше, әрдайым, әрқашан, бүгін, биыл, бірқатар, бірқыдыру, бірталай, жаздыгүні, екіншәрі, ендігәрі, ешқашан, күздігүні, қыстыгүні, неғұрлым, сөйтіп, таңертең, түнеугүні, т. б.*

2) Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер. Мысалы: *алды-артына, анда-санда, аунап-қунап, арлы-берлі, бет-бетімен, бетпе-бет, бостан-босқа, бір-бірлеп, жата-жастана, жоғары-төмен, ертелі-кеш, лег-легімен, көзбе-көз, күні-түні, қолма-қол, қолды-қолына, кие-жара, күліп-ойнап, он-ондап, мың-мыңдап; оқта-текте, жапа-тармағай, сөзбе-сөз, тектен-текке, тобымен, туп-тура, тырым-тырағай, үсті-үстіне, т. б.*

3) Сөздердің қайталануы арқылы жасалған үстеулер. Мысалы: *әрең-әрең, енді-енді, жиі-жиі, зорға-зорға; күнде-күнде, жылда-жылда; сөйлей-сөйлей, көре-көре, айтып-айтып; бірте-бірте, біртіндеп-біртіндеп; оқтын-оқтын, т. б.*

4) Сөздердің тіркесуі арқылы жасалған үстеулер. Жазуда бөлек таңбаланып, мағына жағынан бір сөз ретінде қолданылатын грамматикаланған және идиомаланған тұрақты тіркестерді екі топқа бөлуге болады:

• **Грамматикаланған жай тіркестер:** айта келе, ала жаздай, ала сала, алдын ала, жаза келе, жоғары жаққа, ертеден

қара кешке, келе сала, күндерде бір күн, күні кеше, күні бүгін, күні ілгері, кітапқа бола, қыс бойы, оқи келе, сабаққа бола, соңын ала, таң сәріде, төмен қарай, т. б.

• **Идиомаланған тұрақты тіркестер:** *аузын қу шөппен сүрткен, аяқ астынан, елден ала бөтен, қаннен қаперсіз, қас пен көздің арасында, құлан таза, қырық пышақ, өгіз аяң, томаға тұйық, түн баласында, т. б.*

Үстеулер қимыл, іс-әрекеттің мезгілін, мөлшерін, мақсатын себептерін білдіруіне қарай мынандай сегіз түрге бөлінеді: *мезгіл үстеулері, мекен үстеулері, мөлшер үстеулері, сын (бейне) үстеулері, күшейту (ұлғайту) үстеулері, мақсат үстеулері, себеп салдар үстеулері, топтау үстеулері.*

Мезгіл үстеулері – етістікпен тіркесе қолданылып, қимылдың, іс-әрекеттің мезгілін, мерзімін, уақытын білдіріп, *қашан? қашаннан?* деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *ала жаздай, анда-санда, бүгін, жазғытұрым, ертең, ертелі-кеш, кеше, күні-түні, таңертең, т.б.*

Мекен үстеулері – қимылдың, іс-әрекеттің орындалатын орнын, мекенін көрсетіп, *қайда? қайдан? қалай қарай?* деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *алға, әрде, жоғары, жоғарыдан, жолшыбай, кері, тауға қарай, ілгері-кейін, төмен, ілгеріде, т. б.*

Мөлшер үстеулері – қимылдың немесе сынның мөлшерін, көлемін, шамасын білдіріп, *қашан? қаншама? қаншалық? қаншалан?* деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *біршама, біршамалап, біршамалық, недәуір, сонша, соншалық.*

Сын (бейне) үстеулері – қимылдың, іс-әрекеттің орындалу амалын, тәсілін, сын-бейнесін білдіріп, *қайтіп? қалайша? қалай? кімше? неше?* деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *ақырын, балаша, бекерден-бекер, бүркіттейін, бірден, бірте-бірте, жылдам, қазша, қолма-қол, тез, т.б.*

Күшейту (ұлғайту) үстеулері – заттың сынын, қимылдың, іс-әрекеттің сапасын, бейнесін, белгісін, мөлшерін, көлемін орындалу амалын, не солғындатып, не күшейтіп көрсетіп, *қалай? қандай?*

деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *аса, әбден, дәл, ең, зор, жоқ, керемет, кілең, мүлдем, нағыз, нақ, нық, орасан, өңкей, өте, сәл, тым, тіпті, ылғи*, т.б.

Мақсат үстеулері – қимылдың, іс-әрекеттің орындалу мақсатын білдіріп, *не мақсатпен? қалай?* деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *әдейі, әдейілеп, байқап, жорта, қасақана, ойлап, уақытша*, т.б.

Себеп-салдар үстеулері – қимылдың, іс-әрекеттің орындалу себебін білдіріп, *не себепті? қалай? неге?* деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *амалсыздан, бекерге, бекерден-бекер, босқа, құр босқа, лажсыздан, текке, шарасыздан*, т.б.

Сын (бейне) үстеулері – қимылдың бейнесін, орындалу амалын білдіріп, *қалай? қалайша? неше?* деген сұрақтарға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *бірден, бірте-бірте, жылдам, тез*, т.б.

Топтау үстеулері – амалдық және басқа қарым-қатынастың бірігуі арқылы істелгенін немесе, көрсетілгеніне, жекеленіп істелетіндігін білдіріп, *қаншадан? қалай-қалай? нешеден? нешеуден?* сияқты сұрауларға жауап беретін үстеулер. Мысалы: *екеулеп, он-ондап, рет-ретімен, топ-тобымен, үйді-үйіне*, т.б.

Үстеудің шырай формалары

Үстеу қазақ тілінде түрленбейтін сөз табы деп есептеледі. Бірақ бірсыпыра мезгіл, мекен үстеулері сын есімнің шырай формасын жасайтын ***рақ, рек, ырақ, ірек*** жұрнақтарын абылдап, қимылдың орындалу белгісінің әр түрлі дәрежеде іске асатынын көрсетеді. Мысалы: ***алдыңғырақ, бұрынырақ, ертерек, жоғарырақ, кейінірек, керірек, орныңқырақ, отырыңқырақ, төменірек, ілгерірек***, т.б.

Сондай-ақ *аса, өте, тым* сияқты күшейткіш сөздер арқылы асырмалы шырай формалары жасалады. Мысалы: *аса ерте, өте кеш, өте тез, тым әрі, тым жоғары, тым жылдам*.

Егер үстеулер шырай формаларын жасаса, онда үстеулердің сын есімдеріне түрленеді. Мысалы: *жоғары мектеп, төмен адам, ілгері ой, ерте егіс, жылдам бала*, т.б.

I.1.6-Кестеде Үстеу формалары көрсетілген.

І.1.6-Кесте. Үстеу формалары

Үстеу – іс-әрекет, қимылдың, заттың сынының түрлі белгілерін білдіретін лексика- граммати- калық топ.	Үстеу негізі құрамына қарай бөлінеді	Дара	Негізгі - морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір формада қалыптасқан сөздер		әрең, азар (әзер), әдейі, жорта, қасақана, ұдайы, үнемі т.б.
			Туынды - басқа сөз таптарынан түрлі қосымшалар арқылы, сөздердің бірігу және қосарлану, тіркесу тәсілдері арқылы, сондай-ақ, кейбір сөз тіркестерінің тұрақтануы	Жұрнақ арқылы	
			арқылы жасалған (я үстеуге айналған) үстеулер	Барыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер	зорға, босқа, текке, жатқа, бекерге, әреңге т.б.
				Жатыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер	алда, артта, аста, үсте, кейде, әлгіде т.б.

					Шығыс септіктің көнеленуінен туған үстеулер	шалқасынан, жүресінен, етпетінен, төтеден т.б.
					Көмектес септіктің көнеленуінен туған үстеулер	кезекпен, шынымен, қалпымен, жайымен т.б.
Үстеудің мағыналық түрлері	Күрделі	Бірігу арқылы - басқа сөз таптарына тән сөздер бірігудің нәтижесінде үстеулерге айналады	Қосарлану арқылы - екі үстеудің қосарлануы арқылы жасалады	Мезгіл үстеу: қашан? қашаннан?		бүгін, биыл, таңертең, жаздыгүні, қыстыгүні, әрқашан т.б.
						әрең-әрең, енді-енді, зорға-зорға; қолма-қол, сөзбе-сөз т.б.
					Мекен үстеу: қайда? қайдан?	кеше, бүгін, ертең, қазір, таңертең т.б.
					Мөлшер үстеу: қанша? қаншалық? қаншадан? нешелеп?	әрі, бері, жоғары, төмен т.б. сонша, онша, біраз, бірталай т.б.
					Сын - бейне үстеу: қалай? қалайша? қайтіп?	әрең, әзер, түгел, аздап т.б.
					Күшейту үстеу: қалай? қайтіп? қандай?	аса, нағыз, ең, өте, тым, тіпті т.б.
					Мақсат үстеу: не үшін? неге? не мақсатпен?	әдейі, жорға, қасақана т.б.
					Себеп- салдар үстеу: неліктен? не себепті? қалай?	бекерге, босқа, әншейін т.б.
					Топтау үстеу: қалай? қаншадан?	бір-бірлеп, үшеулеп

I.1.7 Еліктеу сөз

Бұл тақырыпта қазақ тілі сөз таптарының бірі «Еліктеу сөз» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 10] дереккөздері пайдаланылды.

Еліктеу сөздер – айналадағы, табиғаттағы түрлі дыбыстарға, құбылыстарға, қимыл-әрекеттерге және солардың бейнелеріне, сын-сипаттарына еліктеу арқылы жасалған сөздер. Мысалы: *арбаң-арбаң, дорбаң-дорбаң, жалт-жұлт, күлмің-күлмің, сарт-сарт, тарс-тұрс, шаңқ-шаңқ, шіңк-шіңк.*

Еліктеу сөздердің дыбыстық құрамында белгілі бір ізге түсіп қалыптасқан әрі орнықты, әрі жүйелі заң болады.

Мысалы:

1. *арс, борс, бүрс, гүрс, дүрс, күрс, қорс, мырс, тарс, тұрс, тырс, ұрс, ырс, т.б.*

2. *борт, бырт, күрт, кірт, морт, сарт, сұрт, сырт, шарт, шырт, т.б.*

3. *жап, жып, лап, лып, сап, сып, тап, топ, тып, шап, т.б.*

4. *барқ, бырқ, жарқ, зырқ, зірк, күрк, қорқ, ырқ, ірк, т.б.*

5. *аңқ, еңк, дөңк, дүңк, діңк, күңк, қаңқ, қоңқ, құңқ, қыңқ, мыңқ, саңқ, сұңқ, сыңқ, таңқ, тыңқ, шаңқ, шұңқ, шіңк, ыңқ, іңк, т.б.*

6. *былқ, бүлк, қолқ, қылқ, кілк, селк, солқ, сылқ, т.б.*

7. *балп, болп, былп, елп, жалп, желп, жылп, қолп, салп, сылп, шалп, шолп, шылп, ұлп, т. б.*

8. *жамп, күмп, қомп, томп, тымп, сымп, т.б.*

9. *арбаң, арсалаң, бүгжең, далаң, даң, дүң, ербең, қайқаң, қаң, қоқаң, құйқаң, құң, қызараң, маң, митың, жымың, салаң, сұлаң, тарбаң, тың, тыржың, шаң, шұң, шың, ыржың, т.б.*

10. *ар, быр, дар, дыр, дір, күр, қор, қыр, сыр, шар, шыр, т.б.*

11. *баж, быж, бұж, гүж, күж, қыж, шаж, шыж, т.б.*

12. *ақ, бақ, бық, қақ, қық, сақ, тық, шақ, шық, т.б.*

13. *жалт, жұлт, жылт, кілт, қалт, құлт, қылт, мылт, сылт, талт, тылт, т.б.*

14. *гу, ду, зу, лау, сау, су, т.б.*

15. *барп, борп, қорп, сарп, тарп, тырп*, т.б.

16. *батыр, бұтыр, күбір, күңгір, қаңғыр, салбыр, ұлбір*, т.б.

Еліктеу сөздер семантикалық жағынан екі топқа бөлінеді:

- есту қабілеті арқылы табиғаттағы құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысу, соқтығысуларынан туатын және жан-жануарлар шығаратын дыбыстарға еліктеуден пайда болған түсініктерді білдіретін **еліктеуіш сөздер**. Мысалы: *гүрс, гүрс-гүрс, дыр, дыр-дыр, қорс-қорс, салдыр, салдыр-гүлдір, тарс, тарс-тарс, шаңқ, шаңқ-шаңқ, шолп, шолп-шолп, шықыр-шықыр*;

- көру қабілеті арқылы табиғаттағы құбылыстар мен заттардың және жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл-әрекеттерінің көріністерінен пайда болған түсініктерді білдіретін **бейнелеуіш сөздер**. Мысалы: *арбаң-арбаң, бүлк-бүлк, ербең-ербең, жалт, жалт-жұлт, жарқ, жарқ-жұрқ, желп-желп, көлбең, лып, лып-лып, маймақ, маң-маң*.

Еліктеу сөздер **құрамына** қарай **негізгі, туынды, күрделі түбір** болып бөлінеді.

- **Негізгі еліктеу сөздерге түбір** сөздер жатады.
- Мысалы: *арс, бүлк, дүңк, дүрс, дік, жалп, жарқ, жылт, қарқ, қиқ, пыр, тарс, тырс, шаңқ, шарт, шиқ, шіңк*, т.б.
- **Туынды еліктеу сөздер аң, ең, ың, ің, ң** жұрнақтары арқылы жасалады. Мысалы: *балп+аң, елп+ең, жайна+ң, жылт+ың, қиқ+аң, кілт+ің, опыр-топыр, салп+аң, тал+паң, шорт+аң, ылп+ың, ілп+ің*, т.б.
- **Күрделі еліктеу сөздерге қосарлану және қайталану** арқылы жасалғандар жатады, олар **дефис** «-» арқылы жазылады. Мысалы: қосарлану - *арбаң-ербең, адыраң-едірең, қалт-құлт, шап-шұп*; қайталау - *бүрсең-бүрсең, гүрс-гүрс, делең-делең, дүр-дүр, жалп-жалп, қарш-қарш, қорбаң-қорбаң, сарт-сарт*, т.б.

Еліктеу сөздерден **жұрнақ** арқылы басқа сөз таптары жасалады:

1. Еліктеу сөзден **зат есім** жасайтын жұрнақтар:

• *ыл, іл, л.* **Мысалы:** *арс+ыл, бұлк+іл, дұрс+іл, күңк+іл, сарт+ыл, тарс+ыл, ың+қыл, т.б.*

• *ақ, ек.* **Мысалы:** *бұлт+ақ, бұлк+ек, т.б.*

• *ғыр, гір.* **Мысалы:** *даң-ғыр, дүң+гір, қаң+ғыр, күң+гір, т.б.*

2. Еліктеу сөзден *етістік* жасайтын жұрнақтар:

• *ыра, іре.* **Мысалы:** *салб+ыра, үлб+іре, т.б.*

• *ла, ле.* **Мысалы:** *дабыр+ла, күбір+ле, т.б.*

• *да, де.* **Мысалы:** *қоқаң+да, ербең+де, т.б.*

Еліктеуіш сөздер жеке тұрып та, көмекші етістігімен тіркесіп те, кейде *негізгі етістікпен* тіркесіп те қолданылады.

I.1.7-Кестеде Еліктеу сөз формалары көрсетілген.

І.1.7-Кесте. Еліктеу сөз формалары.

Еліктеу сөз - табиғат құбылыстары мен жан- жануарларда болатын әр алуан дыбыстарға және олардың сын-сипат, қимыл- әрекеттеріне еліктеуден туған сөздер	Еліктеу негізі құрамына қарай бөлінеді	Дара	Негізгі - морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір формада қалыптасқан сөздер	дүрс, ар, морт, солқ, гүрс т.б.
			Туынды - қосымша арқылы жасалады	томп+аң, елп+ең, қорб+аң т.б.
	Күрделі	Қосарлану арқылы		тарс-тұрс, былқ - сылқ, жарқ-жұрқ т.б.
		Қайталану арқылы - екі одағайдың қайталануы арқылы жасалады		маң - маң, гүр - гүр, дір - дір т.б.
Үстеудің мағыналық түрлері		Еліктеуіш - жанды, жансыз заттар шығарған түрлі дыбыстарды беру үшін қолданылады		тарс, сарт, салдыр-күлдір, қарқ, морт т.б.
		Бейнелеуіш - заттардың, құбылыстар мен қимыл - қозғалыстардың түрлі сын- сипаты, әрекеттері көру қабілеті арқылы қабылданып айтылатын сөздер		зып, бүлк, қалқ, селк т.б.

I.1.8 Шылау сөздер

Бұл тақырыпта қазақ тілі сөз таптарының бірі «Шылау сөздер» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 11] дереккөздері пайдаланылды.

Шылау сөздер (Шылаулар) – өз алдына лексикалық мағынасы жоқ, басқа сөз таптарымен тіркесіп, олардың мағыналарына түрлі реңктер үстеп, толықтыратын және айқындайтын, сонымен қатар, сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді байланыстыратын, бірақ сөйлем мүшесі болмайтын, түрленбейтін, сөз табы болатын көмекші сөздер.

Грамматикалық сипаттарына қарай, шылаулар үш топқа бөлінеді: *жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер*

Жалғаулықтар – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді *салалас (тең дәрежеде)* байланыстыратын және өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы түрлі қатынастарды білдіретін шылаулар.

Жалғаулықтарға мыналар жатады: *алайда, әлде, әйткенмен, әйтпесе, әрі, бен, бірақ, біресе, мен, да, де, дегенмен, және, не, не болмаса, немесе, өйткені, пен, себебі, сонда да, сондықтан, сол себепті, та, те, я, яки.*

Жалғаулықтар ең кемі өзара тең екі сөзге не екі сөз тіркесіне бірдей қатысты болады.

Мысалы: *біз бенен ине, күн мен түн, қыс пенен жаз* дегендегі *бенен, мен, пенен* жалғаулықтары тек бұрынғы немесе соңғы сөзге ғана емес, екі жағындағы сөздердің екеуіне де бірдей қатысты болып, оларды бір-бірімен жалғастыру үшін қолданылған.

Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әр түрлі мағыналық қатынаста байланыстырады, оларға мыналар жатады:

1. *Ыңғайластық қатынасты* білдіретін жалғаулықтар (*Ыңғайластық жалғаулықтар*) бірыңғай салаласа байланысатын сөйлем мен тең дәрежедегі сөздер, сөз тіркестерін байланыстырып,

ыңғайластық қатынасын да білдіреді. Оларға мыналар жатады: *әрі, бен, бенен, және, мен, менен, пен, пенен, да, де, та, те, һәм.*

2. *Қарсылықты қатынасты* білдіретін жалғаулықтар (*Қарсылықты жалғаулықтар*) салаласа байланысатын сөйлемдер арасындағы қарсылық мәнді білдіру үшін қолданылады. Оларға мыналар жатады: *алайда, әйткенмен, әйтпесе, бірақ, дегенмен, онда да, сонда да.*

3. *Талғаулықты қатынасты* немесе *кезектестік мәнді* білдіретін жалғаулықтар: *әлде, бір, бірде, біресе, болмаса, кейде, мейлі, не, немесе, я, яки.* Мұнда кезектестік мәнді білдіретін *бір, біресе* деген жалғаулықтар іс-әрекетінің кезекпен бірінен соң бірі қайталанып отыратын білдіру үшін етістіктердің тікелей алдында келіп қолданылады. Мысалы: *Үйге бір кірдім, бір шықтым.*

4. *Себептік қатынасты* білдіретін жалғаулықтар (*Себептік жалғаулықтар*) салалас құрмаластың жай сөйлемдерін байланыстырып, соңғы сөйлем алдыңғы сөйлемдегі іс-әрекеттің себебін білдіреді: *өйткені, себебі, сол себепті.* Мысалы: *Ешкім сұрақ қойған жоқ, өйткені (себебі) жағдайды барлығы түсінді.*

5. *Салдарлық қатынасты* білдіретін жалғаулықтар болған іс-әрекеттің нәтижесін, салдарын білдіру үшін қолданылады және құрмаластың жай сөйлемдерінің арасында орналасып, соңғы сөйлем құрамына енеді: *сондықтан, сол себепті.* Мысалы: *Ертең күн ыстық болады екен, сондықтан (сол себепті) далаға жеңіл киіммен шығуға болады.*

6. *Шарттық қатынасты* білдіретін жалғаулықтар (*Шарттық жалғаулықтар*): *егер, егер де, мейлі, онда, сонда.* Шарттық жалғаулық *егер (егер де, мейлі)* құрмалас сөйлемнің бағыныңқы сыңарының басында қолданылады да, *онда (сонда)* басыңқы сыңардың басында тұрады. Мысалы: *Егер мектепке бармасаң, онда білімді бола алмайсың.*

7. *Айқындағыш қатынасты* білдіретін жалғаулықтар (*Айқындағыш жалғаулықтар*): *демек, яғни.* Бұлар жеке сөздерді немесе жеке сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырады да, алдыңғы сөз арқылы айтылатын ойды кейінгі сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем

арқылы баяндауға болады. Мысалы: *ғалым айтқанын түсінген екенбіз, демек, біз де бірдеңе білгенбіз.*

8. *Ұшастырғыш қатынасты* білдіретін жалғаулықтар (*Ұшастырғыш жалғаулықтар*): *ал ендеше, олай болса.* Бұлар мағына жағынан біріне –бірі орай қолданылатын екі жай сөйлемді ұшастырып байланыстыру үшін жұмсалады да, бірінші сөйлемнен кейін іле екінші сөйлемде айтылатын ойды бастау үшін дәнекер ретінде қызмет етеді. Мысалы: *Ендеше бәріміз міндеттерімізді атқарайық. Олай болса жұмыстың қиындағаны.*

Жеке сөздер мен сөйлемдерді байланыстыру қабілеті жағынан, жалғаулықтар *салаластырғыш жалғаулықтар, сабақтастырғыш жалғаулықтар* болып екі топқа бөлінеді:

Салаластырғыш жалғаулықтарға *ыңғайластық шылаулары* мен *талғаулық шылаулары* жатады.

Сабақтастырғыш жалғаулықтарға *қарсылықты, себептік, салдарлық, шарттық, айқындағыш шылаулары* жатады. Олар жеке сөздерді немесе жеке сөйлемдерді бір-бірімен жалғастырады да, алдыңғы сөз арқылы айтылатын ойды кейінгі сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы баяндауға болады.

Септеуліктер – грамматикалық қатынастырды білдіру үшін қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздер.

Септеуліктер өздері тіркесетін есімдерге, субстантивтенген өзге атаулы сөздерге себептік бағыттық, мақсаттық, көмектік, мезгілдік, қайталау, талғау, үдету, ұқсату сияқты әрқилы мағыналарды жамап, тыңғылықтандырып отырады. Мысалы: *Біздің ауыл жайында Астанаға **дейін** хабарланды. Үйден шыққан соң ол жұмысына **қарай** кетті.* Бұл сөйлемдердегі **дейін, қарай** септеуліктерін алып тастап *Астанаға, жұмысына* деп қана жазылса, онда сөйлемдердегі ой өзгеріп кетеді. Өйткені алғашқы сөйлемде *ауыл* жайын жергілікті аудандық, облыстық т.б. мекемелердің бәріне хабарлап, сонан соң Астанаға хабарлағаны байқалса, ал *дейін* септеулігінсіз жазғанда ауылдың жайын тікелей Астанаға ғана хабарлағаны аңғарылар еді. Сол сияқты *жұмысына*

қарай дегенде оның жұмыс жаққа кеткенін аңғартатын болсақ, *қарай* септеулігін қоспай, жұмысына кетті дегенде, ол ешқайда бұрылмай жұмысына кетті деп түсінілер еді.

1. Атау септікті меңгеретін септеуліктер.

а) **үшін** септеулігі негізінде атау септік формасындағы зат есімдермен, есімдіктермен, *с, ыс, іс, у,* формалы қимыл атаулармен, *ған, ген, мақ, мек, қан, кен* формалы есімшелермен тіркесіп жұмсалады да, оларға көбінесе *себеп, мақсат, арнау* мағыналарын жамайды. Ал **үшін** септігі негізінде *у, бақ, бек, мақ, мек, пақ, нек* формалы сөздерге және *бас, бес, мас, мес, нас, нес* формалы болымсыз есімшелерге тіркескенде мақсаттық мағына береді. Мысалы: *Ол шеткі ауылда басшы болу үшін туғандай. Ол сабақтан қалмас үшін ерте тұрады.*

ә) **сайын** септеулігі зат есімдермен, мезгіл атауларымен және *ған, ген, қан, кен* формалы есімшелермен тіркескенде, ол сөздерге *даралау, саралау* мағынасын үстейді немесе белгілі бір іс-әрекетті дүркін-дүркін қайталанып отыруын немесе үдей түсуін білдіретіндей қосымша мағына жамайды. Мысалы: *Олар бізді білсін деп кездескен сайын ескерттім.*

б) **сияқты** септеулігі сөйлемде зат есіммен, есімдікпен, қимыл атауларымен, тұйық етістікпен және *ған, ген, қан, кен, тын, тін* формалы есімшелермен тіркесіп қолданылады да, негізінде ұқсату мағынасын білдіреді. Мысалы: *Қазақ жастары басқа елдің жастары сияқты оқыған болуы керек.*

в) **туралы** септеулігі көбінесе зат есіммен, есімдік және қимыл атауымен тіркесте белгілі бір *хабар, ой-пікір, зат, іс-әрекет* жөнінде айтылатынын аңғартады. Бұл **туралы** септеулігімен мағыналас *турасында, турасынан, жайында, жайынан, жайлы, жөнінде, жөнінен* деген шылауларда бар. Мысалы: *Мен жұмыс туралы (жайында) сенімен ақылдасайын деп едім.*

г) **бойы, бойымен** септеуліктері көбінесе мезгіл-мәнді зат есімдермен, есімдіктермен және *ған, ген, қан, кен* формалы есімшелермен тіркесіп қолданылады да, белгілі мерзімнің бас

аяғын қамтитындай мағынаны аңғартады. Мысалы: *Өмір бойы шұлық жасап, етік тіккен Жұмабай жүр.*

ғ) **арқылы** септеулігі зат есіммен, есімдікпен және қимыл атауымен (тұйық етістіктермен) тіркесіп оларға “көмегімен”, “жәрдемімен” деген сияқты қосымша мағына үстеп бүтіндей тіркес белгілі бір баспалдақтық, сатылық ұғымдар білдіреді. Мысалы: *Зат есімнен етістік жұрнақ арқылы жасалады.* Оны тек **көру арқылы** түсінуге болады.

д) **шамалы, шақты, қаралы** септеуліктері негізінен сан есімдерімен тіркесіп қолданылады да санның негізгі ұғымына *жуық, тарта* деген сияқты мағына үстейді. Мысалы: *Қалада жүз шамалы мекеме бар екен. Далада он шақты адам тұр.*

е) **ғұрлы, ғұрлым** септеулігі атау формасындағы зат есімдермен, есімдіктермен *ған, ген, қан, кен* формалы есімшелермен және субстантивтенген өзге сөздермен тіркеседі де, оларды басқа бір сөзбен шендестіреді. Мысалы: *Надан адам ғұрлы болмайды. Сен айтқан сайын ол соғұрлым естімеген болады.*

2. Барыс септікті меңгертетін септеуліктер:

а) **шейін, дейін** септеулігі зат есімге көбінесе мезгілдік ұғымдардың атауларына, сан есімге, есімдікке және *ған, ген, қан, кен* формалы есімшелерге тіркеліп, негізінде мезгілдің немесе мекеннің аралық шегін білдіреді. Мысалы: *Мен оны үйіне шейін шығарып салдым. Ол келгенге дейін мен жұмысты аяқтаум керек.*

ә) **қарай, таман** септеуліктері барыс септіктегі зат есімге соның ішінде мезгіл атауларына, көмекші есімдерге және үстеу сөздерге тіркесіп белгілі бір мекендік бет алыспен бағытты және мезгілдік орайды білдіреді. Мысалы: *Ол үйіне қарай бет алды.*

б) **салым, тарта, жуық, таяу** сияқты өзара мағыналас септеулік шылауларда өздері тіркескен негізгі (атаушы) сөздердің барыс септік формасында тұруын қажет етеді. Мысалы: *Ол жазға салым теңіз жағалауына кетеді.*

3. Шығыс септікті меңгертетін септеуліктер:

а) **гөрі** септеулігі зат есімнің есімдікпен *ған, ген, қан, кен* формалы есімшелермен тіркесе қолданылып бір затты немесе құбылысты екінші бір затқа салыстырып, *таңдау, талғау* үшін жұмсалады. Мысалы: *Ол сөзден гөрі істі жақсы біледі.*

ә) **бері** септеулігі негізінен мезгілдік, шектік басталуына, кейде тұтас қамтылуына байланысты ұғымды білдіреді де, көбінесе мезгіл атауларына, есімдіктерге және *ған, ген, қан, кен* формалы есімшелерге тіркесіп уақыттың немесе мерзімнің басталу шегін аңғартады. Мысалы: *Ол он жылдан бері шет елге барған емес.*

б) **кейін** септеулігі зат есімге, мезгіл атауларына, есімдіктерге, қимыл атауына *ған, ген, қан, кен* формалы есімшелерге тіркесіп, белгілі бір фактының соңынан болатын мекендік немесе мезгілдік ұғымды білдіру үшін қызмет етеді және *соң, артынан* деген сөздермен мағыналас болады. Мысалы: *Ол шаршағаннан кейін дем алады. Мен жұмысты бітіргеннен кейін үйге кеттім.*

в) **соң** септеулігі қолданылу ыңғайына қарай бірде мезгілдік қатынасты білдірсе, бірде септік мағынада қолданылады. Мысалы: *Жақсы сөзден соң көбі қуанды. Сен демалып алған соң жұмысқа істеуге кіріс.*

г) **бұрын** септеулігі белгілі бір амалдың немесе оқиғаның алдын ала болуын білдіру үшін қолданылады. Мысалы: *Ол мектепті мезгілінен бұрын бітіріп, университетке түсті.*

ғ) **бетер** септеулігі белгілі бір іс-әрекеттің бұрын істелген іс-әрекеттен анағұрлым *күшті* немесе *осал* болатынын білдіру үшін жұмсалады. Мысалы: *Ол одан бетер ренжіді.*

4. Көмектес септікті меңгертетін септеуліктер.

Бірге, қатар, қоса септеуліктері көмектес септікті меңгертетін шылаулар, олар өзара мағыналас септеуліктер және белгілі бір іс-әрекеттің бас бір әрекетпен *қабаттаса, жарыса* жасалуын аңғартып *қоса* деген сөзбен мәндес форма тудырады. Мысалы: *Ол оқуын үздік бітіруімен қатар, жұмыс істеді.*

Демеулік шылаулар (демеуліктер) – өздері тіркесетін сөзге немесе сөйлемге *күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән, нақтылау* сияқты әртүлі қосымша реңктер мәнін үстейтін (жамайтын) сөздер.

Лексика-грамматикалық мағыналарына қарай демеулік шылаулар *сұраулық, күшейткіш, болжалдық, болымсыздық, нақтылық, шектік, тежеулік, қомсыну* демеуліктері болып бөлінеді.

1. **Сұраулық демеуліктер:** *ба, бе, ма, ме, па, пе, бы, бі, мы, мі, пы, пі.* Мысалы: *барасың ба? – барамысың? келесің бе? – келемісің? көріп пе ең? – көріппісің? айтып па ең? – айтыппысың?*

2. **Күшейткіш демеуліктер:** *ақ, ау, ай, әсіресе, да, де, та, те.* Мысалы: *досым-ай, қарағым-ау, осы-ақ, тілек те.*

3. **Болжалдық демеуліктер:** *мыс, міс.* Мысалы: *болыпты-мыс, өмір сүріпті-міс, барыпты-мыс, келіпті-міс.*

4. **Болымсыздық немесе қарсы мәнді салыстыру демеуліктері:** *түгіл, тұрсын, тұрмақ.* Мысалы: *мен түгіл, ол тұрсын, сен тұрмақ.*

5. **Нақтылық мәнді демеуліктер:** *ғой, қой, ды, ті, ты, ті.* Мысалы: *бар ғой, сол ғой, алыс қой, қалыс қой, айтқан-ды, сатылған-ды, көрген-ді, алыс-ты, жетіс-ті.*

6. **Шектілік демеуліктері:** *ақ, ғана, қана.* Мысалы: *біреу-ақ, жалғыз ғана, от қана.*

7. **Тежеулік демеуліктері:** *тек, ғана.* Мысалы: *тек қана, сен ғана.*

8. **Қомсыну мәнді демеуліктер:** *екеш.* Бұл шылау тіркескен сөзіне *қомсыну, менсінбеу* мағынасын үстейді. Екеш шылауы негізінен есім сөздердерге тіркеседі. Мысалы: *түйе екеш түйе де.*

Және, мен, бен, пен шылаулары сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыруда қолданылады да, ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Мысалы: *Абай мен Мұхтар және Шәкәрім – қазақ әдебиетіндегі біртуар тұлғалар.*

Мен, бен, пен жалғауы көмектес септік жалғауымен сырт тұлғасы жағынан ұқсас, алайда олардың бір-бірінен жазуда

айырмашылығы бар. Көмектес септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Мысалы: Жақсымен жолдас бол деген сөйлемді Жақсы жолдас бол деп айтуға болмайды. Ал шылауды түсіріп айта аламыз. Мысалы: *Жақсы мен жаман дегенді жақсы, жаман немесе жақсы және жаман деп айтуға болады.*

Да, де, та, те шылаулары сөзден бөлек жазылады. *Да, де, та, те* жалғаулығы сырт тұлғасы жағынан жатыс септік жалғауымен тұлғалас. Жатыс септік жалғауы сөзге жалғанып, бірге жазылады, оны түсіріп айтуға болмайды. Ал шылау бөлек жазылады және оны түсіріп немесе басқа жалғаулықпен алмастыруға болады. Мысалы: *Жасымда ғылым бар деп ескермедім. – Жасым ғылым бар деп ескермедім деп да жатыс септік жалғауын түсіріп айтуға болмайды. Ал Жас та, кәрі де риза дегенді Жас пен кәрі немесе жас, кәрі риза деп айта аламыз.*

Ба, бе, ма, ме, па, пе шылауы сөйлемге сұрау мәнін үстеп, сұраулы сөйлем жасайды да, өзі тіркескен сөзден бөлек жазылады. Бұл шылау сыртқы тұлғасы жағынан *ба, бе, ма, ме, па, пе* болымсыз етістік жұрнағымен ұқсас келеді. Шылау бөлек жазылады да, болымсыз етістік жұрнағы түбірге қосылып бірге жазылады. Кейде бұл шылау *бы, бі, мы, мі, ны, ні* түрінде өзгеріп, сөзге қосылып бірге жазылады. Мысалы: – Әкесісіз бе? – Әкесімісіз? *ақ, ай, ау, ді, ды, мыс, міс* демеуліктері дефис арқылы жазылады. Мысалы: *Өзің-ақ бара бер. Күннің суығын-ай. Ертеде бір балықшы болыпты-мыс. Қарағым-ау, неге кешіктің? Бұл жерде бұрын да болған-ды. т. б.*

I.1.8-Кестеде Шылау формалары көрсетілген.

І.1.8-Кесте. Шылау формалары.

Шылау - сөз бен сөздің немесе сөйлем мен сөйлемнің араларын байланыстыру, құрастыру үшін қолданылатын, өздері тіркескен сөздерінің ұғымдарына әр қилы реңктер үстеп, оларға ортақтасып, тұлға жағынан тиянақталған, лексика-грамматикалық мағынасы бар сөздер	Шылау грамматикалық сипаттарына қарай бөлінеді	Жалғаулық - өзара тең бірыңғай сөздерінің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді	Салалас тырғыш шылаулар	Ыңғайластық	мен, да, және, әрі, әмбе т.б.
				Талғаулықты	әлде, біресе, бірде, болмаса, мейлі т.б.
			Сабақтастырғыш шылаулар -	Қарсылықты	яки, бірақ, алайда, әйткенде, дегенмен т.б.
				Себепті	себебі, өйткені, не үшін десең т.б.
				Салдарлық	сондықтан, сол, себепті, сол үшін т.б.
				Шарттық	егер, егер де, алда жалда т.б.
				Айқындағыш	яғни, демек т. б.
		Септеулік шылаулар - объекті мен объектінің не предикаттың арасындағы түрлі грамматикалық қатынастарды білдіру үшін	Атау септікті меңгеретін септеуліктер	Ұстастырғыш	ал ендеше, ендеше, олай болса, онда т.б.
				Атау септікті меңгеретін септеуліктер	арқилы, туралы, жайында, жайлы, секілді, үшін, сайын, шақты, ғұрлы т.б.
			Барыс септікті меңгеретін септеуліктер		дейін, шейін, төмен, қарай, қарап, қарсы, салым, тарта, жуық т.б.
			Шығыс септікті меңгеретін септеуліктер		бері, кейін, соң, бұрын, бетер, гөрі, әрі, бөлек, өзге т.б.

		қолданылып, белгілі бір септік жалғауын меңгеріп тұратын көмекші сөздер	Көмектес септікті меңгеретін септеуліктер	қатар, бірге, қабат, қоса т.б.
		Демеулік шылаулар - өздері тіркесетін сөздерге әр қилы қосымша реңктер (мағыналар) жамайтын сөздер	Сұраулық	ма, ше т.б.
			Күшейткіш	-ақ, -ау, -ай, да, шы
			Нақтылық	қой, ды т.б.
			Шектік	қана, ғана, тек т.б.
			Болымсыздық	түгіл, тұрсын, тұрмақ т.б.
			Көңіл – күй	-мыс, -міс, екеш т.б.

I.1.9 Одағай

Бұл тақырыпта қазақ тілі сөз таптарының бірі «Одағай» қарастырылады. Материалды даярлағанда [1-3, 12] дереккөздері пайдаланылды.

Одағай – толық мағынасы болмайтын, адамның **түрлі көңіл күйін** білдіретін және **жан-жануарларға** қаратып айтылатын сөз.

Одағай сөздер мағына жағынан адамның, заттың өзі туралы да, сыны, саны, қимылы туралы да, қимылдың жайы-күйі туралы ұғым бермейді. Одағайлар адам сезімінің алуан түрлі күйін білдіретін дыбыстар сияқты болып келеді. Бірақ олар жай ғана дыбыстар емес, жұрттың көпшілігіне әбден түсінікті болып, белгілі дағды бойынша **сөз** ретінде пайдаланатын **дыбыстар** тіркесі. Мысалы: *ау, достар-ай, қалдерің қалай?; е, келдің бе әйтеуір. мә, өтіп кетті ғой. па, шіркін, қызық-қой!; уау, қандай сұлу! түү, тым алыс.* Осы мысалдардағы *ау, е, мә, па, уау, түү,* деген одағайлар үйреншікті сөздерге айналып, жұрттың бәріне түсінікті болып кеткен.

Одағайлар эмоционалдық-интонационалдық әуезділік, ырғақ құбылмалылығына өте бай категория, олар негізінен, түрленбейтін, қосымшаларды көп қабылдай бермейтін сөздер және олардың арасында жеке-дара күйінде ғана айтылатындар да, қосар күйінде қолданылатындар да бар.

Одағай сөздердің өз алдына мынадай ерекшеліктері бар:

– Одағай сөздердің мағыналары адамның әр түрлі сезімімен байланысты шығатын дыбыстық ишараттарды білдіреді. Мысалы: *Япырмау, жастық шақ қандай ыстық!*

– Адамның көңіл күйі құбылмалы болатындықтан, одағай сөздердің көпшілігінің мағыналары да құбылмалы, ауыспалы демек, көп мағыналы болып келеді. Ол сөйлемде айтылатын ойдың жалпы аңғарына қарай бірде сүйсіну, бірде кею, ренжу, күдіктену сияқты құбылыстарды білдіріп, құбылып отырады. Мысалы: *Әй, кім бар мұнда?*

Одағай құрамы жағынан *дара* және *күрделі*, *негізгі* және *туынды* болып бөлінеді.

Дара одағайлар негізгі түбірлі (тәйт, тек, бәсе, қап, шек, құп, хайыр). *Күрделі одағайлар* қосарлы одағайлар: *шөре-шөре, сап-сап, пай-пай*; етістік тіркесі арқылы келетін одағайлар: *Ия* деген! *Уа* деген! *Бәсе* деймін!

Негізгі одағайлар бөлшектенбейді және қайталанып қолданылмайды. Оларға: *ау, аһа, ә, әй, беу, е, ей, ие, о, оһо, ой, па, пай, уа, уай, уау, я*, дегендер жатады. *Туынды одағайлар* көбінесе бірігу, кірігу арқылы жасалады. Оларға: *апырмай, астапыралла, әттегенай, бәрекелді, жаракімалла, масқарай, мәссаған, о тоба, ойпырмай, о дариға ... япырмай* сияқтылар жатады.

Одағайлар мағынасына қарай үшке бөлінеді: *көңіл-күй одағайлары, императивті одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары, ишарат одағайлары*.

Көңіл-күй одағайлары – адамның әр түрлі *шаттану, таңырқау, қуану ренжу, өкіну сияқты* сезімдері мен көңіл-күйін білдіретін сөздер. Олар:

– жағымды көңіл-күйді білдіреді: *алақай, бәрекелді, оһо, па-па, паһ-паһ, пәлі, ура*;

– жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар: *әттеген-ай, әттең, бай-бай, иш-ай, қап, пәшту, тәйірі, түге*;

– әрі жағымды, әрі жағымсыз эмоцияны білдіретін одағайлар: *пай-пай, шіркін*. Мысалы: *Пай-пай*, қандай жарасымды. *Пай-пай*, аяғының астында қалатын болдым-ау.

Императивтік одағайлар – адамға немесе айуанға бағышталып, *шақыру, жекіру, бұйыру* мақсатымен айтылған одағайлар. Бұлар бағышталып отырған объектілерге қарай ішінара екі топқа бөлінеді:

Адамға бағышталып айтылған одағайларға бұйыру, жекіру, тиым салу т. б. мақсатында жұмсалған *айда, ау, әлди-әлди, әу, әуп, жә, кәне, мә, сап-сап, тәйт, тәк, тек* деген сөздер жатады. Ал *айғайы* екі түрлі мақсатта айтылады:

- 1) біреуді шақыру, өзіне қарату;
- 2) біреудің шақырғанына үн қату.

Айуанға арнап айтылатын одағайлар – төрт түлік мал, ит, мысық сияқтанған үй айуандарын жемге шақыру, айдау, үркіту және т. б. мақсатымен қолданылған сөздер мен тіркестер жатады. Мысалы: түйеге: *көс, көс, сорап, сорап, қош-қош*, қойға мен ешкіге: *пұшайт-пұшайт, пыша (пішә), құрау-құрау, шәйт-шәйт, шек, шеге, шеге, шөре-шөре*, жылқыға: *моһ, моһ, тәк, тәк, құрау, құрау, құр, құр*, итке: *кә-кә, айтақ-айтақ*, мысыққа: *күшім, күшім, мышы-мышы, пырс*, т.б. одағайлар қолданылады.

Шақыру одағайлары – таңдайды тақылдатып, еріндерді шүйіріп, ысқырып айтатын, транскрипциялауға қиын болатын одағайлар сөздер. Олар *шақыру, жекіру, ұрысу* тағы сол сияқты мағыналарды білдіреді және *хайуанаттарды, жан-жануарларды қуу, шақыру* мәнінде жұмсалады.

Жекіру одағайлары – адамға арнайы айтылатын көрсету немесе нұсқау сөздері (*әні, кәні, міне*), ұсыну сөздері (*мә, айда*), тыйым салу сөздері (*жә, жәй, тәй, тек, тәйт*). Мысалы: *Әні*, ол ұзап кетті. *Кәні*, мына жағынан ұстасаң жеңіл болады. *Міне*, мынаны алып қой. *Мә*, мына үлкен ғой. *Айда*, кет бұл жерден. *Жәй*, даусыңды көтерме. *Тәй*, маған келе ғой. *Тек*, енді оны қайталама. *Тәйт*, оныңды тоқтат.

Тұрмыс-салт одағайлары – өмірде жиі қолданылатын, адамдардың амандасу, қоштасу т. б. сыйластық белгісі ретінде жұмсалатын *қош, рахмет, ассалаумағалейкүм, қайыр, құп, ләббай, кеи жарық* деген одағайлар жатады.

Ишарат одағайлар – бұйрық, сұрау мәнді сөздер: *ал, әйда, кәне, кәнеки*. Мысалы: *Ал*, енді жолдың азы қалды. *Әйда*, жұмысқа тезірек бар. *Кәне*, концертке барамыз дегендерің қол көтеріңдер. *Кәнеки*, көп көтерген жүк жеңіл деген.

Одағайлар мағына құбылмалылығына байланысты *бір мағыналы* алақай, қап, әттең, т. б. және *көп мағыналы* ә, бәлі, пәлі, пай-пай, т.б. болып екіге бөлінеді.

Мысалы:

- 1) риза болу: *Уа, пәлі*, нағыз мықты екен, міне!
- 2) жақтырмау: *Бәлі*, мынау кісі ме?

3) таңдану: *Бә-ле-е*, анау Әлия ма, ей?!

Көп мағыналы қасиет тұрмыс-салт одағайларында жоқ. Императив одағайларда аз кездеседі. Негізінен көңіл-күй одағайларында біршама кездеседі.

Бір мағыналы одағайлар қандай жағдай, қандай контексте айтылса да, үнемі бір мағынада жұмсалады. Мысалы: *Алақай!* Ата, Апа, Соғыс бітті! Жеңіс! *Оллаһи*, мен білмеймін.

Одағайлар негізінде түрленбейтін жұрнақ-жалғауды көп қабылдамайтын категория. Одағайдың өзіне тән жұрнақтары жоқ. Олар субстантивтенгенде ғана болмаса, жалғауды қабылдамайтын категория. Кейбір одағайларға етістіктің *ла*, *ле* жұрнақтары жалғанады. Мысалы: *ойбай+ла+у*, *аһ+лап-үк+леп*. Кейбір одағайларға *шыл*, *шіл* жұрнақтары жалғанады. Мысалы: қасқырлы жердің елі айтақ+*шыл*

Одағай сөздер сөйлемнің басқа мүшелерімен грамматикалық жағынан байланыспайды, олай болса, өзі жарыса айтылған сөйлемнің мүшесі болмайды. Мысалы: *Қап*, бар еңбек зая кетті-ау. *Әттеген-ай*, мен оны ұмытып кетіпін ғо».

Одағайлар сөйлем ішінде, әсіресе диалогты сөйлемдерде де етістігімен тіркеседі. Ондай кезде де етістігі тіркескен одағай сөйлемнің күрделі баяндауыш мүшесінің қызметін атқарады. Мысалы: Тынымсыз *аһ* ұрды. Ол *ойбай* салды.

Одағайлар кейде тіркесіп күрделі анықтауыш та болады. Мысалы: Ешкіммен өмір бойы *ай-шай* деспеген жуас еді.

Күрделі пысықтауыш та болады. Мысалы: Оның кім екенін Ақан *ә* дегенде білді.

Субстантивтенген одағайлар бастауыш, толықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Алыстан «Ура» естілді. Дәрі *шіркінді* ішпеуші едім.

Одағайлар өз алдына сөйлем мүшесі бола алмайды. Олар жеке-дара тұрғанда сөз-сөйлем қызметін атқарады. Одағайлар сөйлем ішінде, әсіресе, диалогты сөйлемдерде *етістіктермен* тіркеседі де белгілі бір сөйлем мүшелерінің құрамына енеді. Одағайлар кейде етістіктермен тіркесіп фразеологиялық тіркестердің жасалуына

себеп болады. Мысалы: *ай-шай демей, шу дегеннен, әу деді* т. б.

Одағай сөйлем басында да, ортасында да, соңында да кездеседі. Соған байланысты одағайға қойылатын тыныс белгілер мынадай:

1. Сөйлем басындағы одағайдан кейін үтір қойылады. Мысалы: *Пай-пай*, туған жер қандай ыстық! Құрау-құрау, кер бесті!

2. Сөйлем ортасындағы одағайдың екі жағынан да үтір қойылады. Мысалы: Далаға шықсам, *ойпырай*, батыс жақ от болып жанып жатқандай.

3. Сөйлем соңындағы одағайдың алдынан үтір қойылады. Мысалы: Осы алған бетіңнен танба, *бәрекелді*! Көз жасыңды көрсетпе, *тәйт*!

4. Кейбір жағдайда одағай қатысқан сөйлем соңына леп белгісі қойылады. Мысалы: Қазақстан! *Пай, пай, пай*, ардағым-ай!

5. Қайталанып айтылған одағайлар дефис арқылы жазылады. Мысалы: *Паh-паh*! Өнер деп осыны айт! *Пай, пай*! Көптен күткен жаңа жыл келді!

I.1.9-Кестеде Одағай формалары көрсетілген.

I.1.9-Кесте. Одағай формалары.

	Одағай негізі тұлғасына қарай бөлінеді	Негізгі - морфемаларға бөлшектеуге келмейтін, тек белгілі бір формада қалыптасқан сөздер	ау, па, ей, әй, е, уа, уау, уай, я, пай, ә, о, оһо, ой, ие, аһа, ау, беу
		Туынды	бәрекелді, япырмай, мәссаған,
Одағай - сөйлеушінің шындыққа, болмысқа қатысын көңіл-күй, сезім арқылы білдіретін сөздер	Одағайдың мағыналық түрлері	Ишарат одағайлар - бұйрық, сұрау мәнді сөздер	кәне, кәнеки, ал, әйда
		Жекіру одағайлары - адамға арнайы айтылатындар	кәні, міне, әні, жәй, тәй, тек
		Жануарға арнап айтылатын одағайлар - төрт түлік мал, ит, мысық сияқтанған үй айуандарын жемге шақыру, айдау, үркіту т. б. сөздер мен тіркестер ж/ды	пфша (пішә), құрау-құрау! моһ! Тәк т.б.
		Шақыру одағайлары - таңдайды тақылдатып, еріндерді шүйіріп, ысқырып айтатын, транскрипциялауға қиын болатын одағайлар да бар. Бұларды, әдетте, шақыру одағайлары дейміз, бірақ олар тек шақыру ғана емес, жекіру, ұрысу тағы сол сияқты мағыналарды білдіреді.	
		Көңіл-күй одағайлары - адамның әр түрлі сезімдерін, көңіл-күйін білдіретін сөздер	Алақай! Паһ-паһ! Пішту! Бай-бай- бай!
		Императивтік одағайлар - адам не айуанға бағышталып, шақыру, жекіру, бұйыру мақсатымен айтылған одағайлар	Жә! Тәйт! Сап-сап! Әуһ! Әлди-әлди! Әйда!
		Тұрмыс-салт одағайлары - өмірде жиі қолданылатын, адамдардың амандасу, қоштасу т. б. сыйластық белгісі ретінде жұмсалатын одағайлар	Хош! Рахмет! Ассалаумағалайкүм! Хайыр! күп! Ләббай! Кеш жарық!

I.2 Қазақ тілінің синтаксисі

I.2.1 Сөз тіркестері

Бұл тақырыпта қазақ тілінің сөз тіркестері туралы жалпы мәлімет беріледі. Қарастыратын материалды даярлау үшін [13-15] дерек көздері пайдаланылды.

Синтаксис – сөздер арқылы сөз тіркесі, сөйлем және мәтін қалай құрылатындығын көрсететін ережелер жиыны.

Синтаксис төрт саладан тұрады: сөз тіркесінің синтаксисі, жай сөйлемнің синтаксисі, құрмалас сөйлемнің синтаксисі және мәтін синтаксисі. Бұлар қай жағынан да өзара тығыз байланысты болып, күрделі бір синтаксистік тұтастықты құрайды.

Қазақ тілінде сөз тіркесі сөздердің бір бірімен тіркесуімен жасалады. Сөздер зат пен құбылыстарды, сапа мен белгілерді немесе іс-әрекеттерді атайды. Сөз тіркестерінде зат пен құбылыстар, сапа мен белгілер немесе іс-әрекеттер жеке сөздердегідей дара күйінде емес, өзара бір-бірімен байланысты болады. Сөз тіркестерінің синтаксисі сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тіркесу тәсілдері мен пішіндерін (формаларын) және сөз тіркестерінің құрамы мен түрлерін морфологиямен тығыз байланыста қарастырады. Онда сөздерді сөз тіркесі мен сөйлемнің бөліктері ретінде, ал жалғауларды сөздердің бір бірімен қиюластырып тұратын морфологиялық-синтаксистік категория ретінде зерттейді. Сөз тіркестері грамматикалық тәсілдер арқылы байланысқан кем дегенде екі толық мағыналы сөзден құралады. Құрастырушы сыңарлар бірі *бағыныңқы*, екіншісі *басыңқы* мүше ретінде қызмет атқарады. Сыңарлар бір бірімен өзара сабақтасып, белгілі бір мағыналық және синтаксистік заңдылықтар негізінде байланысады. Сөз тіркесі атау құралы ретінде негізгі сөз (басыңқы) арқылы затты, құбылысты, үдерісті (процессті), сапаны белгілейді.

Сөздер жалғаулар арқылы байланысуы мүмкін. Сөздер байланысуының бес түрі бар: *қабысу, матасу, меңгеру, қиысу, жанасу*.

Қабысу – сөздердің ешқандай жалғаусыз іргелес тұрып байланысуы. Мысалы: дарақ күрек, отыз кітап, қызыл орамал, бұл үй, ол кім, қанша үлкен, бұл кішкентай, жез құман, т.б.

Меңгеру – сөздердің бағыныңқы бөлігі ілік септіктен басқа септік жалғауларының бірінде болатын байланысы. Мысалы: ұйымға мүше, өзіңе үлгі, елге жақсы, өзіңе өзін, т.б.

Матасу – сөздердің бірі ілік септік жалғауында, екіншісі тәуелдік жалғауында болып байланысуы. Мысалы: ауылдың баласы, қызылдың түрі, біздің кітап, оның аты, т.б.


Қиысу – сөз бен сөздің жіктік жалғаумен жақ жағынан үйлесе байланысқан түрі. Мысалы: мен келемін, оқушы оқыды, балалар жүгірді, т.б.

Жанасу – сөздердің ешқандай жалғаусыз орын тәртібі арқылы алшақ тұрып, араға сөз салып байланысуы. Жанасу көбіне етістікті сөз тіркесі болып келеді, үстеу мен етістіктен, көсемше мен етістіктен құралады. Мысалы: қалықтап ұшу – қалықтап көкте ұшу, бүгін келу – бүгін үйге келу, енді айтты – енді екеуіне де айтты, т.б.

Сөз тіркестері сөздердің өзара тіркесу қабілетіне қарай *есімді* және *етістікті* болып екі салаға бөлінеді. Есімді сөз тіркестердің басыңқы бөлігі есімдердің бірі, ал етістікті сөз тіркестерінің басыңқы бөлігі етістік болады.

Қабысу мен меңгеру есімді және етістікті сөз тіркестерінде, ал матасу тек есімді сөз тіркестерінде қолданылады.

II.2.1.1- Суретте есімді меңгеру сөз тіркесінің жасалуы, II.2.1.2- Суретте етістікті меңгеру сөз тіркесінің жасалуы, II.2.1.3-Суретте есімді қабысу сөз тіркесінің жасалуы, II.2.1.4-Суретте етістікті қабысу сөз тіркесінің жасалуы, II.2.1.5-Суретте есімді матасу сөз тіркесінің жасалуы, II.2.1.6-Суретте қиысумен байланысқан сөз тіркесінің жасалуы және II.2.1.7-Суретте жанасумен байланысқан сөз тіркесінің жасалуы көрсетілген.




II.2.1.1.- Сурет. Есімді меңгеру сөз тіркесінің жасалуы.

Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру мысалдары: *Айгүлге іні, жақсыға дос, сұрағанға ақыл, кешке дейін, сізге жақсы, маған үнемі, саған жасырын, бәріне мәлім, өзіңе керек, маған көп, беске жақын.*

Жатыс септігі жалғаулы есімді меңгеру мысалдары: *оқуда жылдам, ақта көп, жақсыда бар, біреуде бар, алмада көп, жиында бар, хатшыда төртеу.*

Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру мысалдары: *аттан жүйрік, үйден ілгері, жақсыдан шапағат, үлкеннен үлгі, ақтан аз, ертеден мәлім, бәрінен жақын, өзінен өзі, өзгеден артық, екіден көп, бестен жақсы, бестен төмен, білмегеннен жақсы.*

Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру мысалдары: *кітаппен дос, көршімен тату, білімімен көркем, жақсымен жолдас, жаманмен араз, біреумен туыс, өзгеден үлкен, өзімен өзі, екімен бірге, бесеумен құрдас, бесеуімен құрдас, төртеумен бірге, айтқанмен бірге, сұрағанмен сыныптас, сұрағанмен жақсы, сұрағанымен жақсы.*



II.2.1.2-Сурет. Етістікті меңгеру сөз тіркесінің жасалуы


Барыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру мысалдары: *ырысқа кенелдім, қызылға қызықты, алтауға жақындады, бәріне айт, келмеске кетті.*

Табыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру мысалдары: *пішенді ору, тәттіні сезу, үшіншіні қозға, мынаны жаз, көргенді айт.*

Жатыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру мысалдары: *күресте озу, өмірде кездесу, интернатта оқып жүр, жолда қалып жатыр, заңда көрсетілмеген, алыста бұлдырайды, жиырма бесте жарқылдады, ешкімде озу жоқ, ұйықтағанда сезу.*


Шығыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру мысалдары: *үйден шығу, алыстан көрсету, алты кісіден кірді, былтырдан білемін, темірден жасалды, биіктен құлады, әдепіден үйрену, төртіншіден озды, қашаннан танысың, мынадан секір, үзбестен жалғастырды, айтпастан қайтты, түсінбейтіннен шаршады.*

Көмектес септігі жалғаулы етістікті меңгеру мысалдары: *балтамен шабу, бояумен сырлау, іспен жауап беру, баламен ойнау, ертемен қайтып кетті, шанамен кел, арқанмен түсті, бауырласпен кеңес, жасылмен боя, шеберлікпен егілді, сегізбен кетті, алпыспен келді, әлдекіммен қайтты, бүкілімен қауышты, білетінмен барды, жазылғанмен танысты.*



II.2.1.3-Сурет. Есімді қабысу сөз тіркесінің жасалуы.


Мысалдар: темір күрек, ағаш күрек, жел диірмен, түлкі тымақ, биік тау, қызық өмір, жақсы талап, малды ауыл, таудай талап, үш кісі, мың қой, бесінші бригада, бұл қала, мына бала, осы ауыл, сол табыс, айтылған сөз, келген кісі, келетін бала, оқылатын тапсырма, ертең оқушы, бүгін студент.



II.2.1.4-Сурет. Етістікті қабысу сөз тіркесінің жасалуы.

Мысалдар: кеше келді, төмен қарады, бүгінше тоқтай тұр, қазақша сөйлеу, көліксіз келу, амалсыздан тоқтады, жалт қарау, кілт тоқтады, тарс-тұрс жарылды, ұшып тұру, сызылып отыру,

толтыра асау, шашып жеу, мүлгіп тыңдау, кең пішті, жаман жазды, оңай түсінді, жақсы сөйледі, ұзын кесті, жаңбыр бір жауса, терек екі жауады; бес есе орындады, үш есе ұлғайды, екі келіп, екі кетті, жер жырту, бала оқыту, қымыз ішу, мылтық ату, сөз сөйлеу, түгел жиналды, әлдеқашан орналасты, ешқандай шықпады, қалай алып қалар, әлдеқашан төлеп қойған, әлденеше рет тояарсың, түгел келді.




II.2.1.5-Сурет. Есімді матасу сөз тіркесінің жасалуы.

Сөздердің зат есіммен матасуының мысалдары: мектептің оқушысы, озаттың сабағы, біріншінің әдісі, екеуінің ойы, осының жазуы, сұрағанның жауабы, жоғарының адамы.


Сөздердің сын есіммен матасуының мысалдары: астың тәттісі, жүйріктің жүйрігі, жиырманың үздігі, соның кішісі, бергеннің тазасы.

Сөздердің сан есіммен матасуының мысалдары: дәптердің біреуі, ақтың бесеуі, жетеудің бесеуі, мынаның үшеуі, келгеннің екеуі, жоғарғының төртеуі.

Сөздердің есімдіктермен матасуының мысалдары: адамның өзі, жақсының бәрі, екеуінің әрқайсысы, соның өзі, баратынның бәрі, жоғарының барлығы.



II.2.1.6-Сурет. Қиысумен байланысқан сөз тіркесінің жасалуы.



II.2.1.7-Сурет. Жанасумен байланысқан сөз тіркесінің жасалуы.

Қиысумен байланысқан сөз тіркестеріне мысалдар: мен аласамын, сен екіншісің, ол қалай, мен біргемін, мен тұрмын, сен барғансың, ол келеді, мен айттым, сен жаз, олар оқушы, біз үлкенбіз, сендер оныншысыңдар, олар қалай, біз біргеміз, сендер жүрсіңдер, олар келетін, біз сөйлейміз, сендер қарапсыңдар, олар оқыса, біз қарайық.

Жанасумен байланысқан сөз тіркестеріне мысалдар: амалсыздан төмен қарады, лезде жалт қарады, әдейі ұшып тұрды, сонша толтыра асады, әбден төгіп әкелді, әбден жетік меңгерді, бүгін жаман жазды, бірте-бірте екі аттады, босқа екі түртті, ерте жер жыртты, амалсыздан мылтық атты, әрең түгел жиналды, соғұрлым ешқандай шықпады, кеше ешкім келмеді, енді ғана келді, кеше ғана келді, кешке шейін тарады, кешке қарай тарады, кешке таман тарады, сөйлей ілгері беттеді, жазғанша әбден терледі, күле жалт қарады, сөйлей ұшып тұрды, кеткенше мүлгіп тыңдады, айтқанша оңай түсінді, келгенше жақсы сөйледі, кеткенше жүз айтты, жаза екі сөйледі, келгенше қымыз ішті, келгенше түгел жиналды, қайтқанша әлденеше рет тоярысың.

1.2.2 Қазақ тілінің жай сөйлемдері

Бұл тақырыпта қазақ тіліндегі жай сөйлемнің құрамы мен құрылымы және оны сөздер арқылы қалай құрылатындығын көрсететін синтаксистік ережелер жиыны қарастырылады. Қарастыратын материалды даярлау үшін [1-3, 16,17] дерек көздері пайдаланылды.

Жай сөйлем – бір немесе бірнеше сөз бен сөз тіркестерінен құралып, тиянақты бір ғана ойды білдіретін сөйлем.

Жай сөйлемнің құрамындағы сөздер өзара бір-бірімен семантикалық бірлікте болады, екпін тұтастығы, сөздердің орын тәртібі сақталады.

Құрамы жағынан жай сөйлем бір сөзден де, екі сөзден де, не одан да көп сөзден де құралады. Мысалы: *Қыс. Қыс түсті. Қыста қар жауады. Қыста қарлы боран соғады. Қыста күннің суығынан көлде мұз қатады. Ызғарылы қыстан кейін жайма шуақ жылы көктем келеді.*

Жай сөйлемнің синтаксисі сөйлемдегі сөздердің өзара тіркесу қабілеттілігі, тәсілдері мен пішімдерін және сөйлемнің құрылу принциптерін, олардың құрылымы мен түрлерін морфологиямен тығыз байланыста қарастырады. Синтаксис сөздерді сөз тіркесі мен сөйлемнің бөліктері ретінде, ал жалғауларды сөздерді бір бірімен қиюластырып тұратын *морфологиялық-синтаксистік* категория ретінде зерттейді.

Жай сөйлемнің құрамындағы сөздер мен сөз тіркестері өзара бір-бірімен семантикалық байланыста болып, *сөйлем мүшелерін* құрайды.

Сөйлем мүшесі – сөйлемде басқа сөзбен грамматикалық байланысатын және белгілі бір сұраққа жауап беретін не бір ұғымды білдіретін мағыналы *сөз, сөз тіркесі* не *күрделі сөз*.

Сөйлем мүшелері атқаратын қызметіне қарай 5-ке бөлінеді: *бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, нысықтауыш.*

Сөйлем мүшелері сөйлем құрай алу қасиетіне байланысты 2 топқа бөлінеді: *тұрлаулы мүшелер* және *тұрлаусыз мүшелер*.

Тұрлаулы мүшелер – сөйлем құрауға негіз болатын, өзара предикаттық қатынаста жұмсалатын сөйлем мүшелері.

Тұрлаусыз мүшелер – сөйлемнің тұрлаулы мүшелерінің айналасына топтасып, сөйлемді семантикалық жағынан кеңейтетін және толықтыратын сөйлем мүшелері.

Сөйлемде *бастауыш* тәуелсіз зат мағынасы, *баяндауыш* әрекет немесе бастауышпен көрсетілгеннің күйі мағынасы, *толықтауыш* тәуелді зат мағынасы, *пысықтауыш* белгінің белгісі мағынасы және *анықтауыш* заттың тәуелді белгісі мағынасы түрде көрінеді.

Бастауыш пен баяндауышты тұрлаулы мүшелер, себебі олар сөйлем құрауға негіз болады. Ал анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыштар өздігінен сөйлем құрай алмайды, тек берілген ойдың шеңберін кеңейтіп, толықтырады, сондықтан олар тұрлаусыз мүшелер болады.

Логикалық тұжырым бойынша, сөйлем – пікірде бастауыш субъектіге, баяндауыш предикатқа негізделеді.

Сөйлем мүшелері құрамына қарай үшке бөлінеді: *дара сөйлем мүшесі*, *күрделі сөйлем мүшесі*, *үйірлі сөйлем мүшесі*.

Дара сөйлем мүшесі – толық мағыналы бір сөз.

Мысалы: *Ол жиналғандармен қысқа сөйлесті*. Бұл сөйлемде әрбір сөйлем мүшесі бір ғана сөзден құралған дара мүшелер.

Күрделі сөйлем мүшесі – күрделі сөз, тұрақты сөз тіркесі, сөз тіркесі не шылаулы сөз.

Мысалы: *Еңбек Ері Ыбырай Жақаев екі рет Алтын Жұлдыз медалімен марапатталған еді*. Сөйлемдегі күрделі сөйлем мүшелері: *Еңбек Ері Ыбырай Жақаев* – кім? *Алтын Жұлдыз медалімен* – немен? *екі рет* – қалай? *марапатталған еді* –

Үйірлі сөйлем мүшесі – кемінде екі не одан да көп сөзден құралып, бастауыштық-баяндауыштық қатынастан тұратын, бір сөйлем мүшесінің қызметін атқаратын сөздер тобы.

Үйірлі сөйлем мүшелері көбінесе *бар*, *жоқ*, *аз*, *көп* тәрізді сөздерге және сын есімдер мен есімше тұлғаларына аяқталады.

Бастауыш – әрекеті баяндауышпен көрсетілген қимыл, іс-әрекеттің, жай күйдің не басқа сапаның иесі болатын атау септікте тұрған затты таңбалайтын және *кім? не? кімдер? нелер? кімім? нем? кімің? нең? кімі? несі? қайсысы? қаншасы? нешесі?* деген сұрақтардың біріне жауап беретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі.

Бастауыш болатын сөз таптары:

– *зат есім* (атау түрдегі, тәуелдік жалғаулы және көптік жалғаулы). Мысалы: Мына *бала* ақылды. Оның *үйі* қаланың шетінде. *Оқушылар* сабақты жақсы оқиды;

– *сан есім* (артынан айтылған зат есім жоқ болса), жинақты сан есім және оның тәуелденген түрі, есепті сан есімнің тәуелді түрі, ретті сан есім, бөлшек сандардың бөлшегі мен көрсеткішінің тәуелденген түрі, шақты, шамалы шылаулары бар сан есім, оның көптік түрі де тәуелдік жалғау жалғанған түрі де. Мысалы: *Бес* – екіге қалдықсыз бөлінбейтін сан. Олардың *екеуі* де өз жұмыстарын жақсы біледі. Жарысқа қатысушылардың *бесіншісі* бәрінен озды. Қаладағылардың *екінің* бірі ауқатты тұрады. Ауыл тұрғындарының *он шақтысы* қалаға көшіп үлгерді;

– *сын есім*: 1) көптік жалғаулы заттанған. Мысалы: *Ұлылар* елге ісімен танылады; 2) заттанған және атау тұлғада тұрған (сөйлем ішінде басқа сын есім немесе сын есімнен шыққан сөз болуы керек). Мысалы: *Татулық* *ізгі* тілекпен орнады. Жақсы – көпке ортақ;

– *есімше* (заттық мағынада қолданылып, атау тұлғада тұрған). Мысалы: *Оқыған* топтан озады;

– *есімдік* (жіктеу, сілтеу, сұрау, өзіндік – тәуелді жалғаулы өз, белгісіздік, болымсыздық – тәуелді жалғаулы ешбір). Мысалы: *Олар* кездесетін орынға межелі уақыттан ерте жетті. Ондай *жалқауларға* сол керек. Шәмшінің әндерін *кім* ұнатпайды дейсің. *Өзі* әнді тамылжытып айта жөнелді. *Бұл* – менің келешектен күткен үмітім;

– *үстеу, одағай, шылау* (заттық мағынаға ие болып, бастауыштың сұрауына жауап беретін сөздер). Мысалы: *Әйт-шу* дегендер малдың басын тез қайырды. Еріншектің *ертеңі* бітпес. Сенің *опырмайың* қашан қалады? *Және* – жалғаулық шылауы.

– *етістік* 1) заттанған және атау тұлғада тұрған тұйық етістік: Мысалы: Отанды *қорғау* – абыройлы іс; 2) зат есімнің тіркесінсіз етістіктен зат есімге айналған сөздер. Мысалы: *Білетіндер* емтиханды жақсы тапсырып жатыр; 3) *де* етістігі арқылы объектке айналған етістіктер. Мысалы: Кешіктім *деген* бір күнді жоғалтқанмен бірдей.

Баяндауыш – сөйлемде бастауыштың қимылын, іс-әрекетін, жай-күйін, кім-не екенін білдіріп, онымен жақ жағынан, кейде жекеше, көпше (1-2 жақта) түрде қиыса байланысып тұратын және *не істейді? не қылады?, не болды? не етеді? қайтеді? қандай? қанша? кім? не?* деген сұрақтарға жауап беретін сөйлемнің тұрлаулы мүшесі.

Баяндауыш болатын сөз таптары:

– *етістіктер*: 1) ашық, бұйрық және қалау райларындағы. Мысалы: Мен маңызды жұмыспен *келіп отырмын*. Ғылым таппай *мақтанба*. Кел балалар *оқылық*. Ол сағат жетіге шейін *қайтса игі еді*; 2) тұйық етістіктің атау түрі мен жатыс жалғаулы түрі. Мысалы: Дұрыс жазуға үйренудің бір жолы – кітапты көп *оқу*;

– *есімшелер*. Мысалы: Еріншек адам *орындамас*;

– *есім сөздер* (зат есім, сын есім, сан есім және есімдіктер ешқандай жалғаусыз да, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары және жатыс септік жалғауларымен). Мысалы: Ханның тірегі – *халқы*. Ердің қорғайтыны – *елі*. Күн *жылы*. Қар *қалың*. Бұл сұрақтың жауабы *бес*. Ол *жиырмада*. Жұмыс *істейтін менмін*. Оның таңдағаны *осы*.

– *мезгіл және мекен үстеулері* (ілгері, кейін, жоғары, төмен, ертең, кеш, былтыр, күндіз т. б.) атау тұлғада, кейбіреулері жатыс

септікте де. Мысалы: Жұмыстан үйге қайту тым *ерте*. Оның дәрежесі *жоғары*. Досымның келетін күні *ертең*.

Дара баяндауыш бір сөзден тұрады, ал *күрделі баяндауыш* екі немесе одан да көп сөздерден құралып, бір-ақ ұғымды білдіреді.

Күрделі баяндауыштар келесі жолдармен жасалады: күрделі етістіктен, есім сөздер мен көмекші етістіктердің тізбегінен, ілік септіктегі есім сөздер мен көмекші есімдердің тіркесуінен, күрделі сан есімнен, есім сөздер мен мөлшер, өлшемнің бірлігін білдіретін сөздердің тіркесінен, модаль сөздер (*жоқ, бар, тиіс, жөн, керек, қажет* сияқты) және көмекші етістіктер тіркесінен, қалыптасқан тұрақты сөз тізбектерінен (идиомалардан).

Мысалы: Мен *келе жатырмын*. Мен Отанымды *жақсы көремін*. Адам бол, Үлкендердің батасын *қабыл ал*. Сен ертең өзіңмен бірге достарыңды *алып кел*. Айгүл атасымен бақшаға *барып қайтты*. Жансая Арманның сұрағына көп *ойланып-толғанды*. Ол бізге биыл ғана *келіп еді*. Апай кешіккен оқушыларға берілген тапсырманы басынан *түсіндіруі қажет*. Ол үйіне құрбысын *апарды*. Ұлболсын үзілісте тәттілермен *жүрек жалғады*.

Толықтауыш – сөйлемде атау мен іліктен басқа септіктердің бірінде тұрып, баяндауыш білдіретін амал-әрекетті, іс-оқиғаны заттық мағына жағынан толықтыру үшін жұмсалатын, толықтыратын және *кімді? нені? кімге? неге? кімнен? неден? кімде? неде? кіммен? немен? кім (не) туралы? кім (не) жөнінде? не жайында?* деген сұрақтарға жауап беретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.

Толықтауыш болатын сөз таптары:

– *зат есім* (атау және ілік септіктерден басқа септік жалғауларында тұрған). Мысалы: Қысыр *сөзде* мән жоқ. Құраған *ағашта* жан жоқ.

– *сын есім, сан есім, есімше, есімдік, тұйық етістік, үстеу* (заттанған және атау ілік септігінен басқа септік жалғауларында тұрған). Мысалы: Біз *жаңа жылды* үлкен қуанышпен қарсы алды. Сегіз *үшке* қалдықсыз бөлінбейді.

Тәкаппар *айтқанынан* қайтпады. Мен кеше *оны* көрдім. Жауынгердің міндеті отанын *қорғау*. Ғалымның еңбегі *жоғары* бағаланды.

– *туралы, жөнінде, жайында* деген шылаулар толық мағыналы сөзге тіркесіп келсе. Мысалы: *Өмір туралы* әркім әрқалай түсінеді. *Батыр жөнінде* аңыздар көп. *Еліміз жайында* жазылған тарихи деректер аз емес.

Пысықтауыш – сөйлемде іс-әрекеттің жай-күйін, сын-сипатын, амалын, мөлшерін, мезгіл-мекенін, себеп-мақсатын білдіретін және *қашан? қайда? (қалай қарай?) қайдан? қалай? қайтіп? не себептен? неліктен? кім үшін? не үшін? не істеуге? не қылуға? не мақсатпен? не арқылы? кім арқылы? ненің арқасында? кімнің арқасында? не сайын? кім сайын? қанша? қанша уақыт? неше рет?* деген сұрақтарға жауап беретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесін атаймыз.

Пысықтауыш болатын сөз таптары:

– үстеу (заттың әр қилы қимылы мен ісінің (етістіктің) әр түрлі сындық, бейнелік, мекендік, мезгілдік, шарттық, мөлшерлік күй-жайлары мен сынның белгісін білдіретін сөз). Мысалы: *Бүгін* күн жылынды. Айгүлдер *асықпай* шығып кетті. Біз түске дейін *жылдам* жүрдік. Мен сендерді *біраз* күттім. Мен үйге *тез* қайтамын. Ол оқуға зор *дайындықпен* түсті.

– мезгіл мәнді зат есімдер. Мысалы: Сол күні (қашан?) ол түні бойы (қашан?) дөңбекшіп, әлденеден ұйықтай алмады.

– сын есім. Мысалы: Оқытушы *жылы* сөйлеп, оқушылардың тілін тапты. Бұл *дұрыс* жасалған зат екен. Жұрт *энге қатты* сүйсінді.

– көсемше (қайтіп, қалай, не мақсатпен деген сұрақтарға жауап берсе). Мысалы: Ақын өз өлеңін *мәнерлеп* оқыды. Ол жұмысын *жақсы* істеді.

– барыс, жатыс, шығыс және көмектес септіктерінде тұрған зат есімдер, кейде сын есім мен сан есім, етістіктің көсемше түрі. Мысалы: Оқушылар *мектепке* жиналды. *Қалада* зәулім

ғимараттар көп. Автобус *ауылдан* ұзап кетті. Сені *дауысыңнан* таныдым. Жарысқа *он бес* оқушы қатысады.

– бірге барыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі барыс, шығыс, көмектес септіктеріндегі сөз бен қарай, таман, шейін, дейін, бола, соң, кейін, ары, бері, бұрын бірге, қабат, қатар және септік тұлғасыз сөз бен арқылы, арқасында, үшін, сайын септеулік шылаулардың тіркесінен құралған сөздер. Мысалы: Бала *кешке шейін* ойнады. Оқушы *түске дейін* сабақта болды. *Кешке таман* ауыл жастары ойын-сауыққа барды. *Қысқа қарай* күн суытты.

– кейін, ары, соң, бұрын шылаулары тіркескен кейбір шығыс септіктегі сөздер. Мысалы: Біз *түстен кейін* кездесеміз. Программаны *жазбастан бұрын* алгоритм құру қажет. Біз *бір айдан соң* мектеппен қоштасамыз. Біз оны *бір жыл кейін* білдік.

– бірге, қабат, қатар, шылаулары тіркескен кейбір көмектес септіктегі сөздер. Мысалы: Сен *өзіңмен бірге* досыңды ертіп кел. Ол *оқуымен қабат* жұмыс істейді. Ауыл өмірі қаламен бірге өсті.

– *арқылы, арқасында, үшін, сайын* шылаулары тіркескен сөздер. Мысалы: Ол *танысы арқылы* жұмыс тапты. Димаш *өнерінің арқасында* танымал болды. Білімді болу *үшін* көп оқу керек. Діқан *күн сайын* еңбек етеді.

Дара пысықтауыш тек бір сөзден тұрады. Мысалы: Ананың үні *мейірімді* естілді. Мен *досымның жүзіне бағдарлай* қарадым. Қалаға *кештетіп* жеттік. **Алыстан** бірнеше адам көрінді.

Күрделі пысықтауыш кемінде екі сөзден тұрып, бір сұраққа жауап береді. Мысалы: Бұл кезде ұшақ *Алматыға келіп* қонды. Ол *Атыраудан Алматы қаласына* келді. Мен *досыма көмектесу үшін* ерте келдім.

Үйірлі сөзден тұратын пысықтауышты *үйірлі пысықтауыш* деп атайды. Мысалы: *Уақытым барда* кітапханаға барып дайындалсам деймін. **Ит жоқта** қорада шошқа үреді.

Пысықтауыштың түрлері:

Түрлері	Сұрақтары	Мысалдары
Мекен пысықтауыш	қайдан? қайда? қалай қарай?	Жарқын мен Сапар <i>төмен</i> қарады. Асқар <i>төрге қарай</i> барды. Қария <i>одан әрі</i> жүрмеді. Асан <i>ілгері қарай</i> қадам басты. Асан <i>алға, артқа қарай</i> жүре бастады.
Мезгіл пысықтауыш	қашан? қашаннан бері? қашанға шейін?	<i>Бүгін</i> сол елдің барлығы жылы үйлеріне кіре бастады. Бұл екеуі <i>кешке дейін</i> үнсіз келе жатты.
Мөлшер пысықтауыш	қаншама? қаншалық? қалайша? қаншалап?	Жаңбырдың жауғаны <i>сонша</i> , жер бетін көлкіген су басып кетті. Биыл оқушылардың білімі <i>анағұрлым</i> көтерілді.
Қимыл-сын пысықтауыш	қалай? қалайша? қайтіп? Қанша рет? неше рет?	Әкем сөзімді <i>үндемей отырып</i> тыңдады. Зейнеп оқушыларды <i>қолма-қол</i> таныстырып шықты. Ол <i>сәл</i> ойланып қалды. Ұстаз оған <i>қатты</i> ұнады. Сен бұл үйге <i>талай рет</i> келгенсің.
Мақсат пысықтауыш	не үшін? не мақсатпен? неге бола?	Батырлар туған <i>елі үшін</i> аямай қанын төкті. Біз <i>әдейі</i> саған келдік. Сен мұны <i>әдейі</i> істедің. Ол <i>маған</i> бола келді ме?
Себеп пысықтауыш	не себепті? неліктен? не үшін? неге?	Кейін келген бала <i>ұялғанынан</i> үйден шыға жөнеліпті. Осы <i>мінезің үшін</i> дос болғым келіп тұр.

Анықтауыш – зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болған мүшені сын-сапалық, сан-мөлшерлік, иелік-меншіліктік, қатыстық жағынан сипаттайтын және *қандай? қай? қайдағы? қашанғы? нешінші? қайткенде? не еткенде? қанша? неше? кімнің? ненің?* деген сұрақтарға жауап беретін сөйлемнің тұрлаусыз мүше.

Анықтауыш құрамына қарай *дара* (Мысалы: қара), *күрделі* (Мысалы: қара көк) болып екіге бөлінеді.

Анықтауыш болатын сөз таптары:

– сын есімнің атау түрі. Мысалы: Ол *көк түсті* жақсы көреді. Мен ағаш жапырағындағы *мөлдір* шықты байқады.

– сан есімнің атау, туынды түрі. Мысалы: Футбол алаңында *жиырма екі* футболшы жүр. Он *екінің* бөлгіштері: бір, екі, үш,

төрт, алты және өзі. *Сегіз қызым – бір төбе, Кенжекейім – бір төбе. Сегіз* (қанша?) қызым. Сан есім ілік септікте заттанып тұрып та **анықтауыш** болады.

– зат есім (қатар тұрған екі зат есімнің бұрын айтылғаны). Мысалы: Атай *қыш* құмыра жасағанды ұнатады. Ол *шыны* кесемен шай ішті.

– сілтеу, өзіндік, жалпылау, белгісіздік есімдіктердің атау түрі. Мысалы: *Мына* сурет түрлі түсті бояумен салыныпты. *Мынадай* табиғатты өз көзіңмен көргенге не жетсін! *Барлық* халық бейбітшілікті қалайды. Жолаушылардың *бірнеше* күні бар;

– есімше мен етістік есімдер. Мысалы: *Алынған сыйлықтар* сәбилерге тапсырылды. Екі жолаушы *келген* шаруаларын айтты.

– еліктеуіш сөздер. Мысалы: *Гүлден* ауылға да жеттік;

– ілік септігіндегі барлық сөз таптары. Мысалы: *Майраның* апасы мектепке келді. Мұны *айтқан кісінің* атын білесің бе? *Үлкеннің* айтқанын тыңдау қажет.

Дара анықтауыш тек бір сөзден тұрады. Мысалы: *Жас* қозылардың жып-жылы тұмсықтары *шопанның* қолын иіскелейді.

Күрделі анықтауыш кемі екі сөзден тұрады. Мысалы: *Қайың сапты(қандай?)* кетпен кара жерге қарш етті. Айнала бар дүниені *ал қара көк (қандай?)* бетегеге басыпты. Кеңседе *елу екі (қанша?)* адам бар. *Үй ішінің (ненің?)* қарбалас жүрісі саябырлады. *Жол бойындағы бүршікті (қандай?)* сарғалдақтар көз тұндырады.

Сөйлем мүшесінің белгілері:

- толық мағыналы сөз, сөз тіркесі не күрделі сөз болуы керек;
- сөйлемдегі басқа сөзбен байланысып тұруы керек;
- сөйлем мүшелерінің бірінің сұрағына жауап беруі керек.

Мысалы: *Білімі көп адам жерде қалмайды.* Бұл сөйлемнің бес мүшесі де үйірлі бола алады. *Білімі көп – қандай?* адам – үйірлі анықтауыш.

Жай сөйлемдер қос сыңарлы болып та, жеке сыңарлы болып та келе береді. Жай сөйлем қос сыңарлы болғанда тұрлаулы мүшенің екеуі де қатынасады. Мысалы: *Оқушы оқып отыр. Ол – оқушы.*

Қос сыңарлы жай сөйлемде сөз саны елеулі қызмет атқармайды, бастысы – сөйлемнің екі тұрлаулы мүшесінің неше сөзден құралғанына қарамастан, бір ғана тиянақты ойды білдіруі. Оның етістіктен ғана жасалған баяндауышқа аяқталуы міндетті емес. Есім баяндауышты да жай сөйлем бола береді. Жай сөйлем жеке сыңарлы болғанда, ол сөйлем не тек бастауыштан, не тек баяндауыштан тұрады. Семантикалық (мағыналық) жағынан келгенде, жай сөйлем толық мағыналы сөздерден құралып, сөйлемнің мазмұнын айқындап тұруы керек. Мысалы: *Біздің ауыл. Қала көшесі. Таң атып келеді. Күн батып бара жатыр.*

Жай сөйлем бірнеше топқа бөлінеді: тұрлаулы мүшелердің қатысуына қарай *жақты сөйлем* және *жақсыз сөйлем*;

– тұрлаусыз мүшелердің қатысу-қатыспауына қарай:
жалаң сөйлем және *жайылма сөйлем*;

– ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатысу-қатыспауына қарай *толымды сөйлем* және *толымсыз сөйлем*;

– *атаулы сөйлем*.

Жақты сөйлем – бастауышы бар, жасырын тұрғанда да баяндауыш арқылы табуға болатын жай сөйлем. **Мысалы:** Арада шай қайнатымдай уақыт өтеді. Күтпестен ауылға көзі түсіп кеткен, Олжас сөзге қосыла кетті., т.б.

Жақсыз сөйлем – баяндауыштың бір өзі сөйлемге негіз болатын жай сөйлем. **Мысалы:** Оның айтқаны орындалды. Бір жерде көргенім бар. Маратқа бәрін түсіндіруге тура келді., т.б.

Жалаң сөйлем – тұрлаусыз мүше қатыспайтын, тек тұрлаулы мүшеден ғана құралған сөйлем. **Мысалы:** Ойын қызық. Дал жылы. Көргің келеді, Күн салқындады., т.б.

Жайылма сөйлем – тұрлаулы мүшемен бірге тұрлаусыз мүше қатысқан сөйлем. **Мысалы:** Алтын қасықты апам сыйға тартқан болатын. Мен ұзақ жол жүрдім. Алыстан биік ағаш көрінеді, т.б.

Толымды сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшелерінің барлығы қатынасқан сөйлем. **Мысалы:** Қобыланды батыр еді. Мен

ұзын қармақпен балық ұстап алып әкелдім. Ол кеше апасына көмектескен еді., т.б.

Толымсыз сөйлем – ойға қатысты сөйлем мүшелерінің бірі түсіп қалған сөйлем. *Мысалы:* Құстар тағы келді. Қайта-қайта бара берді. Кеше апасына көмектескен еді., т.б.

Атаулы сөйлем – іс-оқиға жайында баяндамай, тек заттың, құбылыстың, мезгілдің, мекеннің атауын ғана білдіретін, бастауыш-баяндауыштық қатынастан тұрмайтын, бірақ зат есімді не есімді тіркестерді атау арқылы білдіретін, айрықша интонациямен айтылатын, бір құрамды сөйлем. *Мысалы:* Дала. Күз. Егін даласы рақат құшағында., т.б.

II Қазақ тілі грамматикасының математикалық моделдері

II.1 Қазақ тілінің морфологиясының математикалық моделдері

Бұл тақырыпта қазақ тілінің морфологиялық ережелерін математикалық (формалды) моделдеу қарастырылады. Материалды даярлау үшін дерек көздеріндегі [1-21] және монография авторларының қатысуымен шыққан 1-Қосымшадағы көрсетілген [1-44] жариялымдар пайдаланылды.

Қазақ тілінің морфологиясында сөздер негізгі түбір мен туынды түбірден жұрнақтар мен жалғаулар арқылы немесе сөздерді өзара қосарлау, тіркеу әдістерімен жасалатыны белгілі. Сөздер қандай да бір сөз таптарына жатады және әр сөз табының өзіндік сөз түрлендіруші, сөз тудырушы қосымшалары бар. Қазақ тілінде қосымшалардың сөз түбіріне жалғану тізбегі нақты анықталған: ең алдымен сөз тудырушы немесе түрлендіруші жұрнақтар, содан кейін сөз түрлендіру жалғаулар жалғанады.

Айта кететін жайт, қазақ тілінде қосымшалар негізінен, үндестік заңы бойынша жалғанады. Үндестік заңы қазақ тіліндегі сөздердің, сөз бен қосымшаның бір-бірімен дыбысталуы жағынан үндесе қолданылуы. Үндестік заңы буын үндестігі (сингорманизм) және дыбыс үндестігі (ассимиляция) болып екіге бөлінеді.

Қазақ тілінің морфологиялық ережелерінің математикалық моделдерін құру үшін *семантикалық гиперграф* деп аталатын математикалық аппарат қолданылады. Ол үшін алдымен *қарапайым граф*, *гиперграф* және *семантикалық гиперграф* деген ұғымдардың анықтамаларын қарастырайық [14,15].

Қарапайым граф – қосақталған байланысы бар кез келген объектілердің нақты жүйесінің абстракциясы.

Математикада граф G *төбелер* деп аталатын объектілердің бос емес V жиыны және *қабырғалар* деп аталатын объектілердің қосақталған байланыстарының бос емес E жиынымен анықталады, яғни $G = (V, E)$, $V = \{v_1, \dots, v_n\}$ – төбелер, $E = \{e_1, \dots, e_m\}$ – қабырғалар. Егер G графында $v \in e$ болса, онда v төбесі e

қабырғасына *инцидентті* болады. Егер екі төбе $v_i \in e$ және $v_j \in e$ үшін $i \neq j$ болса, онда e олардың ортақ қабырғасы болады, мұнда v_i және v_j бір-біріне инцидентті болады және олар *шеткі төбелер* деп аталады. Егер екі төбе v_i және v_j үшін $i = j$ болса, онда $e = (v_i, v_i)$ қабырғасы *тұзақ* деп аталады.

Гиперграф – әрбір қабырғаға тек жеке төбелер ғана емес, төбелер жиынының кез келген ішжиыны да қосыла алатын қарапайым граф ұғымының кеңейтілген түрі. Математикада гиперграф қарапайым граф сияқты $G = (V, E)$ қосағынан тұрады, бірақ мұнда V – гиперграфтың төбелер деп аталатын объектілердің бос емес жиыны, E – гиперграфтың қабырғалары деп аталатын бос емес V жиынының ішжиындарының тобы.

Берілген G гиперграфта $d(v)$ арқылы $v \in V$ төбесіне инцидентті қабырғалар санына тең болатын v *төбесінің дәрежесі*, ал $r(e)$ арқылы $e \in E$ қабырғасына инцидентті төбелер санына тең болатын e *қабырғасының дәрежесі* таңбаланады. G гиперграфы *r -біркелкі* деп аталады, егер оның қабырғалары бірдей r дәрежесіне ие болса. Егер G гиперграфының әрбір қабырғасының дәрежесі 2-ге тең болатын болса, онда ол *қарапайым граф* болады.

$G' = (V', E')$ гиперграфы $G = (V, E)$ гиперграфының *ішгиперграфы* деп аталады, егер $V' \subseteq V$, $E' \subseteq E$ және $v \in V'$ төбесі мен $e \in E'$ қабырғасы $G' = (V', E')$ гиперграфында инцидентті болады сонда және тек қана сонда, қашан олар $G = (V, E)$ гиперграфында инцидентті болса.

Гиперграфтар бағытталған және бағытталмаған болады. Бағытталмаған графтың қабырғалары буын (түйін) деп аталады. Бағытталған граф болған жағдайда $e \in E$ қабырғасы *гипердоға* деп аталады және реттелген жұп (w, T) арқылы беріледі, мұнда $w \in V$, $T \subseteq V \setminus \{w\}$, $T \neq \emptyset$ және w төбесі e доғасының басы, ал T төбелердің ішжиынындағы әрбір төбе e доғасының *ақырлы төбесі*, e доғасы w төбесінен шығып, T ішжиынының әрбір төбесіне кіреді.

Гиперграф $G = (V, E_1, E_2)$ *квази бағытталған* гиперграф деп аталады, егер $E_1 \subset E$ & $E_1 \neq \emptyset$ – қабырғалар (буындар) жиыны, ал

$E_2 \subset E \& E_2 \neq \emptyset$ – доғалар жиыны және $E_1 \cup E_2 = E$ болса. Егер $E_2 \subset E \& E_1 \neq \emptyset$ болса, онда гиперграф *толық бағытталған* болады, ал егер $E_1 \subset E \& E_2 \neq \emptyset$ болса, онда гиперграф *бағытталмаған* болады.

Егер E_1 және E_2 жиындарының қуаттарын (элементтер сандарын) $|E_1|$ және $|E_2|$ деп белгілесек, онда оларға байланысты қосымша түсініктер енгізіледі: Егер $|E_1| = |E_2|$ болса, онда *толық бағытталмаған-бағытталған* болады; Егер $|E_1| > |E_2|$ болса, онда гиперграф *дерлік бағытталмаған* болады; Егер $|E_1| < |E_2|$ болса, онда гиперграф *дерлік бағытталған* болады; Егер гиперграф элементтеріне кейбір жиындардың символдары қосылып жазылса, онда ол боялған гиперграф немесе қабырғалары мен төбелері таңбаланған гиперграф деп аталады.

Семантикалық гиперграф – дерлік бағытталған және боялған гиперграфтар.

Ескерту: Семантикалық гиперграфтағы символдар тізбегі онтологиядағы түсініктер (концептер) мен қатынастардың аттарының қызметін атқарады.


1.2.1-Кестеде Зат есімнің морфологиялық белгілерінің негізгі түсініктері мен қатынастары көрсетілген.

1.2.1-Кесте. Зат есімнің морфологиялық белгілерінің түсініктері мен қатынастары

ID	Сипаттамасы	ID	Сипаттамасы
k_0	Зат есім	k_5	Тәуелдік
v_1	Сөз табы	v_{15}	1 жақ
v_2	Зат	v_{16}	2 жақ
k_1	Жанды	v_{17}	3 жақ
v_3	Жанды зат есім белгісі	k_6	Көптік
k_2	Жансыз	v_{18}	Көптеледі
v_4	Жансыз зат есім белгісі	v_{19}	Көптелмейді
k_3	Септік	k_7	Жұрнақ
v_5	Атау	v_{20}	Зат есімнен зат есім тудыратын

v_6	Ілік	v_{21}	Зат есімнен сын есім тудыратын
v_7	Барыс	v_{22}	Зат есімнен етістік тудыратын
v_8	Табыс	e_1	Болып табылады
v_9	Жатыс	e_2	Белгілейді
v_{10}	Шығыс	e_3, e_4	түрі бар
v_{11}	Көмектес	e_5, e_6	Бар
k_4	Жіктік	$e_7 - e_{21}, e_{32} - e_{34}$	Бөлінеді
v_{12}	1 жақ	$e_{22} - e_{31}, e_{37} - e_{42}$	Жалғанады
v_{13}	2 жақ	$e_{35} - e_{36}$	Өзгереді
v_{14}	3 жақ		

1.2.1-Суретте Зат есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграфты пайдалана отырып, графикалық бейнелеу көрсетілген.



1.2.1-Сурет. Зат есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграф арқылы графикалық бейнелеу

Семантикалық гиперграфтарды басқа гиперграф сыныбынан ажырата алу үшін оның гипердоғаларын *семантикалық доға* деп аламыз, сонымен қатар, семантикалық гиперграфтың төбелерінің жиынтығына $K = \{k_a\}$, сыныптар жиыны кіреді, мұндағы $a \in (A = \{0,1,2,...n\})$, олардың әрқайсысына өз кезегінде сынып қасиеттерінің жиыны кіретін болады.

Сынып-төбесін келесі үштікпен белгілейміз

$$k_a = \{V_a, E_a, S_a\}, \quad (1.1)$$

мұнда V_a – сынып қасиеттерінің жиыны;

E_a – сыныпқа кіретін семантикалық доғалардың жиыны;

S_a – сынып қасиеттері экземплярларының жиыны.

Сынып-төбе – «Зат есім»:

$$k_0 = \{\{v_1, v_2\}, \{e_1, e_2\}, S_0\};$$

$$k_1 = \{\{v_3\}, \{e_5\}, S_1\};$$

$$k_2 = \{\{v_4\}, \{e_6\}, S_2\};$$

$$k_3 = \{\{v_5, v_6, v_7, v_8, v_9, v_{10}, v_{11}\}, \{e_7, e_8, e_9, e_{10}, e_{11}, e_{12}, e_{13}\}, S_3\};$$

$$k_4 = \{\{v_{12}, v_{13}, v_{14}\}, \{e_{14}, e_{15}, e_{16}\}, S_4\};$$

$$k_5 = \{\{v_{15}, v_{16}, v_{17}\}, \{e_{17}, e_{18}, e_{19}\}, S_5\};$$

$$k_6 = \{\{v_{18}, v_{19}\}, \{e_{20}, e_{21}\}, S_6\};$$

$$k_7 = \{\{v_{20}, v_{21}, v_{22}\}, \{e_{32}, e_{33}, e_{34}\}, S_7\}.$$

Сыныптар жиынын белгілеп алғаннан кейін зат есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграф арқылы графикалық бейнелеуге болады.

Гиперграф $G(V, E)$, мұнда:

$$V = K = \{k_a\} = \{k_0, k_1, k_2, k_3, k_4, k_5, k_6, k_7\};$$

$$E = \{e_3, e_4, e_{22}, e_{23}, e_{24}, e_{25}, e_{26}, e_{27}, e_{28}, e_{29}, e_{30}, e_{31}, e_{35}, e_{36}, e_{37}, e_{38}, e_{39}, e_{40}, e_{41}, e_{42}\}$$

$$E = \{e_3 = \{k_0, k_1\}, e_4 = \{k_0, k_2\}, e_{22} = \{k_1, k_3\}, e_{23} = \{k_1, k_4\}, e_{24} = \{k_1, k_5\}, e_{25} = \{k_1, k_6\},$$

$$e_{26} = \{k_2, k_3\}, e_{27} = \{k_2, k_5\}, e_{28} = \{k_2, k_6\}, e_{29} = \{k_6, k_3\}, e_{30} = \{k_6, k_4\}, e_{31} = \{k_6, k_5\},$$

$$e_{35} = \{k_1, k_7\}, e_{36} = \{k_2, k_7\}, e_{37} = \{k_7, k_3\}, e_{38} = \{k_7, k_4\}, e_{39} = \{k_7, k_5\}, e_{40} = \{k_7, k_6\}$$

$$e_{41} = \{k_5, k_3\}, e_{42} = \{k_5, k_4\}\}$$

Мысалы: «балшылардың».

Тезауруста «бал» деген түбір сөз бар және ол зат есім.

Зат есім (k_0) болып табылады (e_1) сөз табы (v_1), білдіреді (e_2) затты (v_2), және «не?» деген сұраққа жауап береді. Оның жансыз (k_2) деген түрі бар (e_3). Жансыз зат есімге (k_7) жұрнақ жалғанады, яғни қалған қосымша k_7 қасиеттері экземплярларының ішінен ізделінеді. Солай табылғанша артынан бастап символға қысқартыла отырып ізделінеді. «шы» (v_{20}) зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ экземплярлары. Ары қарай өзгеру траекториясы бойынша (k_6) көптік жалғауы қасиеттері экземплярларынан қарастырылады. «лар» (v_{18}) экземплярлары. Зат есім көптелгеннен (k_6) кейін септелуі (k_3) мүмкін, яғни траектория бойынша «дың» (k_3) қасиеттері экземплярларынан ізделінеді. «дың» (v_6) экземплярлары... Осылайша, «бал» – зат есім, «шы» – зат есімнен зат есім тудырушы жұрнақ, «лар» – көптік жалғауы, «дың» – ілік септік жалғауы.

Мысалы: «бал» – зат есім.

Зат есім (k_0) болып табылады (e_1) сөз табы (v_1), білдіреді (e_2) затты (v_2), және «кім?» деген сұраққа жауап береді. Оның жансыз (k_2) деген түрі бар (e_3). Қазақ тілінде жанды зат есімдерге жалғанады ($e_{22} - e_{25}$), септік (k_3), жіктік (k_4), көптік (k_6) және тәуелдік (k_5), жанды зат есімдер өзгереді ($e_{35} - e_{36}$), жұрнақ (k_7).

$S = \text{бал}$.

Зат есім = {сөз табы, затты}, {болып табылады, білдіреді}, {бал (honey)}.

Қасиеті бар = {бал, жансыз}.

Жалғанады = {жансыз, септік}.

Жалғанады = {жансыз, көптік}.

Жалғанады = {жансыз, тәуелдік}.

Өзгереді = {жансыз, жұрнақ}.


Септік = {{Атау, Ілік, Барыс, Табыс, Жатыс, Шығыс, Көмектес}, {бөлінеді}, {бал, балдың, балға, балды, балда, балдан, балмен}}.

Тәуелдік = {{1 жақ, 2 жақ, 3 жақ}, {бөлінеді}, {балым, балың, балы}}.

Көптік = {{жекеше, көпше}, {бөлінеді}, {бал, балдар}}.

Жұрнақ = {{ЗеЗе, ЗеСы, ЗеЕт}, {бөлінеді}, {балшы, балдай, балай}} т.б. Қалған сөз таптары да осы негізде семантикалық гиперграф арқылы формалды түрде сипатталады.

1.2.2-Суретте Сын есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграфты пайдалана отырып графикалық бейнелеу көрсетілген.



1.2.2-Сурет. Сын есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграф арқылы графикалық бейнелеу

1.2.2-Кестеде Сын есімнің морфологиялық белгілерінің негізгі түсініктері мен қатынастары көрсетілген.

1.2.2-Кесте. Сын есімнің морфологиялық белгілерінің түсініктері мен қатынастары

ID	Сипаттамасы	ID	Сипаттамасы
k_0	Сын есім	k_6	Тәуелдік
v_1	Сөз табы	v_{16}	1 жақ
v_2	Сыны және сапасы	v_{17}	2 жақ
k_1	Сапалық	v_{18}	3 жақ
v_3	Сапасы	k_7	Жіктік
k_2	Қатыстық	v_{19}	1 жақ
v_4	Белгі	v_{20}	2 жақ
k_3	Шырай	v_{21}	3 жақ
v_5	Салыстырмалы шырай	k_8	Жұрнақ
v_6	Күшейтпелі шырай	v_{22}	Сын есімнен зат есім тудыратын
k_4	Септік	v_{23}	Сын есімнен сын есім тудыратын
v_7	Атау	v_{24}	Сын есімнен егістік тудыратын
v_8	Ілік	e_1	болып табылады
v_9	Барыс	e_2, e_5, e_6	белгілейді
v_{10}	Табыс	e_3, e_4	түрі бар
v_{11}	Жатыс	e_{24}	Бар
v_{12}	Шығыс	e_7, e_8	формасы бар
v_{13}	Көмектес	$e_9 - e_{23}, e_{33} - e_{35}$	бөлінеді
k_5	Көптік	$e_{25} - e_{32}, e_{38} - e_{41}$	жалғанады
v_{14}	Көптеледі	e_{37}	өзгереді
v_{15}	Көптелмейді		

Сын есімде де зат есімдегі секілді семантикалық гиперграф арқылы бейнеленіп, олардың төбелері мен доғалары жиынтығы көрсетіледі.

Сынып-төбе – «сын есім»:

$$k_0 = \{\{v_1, v_2\}, \{e_1, e_2\}, S_0\};$$

$$k_1 = \{\{v_3\}, \{e_5\}, S_1\};$$

$$k_2 = \{\{v_4\}, \{e_6\}, S_2\};$$

$$k_3 = \{\{v_5, v_6\}, \{e_7, e_8\}, S_3\};$$

$$k_4 = \{\{v_7, v_8, v_9, v_{10}, v_{11}, v_{12}, v_{13}\}, \{e_9, e_{10}, e_{11}, e_{12}, e_{13}, e_{14}, e_{15}\}, S_4\};$$

$$k_5 = \{\{v_{14}, v_{15}\}, \{e_{16}, e_{17}\}, S_5\};$$

$$k_6 = \{\{v_{16}, v_{17}, v_{18}\}, \{e_{18}, e_{19}, e_{20}\}, S_6\};$$

$$k_7 = \{\{v_{19}, v_{20}, v_{21}\}, \{e_{21}, e_{22}, e_{23}\}, S_7\};$$

$$k_8 = \{\{v_{22}, v_{23}, v_{24}\}, \{e_{33}, e_{34}, e_{35}\}, S_8\}.$$

Сыныптар жиынын белгілеп алғаннан кейін сын есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграф арқылы графикалық бейнелеуге болады:


Гиперграф $H(V, E)$, мұндағы

$$V = K = \{k_a\} = \{k_0, k_1, k_2, k_3, k_4, k_5, k_6, k_7, k_8\};$$

$$E = \{e_3, e_4, e_{24}, e_{25}, e_{26}, e_{27}, e_{28}, e_{29}, e_{30}, e_{31}, e_{32}, e_{36}, e_{37}, e_{38}, e_{39}, e_{40}, e_{41}\};$$

$$E = \{e_3 = \{k_0, k_1\}, e_4 = \{k_0, k_2\}, e_{24} = \{k_0, k_3\}, e_{25} = \{k_1, k_4\}, e_{26} = \{k_1, k_5\}, e_{27} = \{k_1, k_6\}, e_{28} = \{k_1, k_7\}, e_{29} = \{k_5, k_4\}, e_{30} = \{k_5, k_7\}, e_{31} = \{k_5, k_6\}, e_{32} = \{k_2, k_4\}, e_{36} = \{k_8, k_2\}, e_{37} = \{k_1, k_8\}, e_{38} = \{k_8, k_4\}, e_{39} = \{k_8, k_5\}, e_{40} = \{k_8, k_7\}, e_{41} = \{k_8, k_6\}\}$$

1.2.3-Суретте сан есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграфты пайдалана отырып графикалық бейнелеу көрсетілген.



1.2.3-Сурет. Сан есімнің морфологиялық белгілерін семантикалық гиперграф арқылы графикалық бейнелеу

Сан есімде де алдындағы сөз таптарында көрсетілгендей семантикалық гиперграф арқылы формалданады.

1.2.4-Кестеде етістіктің морфологиялық белгілерінің негізгі түсініктері мен қатынастары көрсетілген.

1.2.4-Кесте. Етістіктің морфологиялық белгілерінің түсініктері мен қатынастары.

ID	Сипаттамасы	ID	Сипаттамасы
k_0	Етістік	k_9	Сабақты
v_1	Сөз табы	v_{14}	Объектіге бағытталған

k_1	Рай	k_{10}	Салт
v_2	Бұйрық рай	v_{15}	Объектіге бағытталмаған
v_3	Шартты рай	k_{14}	Personal endings
v_4	Қалау рай	v_{22}	1 personal
k_2	Шақ	v_{23}	2 personal
k_{11}	Өткен шақ	v_{24}	3 personal
v_{16}	Бұрынғы өткен шақ	k_{15}	Possessive endings
v_{17}	Ауыспалы өткен шақ	v_{25}	1 personal
k_{12}	Осы шақ	v_{26}	2 personal
v_{18}	Нақ осы шақ	v_{27}	3 personal
v_{19}	Ауыспалы осы шақ	k_{16}	Cases
k_{13}	Келер шақ	v_{28}	Nominative case
v_{20}	Ауыспалы келер шақ	v_{29}	Genitive case
v_{21}	Болжалды келер шақ	v_{30}	Direction-dative case
k_3	Болымсыз	v_{31}	Accusative case
v_5	Болымсыз іс қимыл	v_{32}	Locative case
k_4	Болымды	v_{33}	Ablative case
v_6	Іс қимыл	v_{34}	Instrumental case
k_5	Тұйық етістік	e_1	Болып табылады
v_7	у жұрнағы жалғанады	$e_2 - e_7, e_{11} - e_{14},$ $e_{19} - e_{24}$	Түрі бар
k_6	Етіс	$e_8 - e_9, e_{15} - e_{18}$	Белгілейді
v_8	Ортақ етіс	e_{10}	Жалғанады
v_9	Өзгелік етіс	$e_{25} - e_{37}$	Бөлінеді
v_{10}	Ырықсыз етіс	$e_{38} - e_{47}$	Пішімі бар
v_{11}	Өздік етіс	$e_{48} - e_{50}$	Түрі бар
k_7	Есімше	$e_{51} - e_{56}$	Өзгереді
v_{12}	Объект іс қимылының белгісі	k_8	Көсемше
v_{13}	Іс қимылға қосымша іс қимыл		

Сынып-төбе – «Етістік»:

$$k_0 = \{\{v_1\}, \{e_1\}, S_0\};$$

123	DIR	Барыс септік жалғаулары	264	IndfNum	Мөлшерлік мағынада
124	DIR_LIM		265	IndfPersObj	Адам мәнінде
125	GEN	Ілік септік жалғаулары	266	IndfPlace	Мекендік мағынада
126	INST	Көмектес септік жалғаулары	267	IndfTime	Мезгілдік мағынада
127	LOC	Жатыс септік жалғаулары	268	Intr	Сұрау есімдігі
128	NOM	Атау септік жалғауы	269	Neg	Болымсыздық есімдігі
129	Number	Көптік жалғау	270	NegAtr	Заттық, сындық мәнде
130	Person	Жіктік жалғау	271	NegInamObj	Жансыз зат мәнінде
131	P1PL1	1 жақ көпше түрдегі жалғаулар	272	NegPersObj	Зат, адам мәнінде
132	P1SG1	1 жақ жекеше түрдегі жалғаулар	273	NegPlace	Әрекеттің мекендік мәнінде
133	P2PL.P1	2 жақ көпше (сыпайы) түрдегі жалғаулар	274	NegTime	Әрекеттің мезгілдік мәнінде
134	P2PL1	2 жақ көпше түрдегі (анайы) жалғаулар	275	Pers	Жіктеу есімдігі
135	P2SG.P1	2 жақ жекеше, сыпайы түрдегі жалғаулар	276	Refl	Өздік есімдігі
136	P2SG1	2 жақ жекеше (анайы) түрдегі жалғаулар	277	V	Етістік
137	P3PL	3 жақ жекеше түрдегі жалғаулар	278	Intrs	Салт етістік
			279	Trns	Сабақты етістік

Қазақ тілі синтаксисінің атаулары мен белгілерінің UniTurk метатілінде бейнеленуі III.1.2-Кестеде көрсетілген.

III.1.2-Кесте. Қазақ тілі синтаксисінің атаулары мен белгілерінің
UniTurk метатілінде

№	UniTurk	Қазақ тіліндегі атауы
1	2	3
1	SYNTAX	Синтаксис
2	Phr	Сөз тіркесі
3	FIP	Тұрақты сөз тіркесі
4	FRP	Еркін сөз тіркесі
5	AGRM	Қиысу
6	PLPP	Көпше жіктеу есімдіктерімен жасалатын қиысу
7	SGPP	Жекеше жіктеу есімдіктерімен жасалатын қиысу
8	CPCT	Жанасу
9	NP	Есімді тіркес
10	NA	Есімді қабысу
11	NA1	Есімді қабысу (зат есім+зат есім)
12	NA2	Есімді қабысу (сын есім+зат есім)
13	NA3	Есімді қабысу (сан есім+зат есім)
14	NA4	Есімді қабысу (есімдік+зат есім)
15	NA5	Есімді қабысу (есімше+зат есім)
16	NA6	Есімді қабысу (үстеу+зат есім)
17	NG	Есімді меңгеру
18	DirNG	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру
19	DirNG1	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (барыс септіктегі зат есім+зат есім)
20	DirNG2	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (барыс септіктегі сын есім+зат есім)
21	DirNG3	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (барыс септіктегі үстеу+зат есім)
22	DirNG4	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (барыс септіктегі үстеу+көмекші сөздер)
23	DirNG5	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (барыс септіктегі есімдік+сын есім)
24	DirNG6	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (барыс септіктегі сын есім+зат есім)
25	DirNG7	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру(барыс септіктегі сын есім+зат есім)

1	2	3
26	DirNG8	Барыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (барыс септіктегі сын есім+зат есім)
27	LocNG	Жатыс септігі жалғаулы есімді меңгеру
28	LocNG1	Жатыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (жатыс септіктегі зат есім+үстеу)
29	LocNG2	Жатыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (жатыс септіктегі зат есім+үстеу)
30	LocNG3	Жатыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (жатыс септіктегі есімдік+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
31	LocNG4	Жатыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (жатыс септіктегі зат есім+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
32	LocNG5	Жатыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (жатыс септіктегі зат есім+сан есім)
33	AbING	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру
34	AbING1	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі зат есім+сын есім)
35	AbING2	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі зат есім+үстеу)
36	AbING3	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру(шығыс септіктегі сын есім+зат есім)
37	AbING4	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі сын есім+сын есім)
38	AbING5	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі сын есім+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
39	AbING6	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі үстеу+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
40	AbING7	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі есімдік+үстеу)
41	AbING8	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі есімдік+есімдік)
42	AbING9	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі есімдік+сын есім)
43	AbING10	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі сан есім+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
44	AbING11	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру(шығыс септіктегі сан есім+сын есім)

1	2	3
45	AbING12	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі сан есім+үстеу)
46	AbING13	Шығыс септігі жалғаулы есімді меңгеру (шығыс септіктегі есімше+сын есім)
47	InstNG	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру
48	InstNG1	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі зат есім+зат есім)
49	InstNG2	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі зат есім+сын есім)
50	InstNG3	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі және тәуелдік жалғаудағы зат есім+сын есім)
51	InstNG4	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі сын есім+зат есім)
52	InstNG5	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі есімдік+зат есім)
53	InstNG6	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі есімдік+сын есім)
54	InstNG7	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі есімдік+есімдік)
55	InstNG8	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі сан есім+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
56	InstNG9	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі сан есім+зат есім)
57	InstNG10	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі және тәуелдік жалғаудағы сан есім+зат есім)
58	InstNG11	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі сан есім+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
59	InstNG12	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі есімше+заттың күйін білдіретін есім сөздер)
60	InstNG13	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі есімше+зат есім)
61	InstNG14	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі есімше+сын есім)
62	InstNG15	Көмектес септігі жалғаулы есімді меңгеру (көмектес септіктегі және тәуелдік жалғаудағы есімше+сын есім)
63	NS	Есімді матасу

1	2	3
64	NNS	Сөздердің зат есіммен матасуы
65	NNS1	Сөздердің зат есіммен матасуы (ілік септіктегі зат есім+тәуелдік жалғаудағы зат есім)
66	NNS2	Сөздердің зат есіммен матасуы (ілік септіктегі сын есім+тәуелдік жалғаудағы зат есім)
67	NNS3	Сөздердің зат есіммен матасуы (ілік септіктегі сан есім+тәуелдік жалғаудағы зат есім)
68	NNS4	Сөздердің зат есіммен матасуы (ілік септіктегі сілтеу есімдігі+тәуелдік жалғаудағы зат есім)
69	NNS5	Сөздердің зат есіммен матасуы (ілік септіктегі есімше+тәуелдік жалғаудағы зат есім)
70	NNS6	Сөздердің зат есіммен матасуы (ілік септіктегі үстеу+тәуелдік жалғаудағы зат есім)
71	AdjNS	Сөздердің сын есіммен матасуы
72	AdjNS1	Сөздердің сын есіммен матасуы (ілік септіктегі зат есім+тәуелдік жалғаудағы сын есім)
73	AdjNS2	Сөздердің сын есіммен матасуы (ілік септіктегі сын есім+тәуелдік жалғаудағы сын есім)
74	AdjNS3	Сөздердің сын есіммен матасуы (ілік септіктегі сан есім+тәуелдік жалғаудағы сын есім)
75	AdjNS4	Сөздердің сын есіммен матасуы (ілік септіктегі сілтеу есімдігі+тәуелдік жалғаудағы сын есім)
76	AdjNS5	Сөздердің сын есіммен матасуы (ілік септіктегі есімше+тәуелдік жалғаудағы сын есім)
77	AdjNS6	Сөздердің сын есіммен матасуы (ілік септіктегі үстеу+тәуелдік жалғаудағы сын есім)
78	NumNS	Сөздердің сан есіммен матасуы
79	NumNS1	Сөздердің сан есіммен матасуы (ілік септіктегі зат есім+тәуелдік жалғаудағы сан есім)
80	NumNS2	Сөздердің сан есіммен матасуы(ілік септіктегі сын есім+тәуелдік жалғаудағы сан есім)
81	NumNS3	Сөздердің сан есіммен матасуы (ілік септіктегі сан есім+тәуелдік жалғаудағы сан есім)
82	NumNS4	Сөздердің сан есіммен матасуы (ілік септіктегі сілтеу есімдігі+тәуелдік жалғаудағы сан есім)

1	2	3
83	NumNS5	Сөздердің сан есіммен матасуы (ілік септіктегі есімше+тәуелдік жалғаудағы сан есім)
84	NumNS6	Сөздердің сан есіммен матасуы (ілік септіктегі үстеу+тәуелдік жалғаудағы сан есім)
85	PronNS	Сөздердің есімдікпен матасуы
86	PronNS1	Сөздердің есімдікпен матасуы (ілік септіктегі зат есім+тәуелдік жалғаудағы есімдік)
87	PronNS2	Сөздердің есімдікпен матасуы (ілік септіктегі сын есім+тәуелдік жалғаудағы есімдік)
88	PronNS3	Сөздердің есімдікпен матасуы (ілік септіктегі сан есім+тәуелдік жалғаудағы есімдік)
89	PronNS4	Сөздердің есімдікпен матасуы (ілік септіктегі сілтеу есімдігі+тәуелдік жалғаудағы есімдік)
90	PronNS5	Сөздердің есімдікпен матасуы (ілік септіктегі есімше+тәуелдік жалғаудағы есімдік)
91	PronNS6	Сөздердің есімдікпен матасуы (ілік септіктегі үстеу+тәуелдік жалғаудағы есімдік)
92	VP	Етістікті тіркес
93	VA	Етістікті қабысу
94	VA1	Етістікті қабысу (үстеу+етістік)
95	VA2	Етістікті қабысу (еліктеуіш сөз+етістік)
96	VA3	Етістікті қабысу (көсемше+етістік)
97	VA4	Етістікті қабысу (сын есім+етістік)
98	VA5	Етістікті қабысу (сан есім+етістік)
99	VA6	Етістікті қабысу (зат есім+етістік)
100	VA7	Етістікті қабысу (есімдік+етістік)
101	VG	Етістікті меңгеру
102	DirVG	Барыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру
103	DirVG1	Барыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру(барыс септігіндегі зат есім+етістік)
104	DirVG2	Барыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру(барыс септігіндегі сын есім+етістік)
105	DirVG3	Барыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (барыс септігіндегі сан есім+етістік)
106	DirVG4	Барыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (барыс септігіндегі есімдік+етістік)

1	2	3
107	DirVG5	Барыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру(барыс септігіндегі есімше+етістік)
108	AccVG	Табыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру
109	AccVG1	Табыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (табыс септігіндегі зат есім+етістік)
110	AccVG2	Табыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру(табыс септігіндегі сын есім+етістік)
111	AccVG3	Табыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (табыс септігіндегі сан есім+етістік)
112	AccVG4	Табыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (табыс септігіндегі есімдік+етістік)
113	AccVG5	Табыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (табыс септігіндегі есімше+етістік)
114	LocVG	Жатыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру
115	LocVG1	Жатыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (жатыс септігіндегі зат есім+етістік)
116	LocVG2	Жатыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (жатыс септігіндегі сын есім+етістік)
117	LocVG3	Жатыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (жатыс септігіндегі сан есім+етістік)
118	LocVG4	Жатыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (жатыс септігіндегі есімдік+етістік)
119	LocVG5	Жатыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (жатыс септігіндегі есімше+етістік)
120	AblVG	Шығыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру
121	AblVG1	Шығыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (шығыс септігіндегі зат есім+етістік)
122	AblVG2	Шығыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (шығыс септігіндегі сын есім+етістік)
123	AblVG3	Шығыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (шығыс септігіндегі сан есім+етістік)
124	AblVG4	Шығыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (шығыс септігіндегі есімдік+етістік)
125	AblVG5	Шығыс септігі жалғаулы етістікті меңгеру (шығыс септігіндегі есімше+етістік)
126	InstVG	Көмектес септігі жалғаулы етістікті меңгеру

1	2	3
127	AblVG1	Көмектес септігі жалғаулы етістікті меңгеру (көмектес септігіндегі зат есім+етістік)
128	AblVG2	Көмектес септігі жалғаулы етістікті меңгеру (көмектес септігіндегі сын есім+етістік)
129	AblVG3	Көмектес септігі жалғаулы етістікті меңгеру (көмектес септігіндегі сан есім+етістік)
130	AblVG4	Көмектес септігі жалғаулы етістікті меңгеру (көмектес септігіндегі есімдік+етістік)
131	AblVG5	Көмектес септігі жалғаулы етістікті меңгеру (көмектес септігіндегі есімше+етістік)
132	PhCases	Септелген сөз тіркестері
133	S	Сөйлем
134	SS	Жай сөйлем
135	CCS	Құрмалас сөйлем
136	DecS	Хабарлы сөйлем
137	ExclS	Лепті сөйлем
138	InterS	Сұраулы сөйлем
139	ImperS	Бұйрықты сөйлем
140	DetS	Атаулы сөйлем
141	PerS	Жақты сөйлем
142	ImPerS	Жақсыз сөйлем
143	ComS	Толымды сөйлем
144	IncomS	Толымсыз сөйлем
145	Conditional sentences	Сабақтас құрмалас сөйлем
146	Optative sentence	Салалас құрмалас сөйлем
147	AffS	Болымды сөйлем
148	NegS	Болымсыз сөйлем
149	UnextS	Жалаң сөйлем
150	ExtS	Жайылма сөйлем
151	SP	Сөйлем мүшелері
152	PSP	Тұрлаулы сөйлем мүшелері
153	Sub	Бастауыш
154	Pre	Баяндауыш
155	SSP	Тұрлаусыз сөйлем мүшелері

III.2 Қазақ тілі грамматикасының онтологиялық моделдері

III.2.1 Онтологиялық моделдеудегі жалпы түсініктер

Бұл тақырыпта қазақ тілінің морфологиялық ережелерін онтологиялық моделдеу қарастырылады. Материалды даярлау үшін дерек көздеріндегі [1-15, 23] және монография авторларының қатысуымен шыққан 1-Қосымшадағы көрсетілген [1-44, 61-77] жариялымдар пайдаланылды.

Қазіргі күнде білімдерді бейнелеудің реляциялық (кестелік) моделін қолданатын парадигмаларды алмастыру үшін семантикалық моделдерді қолдайтын интеллектуалды технологиялар келуде. Бұл технологиялардың негізінде белгілі пәндік сала бойынша білімдердің онтологиялық моделдерін (білім базаларын) құру, логикалық қорытынды жасау мен клиент сұратымдарына сәйкес келетін мағыналық жауаптарды алу әдістері жатыр. Семантикалық моделдердің ішкі құрылымы машиналық-оқылатын элементтерден, яғни, семантикалық желі түйіндерінен тұрады, ал бұл өз кезегінде пәндік сала концептерін (түсініктерін, объектілерін, индивидтерін, жағдайларын және т.б.), сыныптарын (класстарын) және олардың қасиеттері мен байланыстарын көрсететін онтологияға сүйенеді.

Жалпы семантикалық моделдердегі қатынастар былай бөлінеді:

- Объекті мен жиын арасындағы IS-A (Бұл-A) қатынасы объект осы жиында жататындығын көрсететін сыныптау (классификациялау) қатынасы, ал IS-A қатынасына кері қатынас нақты мысалдарды көрсету үшін қолданылады;

- Екі жиын арасындағы SubsetOf (Ішжиын) қатынасы осы екі жиынның арасындағы бірінші жиынның әрбір элементі екінші жиынға кіретіндігін, яғни, бірінші жиын екінші жиыннан кіші болып және екінші жиынның барлық қасиетін иеленетіндігін көрсететін қатынас;

- Ішжиын мен сыртжиын арасындағы АКО (Тұқым-Түр) ‘*гипонимия*’ атты қатынас ішжиын элементі – *гипоним*, сыржиын элементі – *гиперонимом* болатындығын көрсетеді;

- Бөлім мен бүтін арасындағы HasPart (Бөлім-Бүтін) ‘*меронимия*’ атты қатынаста бөлім – *мероним*, бүтін – *холоним* болатындығын көрсетеді.

- ‘*Сынып-ішсынып-экземпляр (дана)*’, ‘*Жиын-ішжиын-элемент*’ және т.с.с. қатынастар IS-A, АКО немесе гипонимия типтеріне жататын ‘*Таксономия*’ деген қатынасты анықтайды.

Сонымен пәндік облыстың (саланың) объектілерінің арасында келесі қатынастарды анықтауға болады:

- Жүйенің өзінде айқын қайталанып немесе алгоритмен (формалды ережемен) анықталатын *синонимия* және *антонимия* қатынастары;

- Әдетте ‘*жасайды*’, ‘*өндіреді*’ сияқты етістікпен анықталатын *функционалды* қатынас;

- *Үлкен, кіші, тең* сияқты сын есіммен анықталатын *мөлшерлі* қатынас;

- Алдында, артында, астында, үстінде, алыс, жақын, сияқты *кеңістікті* қатынас;

- Ерте, кеш, бұрын, кейін сияқты *уақытты* қатынас;

- Қасиетті, мәнді, бос сияқты *атрибутивті* қатынас;

- Емес, және немесе сияқты *логикалық* қатынас.

Объекттердің қатысу дәрежесіне байланысты мынадай қатынастарды анықтауға болады:

- *унарлы (рекурсивті)* өз-өзіне қатынас жасау;

- *бинарлы* екі концепті байланыстырады;

- *n-арлы* екіден көп объекттерді байланыстырады.

Қосымша мынадай қатынастарды анықтауға болады:

- Атасы – ұрпағы сияқты *тұқымдық* қатынас;

- Бастығы – қызметшісі сияқты өндірістік (қызметтік) қатынас;

Әртүрлі онтологиялық тілдер әртүрлі мүмкіншіліктерді пайдалануға мүмкіндік береді. Солардың ішіндегі бізге қолайлысы, World Wide Web Consortium (W3C)-ның онтология сипаттайтын


тілі Protégé OWL болды. Protégé OWL тек ұғымдарды ғана емес, сонымен қатар нақты объектілерді және оларда анықталған *терістеу, бірігу* және *қиылысу* сияқты амалдарды да сипаттауға мүмкіндік береді. Бұл амалдар күрделі ұғымдар анықтамаларын қарапайым ұғымдар анықтамаларының негізінде құрастырылуы мүмкін етеді. Сонымен қатар, логикалық нобай, онтологиядағы барлық анықтамалар мен тұжырымдар өзара келісімділігін тексеру және берілген анықтамаларға қандай тұжырымдар сәйкес келетіндігін анықтау пайымдары үшін қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі грамматикасын онтологиялық моделдеуде алдымен морфологиялық сыныптар құрылып, олардағы морфологиялық концептер және олардың арасындағы қатынастар мен ережелердің барлығы анықталғаннан кейін, синтаксистік сыныптар, солардың ішінде сөз тіркесі, сөйлем, сөйлем мүшелеріне қатысты ішкі сыныптар құрылады.


Қазақ тілі грамматикасының барлық онтологиялық моделдері Protégé (<http://protege.stanford.edu>) ортасында құрылды, олар үш сыныптан тұрады: «Морфология», «Синтаксис», «Семантика». Онтологиялық моделдердегі барлық концептердің атаулары «III.1 UniTurk метатілі» атты тақырыптағы III.1.1-Кестеден және III.1.1-Кестеден сәйкес алынып, тік төртбұрыштың ішінде жазылған, ал олардың арасындағы қатынастар бағытталған сызықтармен көрсетілген.

Қазақ тілі грамматикасының онтологиялық моделінің бірінші фрагменті (бөлігі) III.2.1.1-Суретте көрсетілген.

Онтологияның класстары анықталып болған соң олардың арасындағы байланыстың қасиеттері көрсетілді. Мысалы «Adj» (Сын есім) класына келесі қасиеттерге ие болады: «hasSemanticType» (семантикалық түрі бар): қатыстық (Qual) және сапалық (Rel) т.б. III.2.1.2-Суретте көрсетілген.




III.2.1.1-Сурет. Қазақ тілі грамматикасы онтологиялық моделінің бірінші фрагменті.




III.2.1.2-Сурет. Сын есім қасиеттері

«Қазақ тілі грамматикасы» онтологиясында қасиеттің (қатынастың) басқа түрі – Аннотация (Андатпа) қасиеті қолданылады. Аннотация қасиеттері сыныптарға, жеке тұлғаларға және объектілердің қасиеттеріне ақпарат (метадеректер – деректер деректері) қосу үшін қолданылады. Онда осы Түсініктің не екендігі, қандай грамматикалық категориялар немесе морфологиялық бірліктер туралы ақпарат бар ол қандай элементтерді немесе ішкі класстарды қамтуы мүмкін екенін сипаттайды. III.2.1.3-суретте Қазақ тіліндегі Сан есімнің (Num) атауы мен анықтамасы туралы ақпаратты қамтитын Аннотация қасиетінің мысалы келтірілген.



III.2.1.3-Сурет. Аннотация қасиетінің мысалы.

Класстар мен олардың арасындағы қасиеттер (қатынастар) сипатталғаннан кейін, класстардың индивидтері қосылды. Индивидтер пәндік облыстың нақты объектілері, олар онтологияның негізгі, төменгі деңгейлі компоненттері болып табылады. III.2.1.4-суретте Қазақ тіліндегі септік категориясының «Шығыс септік» (Abl) жалғауларын индивид ретінде көрсетудің мысалы көрсетілген, индивидтер диаграммалардағы *ромбтар* ретінде ұсынылады.



III.2.1.4-Сурет. Шығыс септігінің жалғауларын индивид ретінде көрсету

Осылайша монографияның II тарауындағы қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисінің математикалық моделдеріне сәйкес барлық көрсетілген түсініктер (класстар мен ішкі класстар) және класстардың қасиеттеріне қарай өңделіп, Қазақ тілінің грамматикасының (морфологиясының және синтаксисінің) онтологиялық моделдері құрылды. Олар төменде көрсетілген.

Онтологиялар қазақ тілінің грамматикасына қатысты концептерден, сыныптардан және олардың атрибуттарынан (қасиеттерінен, сипаттарынан, өлшемдерінен, көлеміндерінен және т.б.), қатынастарынан, сонымен қатар оларда анықталған амалдардан (функциялардан), фактылардан (аксиомалардан) тұратын құрылымдық-мағыналық (семантикалық) концептуалды сұлба (схема) түрінде бейнеленеді.

Онтологиялар моделдерді графикалық құруда кең қолданылатын семантикалық гиперграфтар қолданылады. Математикада семантикалық гиперграфтар $G = (V, E)$ жұбы арқылы беріледі, мұнда V – төбелердің бос емес жиыны, E – қабырғалар тобының бос емес жиыны, ол V жиынының, әртүрлі болуы міндетті емес, ішжиындарынан құралады.

III.2.2 Қазақ тілі морфологиясының онтологиялық моделдері

Бұл тақырыпта қазақ тілінің морфологиясының онтологиялық моделдері қарастырылады. Материалды даярлау үшін дерек көздеріндегі [1-15, 23] және монография авторларының қатысуымен шыққан 1-Қосымшадағы көрсетілген [1-44, 61-77] жариялымдар пайдаланылды.


Қазақ тілі морфологиясының онтологиялық моделдері осы монографияның II тарауындағы қазақ тілінің морфологиясының математикалық моделдерінде көрсетілген концептер, класстар мен ішкі класстар және класстардың қасиеттері мен қатынастарына қарай қазақ тіліндегі барлық сөз таптарының онтологиялық моделдері сипатталады және олар төменде көрсетілген.

Жалпы кез келген табиғи тілдің морфологиясындағы, соның ішінде қазақ тілінің де, ең басты сөз табы ‘Зат есім’ болады. Сондықтан ‘Зат есім’ онтологиялық моделінің ең алдымен құру керек дұрыс болады. Оған негізделіп қазақ тілінің барлық қалған сөз таптарының онтологиялық моделдері құрылуы керек.


Қазақ тіліндегі зат есімді класс ретінде онтологиялық моделде сипаттау үшін келесі қысқаша түсініктемені пайдаланамыз.

Зат есім (N) сөз табы (POS) болып табылады. Оның жанды (ANIM), жансыз (INAM), дерексіз (ABST), деректі (CNCR), жалқы (PRPR), жалпы (CMMN) деген семантикалық түрлері бар. Сонымен қатар, зат есім *көптелетін, септелетін, жіктелетін, тәуелденетін* болғандықтан, оларды сипаттайтын қатынастар мен функциялар анықталады да, олар бағытталған сызықтармен бейнеленеді.

Осы қабылданған шартты белгілеулерді және келісімдерді қолданып, қазақ тіліндегі зат есімнің онтологиялық моделі III.2.2.1-Суретте, ал Қазақ тілінің зат есімдерінің семантикалық мәндерінің қасиеттер үлгісі III.2.2.2-Суретте көрсетілген.




III.2.2.1-Сурет. Қазақ тіліндегі зат есімнің онтологиялық моделі.




III.2.2.2-Сурет. Қазақ тілінің зат есімдерінің семантикалық мәндерінің қасиеттер үлгісі.

Сын есімнің онтологиялық моделі III.2.2.3-Суретте, ал сан есімнің онтологиялық моделі III.2.2.4-Суретте көрсетілген.




III.2.2.3-Сурет. Сын есімнің онтологиялық моделі.



III.2.2.4-Сурет. Сан есімнің онтологиялық моделі.


Қазақ тіліндегі есімдіктің онтологиялық моделі III.2.2.5-Суретте көрсетілген.



III.2.2.6-Сурет. Есімдіктің онтологиялық моделі.


Қазақ тіліндегі етістіктің онтологиялық моделі III.2.2.7-Суретте көрсетілген.

Қазақ тіліндегі етістіктің индивидтерді және сөзтіркестерін байланыстыратын кейбір қасиеттері ІІІ.2.2.9-Суретте көрсетілген.




ІІІ.2.2.9-Сурет. Етістіктің индивидтерді және сөзтіркестерін байланыстыратын кейбір қасиеттері.

Қазақ тіліндегі үстеудің онтологиялық моделі ІІІ.2.2.10-Суретте бейнеленген.




ІІІ.2.2.10-Сурет. Қазақ тіліндегі үстеудің онтологиялық моделі.

Қазақ тіліндегі еліктеу сөздің онтологиялық моделі III.2.2.11-Суретте көрсетілген.




III.2.2.11-Сурет. Қазақ тіліндегі еліктеу сөздің онтологиялық моделі.

Қазақ тіліндегі шылаудың онтологиялық моделінен үзінді III.2.2.12-Суретте көрсетілген.




III.2.2.12-Сурет. Қазақ тіліндегі шылаудың онтологиялық моделі.

Қазақ тіліндегі одағайдың онтологиялық моделі III.2.2.13-Суретте көрсетілген.



III.2.2.13- Сурет. Қазақ тіліндегі одағайдың онтологиялық моделі.

Қазақ тіліндегі одағайдың семантикалық қасиеттеріне мысал
III.2.2.14-Суретте көрсетілген.




III.2.2.14- Сурет. Одағайдың семантикалық қасиеттеріне мысал.

III.3 Қазақ тілі синтаксисінің онтологиялық моделдері

Бұл тақырыпты даярлағанда [1-3, 13-17, 23] дереккөздері және монография авторларының қатысуымен шыққан 1-Қосымшадағы көрсетілген [45-60, 78-98] жариялымдар пайдаланылды.

Қазақ тілі грамматикасы онтологиялық моделінің Морфология бөлімінде қазақ тілінің морфологиялық концептері (түсініктері, индивидтері) және олардың арасындағы қатынастар мен ережелердің барлығы анықталғаннан кейін, солардың негізінде «Қазақ тілі грамматикасы» онтологиялық моделінің «Синтаксис» сыныбы (классы) құрылды. Оның ішінде «Сөз тіркесі», «Сөйлем», «Сөйлем мүшелері» ішкі сыныптарынан тұрады. Protégé ортасында құрылған онтологиялардың атаулар Қазақ тілінің синтаксисіне қатысты барлық атаулар мен белгілер «III.1 UniTurk метатілі» атты тақырыптағы II.1.2-Кестеде берілген, ал онтологияға қатысты барлық қажетті және жеткілікті шарттар дескрипциялық логика тілінде берілген.


Қазақ тіліндегі сөз тіркестері тұрақты және еркін тіркес түрінде беріледі. III.3.1.1-Суретте қазақ тілі сөз тіркестерінің байланысу түрлері көрсетілген.



III.3.1.1-Сурет. Қазақ тілі сөз тіркестерінің байланысу түрлері.


Сөз тіркестерінің онтологиялық моделін тұрғызу барысында сөз тіркестері грамматикалық тәсілдер арқылы байланысқан кем дегенде екі толық мағыналы сөзден құралатынын қарастырып, құрастырушы сыңарлар бірі бағыныңқы, екіншісі басыңқы мүше ретінде қызмет атқарады. Мысалы, есімді қабысудың басыңқы сыңары әр уақытта есімдер (көп жағдайда зат есім) болса, ал етістікті қабысуда – етістіктің өзі болады. Қабыса байланысқан сөз тіркестері өзара ешқандай жалғаусыз, тек қатар тұру арқылы тіркеседі.

Есімді және етістікті қабысудың онтологиялық моделдері III.3.1.2-Суретте көрсетілген.



III.3.1.2-Сурет. Есімді қабысудың онтологиялық моделі.

Етістікті қабысудың онтологиясы III.3.1.3-Суретте көрсетілген.



III.3.1.3-Сурет. Етістікті қабысудың онтологиясы.


Есімді (Сын есім мен Зат есімнің) қабысуы III.3.1.4-Суретте көрсетілген. Мұнда бағыныңқы сыңар – сын есім, басыңқы сыңар – зат есім болып тұр. Мысалы қазақ тіліндегі «қызыл алма», «атты адам» деген сөз тіркестері осы ережеге сәйкес келеді. Сын есім мен зат есімнің қабысуын жүзеге асыру үшін келесі қажетті және жеткілікті шарттар орындалуы керек:

$$NA2 \equiv \exists hasDependent(Adj) \cap \exists hasHead(N)$$

Мұнда:

- NA2 – Есімді қабысу (сын есім+зат есім);
- hasDependent – бағыныңқы сыңары бар;
- Adj – сын есім;
- hasHead – басыңқы сыңары бар;
- N – зат есім.

Бұл шарт P (phrase – сөз тіркесі) сыныбының индивиді болып табылатын «қызыл алма», «атты адам» сөз тіркестерін NA2 категориясына анықтауға мүмкіндік береді.



III.3.1.4-Сурет. Сын есім мен Зат есімнің қабысуы.


Сондай-ақ, VA1 (үстеу мен етістіктің қабысуы) категориясы үшін келесі қажетті және жеткілікті шарттар орындалуы керек:

$$VA1 \equiv \exists hasDependent(Adv) \cap \exists hasHead(V)$$

Мұнда:


- VA1 – Етістікті қабысу (үстеу+етістік);
- hasDependent – бағыныңқы сыңары бар;
- Adv – үстеу;
- hasHead – басыңқы сыңары бар;
- V – етістік.

Protégé ортасында резонер іске қосылғаннан кейін бұл шарттың орындалуы *P* (phrase – сөз тіркесі) сыныбының индивиді болып табылатын «*балаша күлді*», «*кеше келді*» сөз тіркестерін үстеу мен етістіктің қабысуы ретінде анықтайды, ол III.3.1.4-Суретте көрсетілген.



III.3.1.4-Сурет. Үстеу мен етістіктің қабысуы.

III.3.1.5-Суретте қазақ тіліндегі сөздердің байланысы «Қиысудың» онтологиялық моделі көрсетілген.




II.3.5-Сурет. «Мен оқушымын» сөз тіркесінің онтологиялық моделі

Осы секілді шарттар II.1.1-Кестеде берілген морфологиялық түсініктер арқылы және II.1.2-Кестеде берілген қазақ тілі сөз тіркестерінің барлық мүмкін болатын түрлері бойынша іске асырылған.

«Қазақ тілі грамматикасы» онтологиялық моделінің Синтаксис бөлімінде сөз тіркестерінің түрлері мен жасалу жолдары, олардың өзара қарым қатынасы анықталғаннан кейін, қазақ тіліндегі сөйлемдердің түрлері мен олардың жасалу жолдары, байланыстары мен ережелері, индивидтерін анықтайтын боламыз.

Негізінде қазақ тілінде сөйлем жай және құрмалас болып және олар өз ішінде бөлінеді, ол туралы жоғарыда айтылып кеткен болатын. Қазақ тілінде хабарлы жай сөйлемдердің 20 түрі бар, сондықтан да «Қазақ тілі грамматикасы» онтологиялық моделінде олардың барлық формалары қарастырылған. III.3.1.6-Суретте сөйлемдердің онтологиялық моделдегі құрылымының фрагменті

көрсетілген. Онда қазақ тіліндегі BsPsBn (Бастауыш, Пысықтауыш, Баяндауыш) түріндегі сөйлемнің Protégé орнасындағы жүзеге асырылуы берілген.



III.3.1.6-Сурет. Сөйлемдердің онтологиялық моделдегі құрылымының фрагменті

Бұл типтегі сөйлем үшін келесі қажетті және жеткілікті шарттар орындалуы керек:

$$BsPsBn \equiv \exists hasNP(N \text{ or } Pers) \sqcap \exists hasVP(DirVP1(\sqcap (\exists hasDependent(Ndir \sqcap (\exists hasRoot(root \sqcap (\forall isSpace Space)))))))$$


мұнда:

BsPsBn -Бастауыш, Пысықтауыш, Баяндауыш тұратын сөйлем типі;

hasNP – есімді сөзтіркесі бар;


N – зат есім;
Pers- жіктік есімдіктер;
hasVP – етістіктік сөзтіркесі бар;
DirVP1 – етістікті меңгеру (барыс септігіндегі зат есім + етістік)
hasDependent – басыңқы сөз бар;
NDir – барыс септігіндегі зат есім
hasRoot –түбірі бар;
root – түбір;
isSpace –сөз кеңістіктік мәнге ие;
Space –кеңістіктік семантика

Егер барлық шарттар орындалған болса, онда «Ол далаға қарады» деген «Сөйлемнің» индивиді болып табылатын сөйлем, *BsPsBn* типіндегі сөйлем болып анықталады, себебі «дала» деген зат есім кеңістік мәнге ие зат есім болып табылады және ол «Қазақ тілі» грамматикасы онтологиясындағы үшінші бөлім Семантика сыныбында сипатталған, ол III.3.1.7-Суретте көрсетілген.




III.3.1.7-Сурет. Онтологияда «дала» сөзінің кеңістіктік мәнге ие зат есім екендігі анықталуы.

Қазақ тіліндегі BsPsBn типіндегі сөйлемнің онтологиялық моделі мен жасалу ережесі III.3.1.8-Суретте көрсетілген.



III.3.1.8-Сурет. Қазақ тіліндегі BsPsBn типіндегі сөйлемнің онтологиялық моделі және жасалу ережесі.

Жоғарыда көрсеткендей, қазақ тіліндегі барлық сөйлем типтері үшін қажетті және жеткілікті ережелер құрылып, барлық қасиеттері анықталған. III.3.1.9-Суретте AnBsTIPsBn типіндегі бес сөйлем мүшесінен тұратын сөйлем үшін ережелер және анықталуы көрсетілген, сонда онтологияда берілген ережелердің негізінде «Үздік оқушы сабақты тез түсінді» деген сөйлем автоматты түрде AnBsTIPsBn типіндегі сөйлемнің индивидуі ретінде анықталып тұр.



III.3.1.9-Сурет. Қазақ тіліндегі AnBsTIPsBn типіндегі сөйлемнің онтологиялық моделі

«Қазақ тілі грамматикасы» онтологиясында барлық түсініктер және олардың арасындағы қатынастар мен ережелер анықталған соң, қажетті SPARQL-сұратымдарды жүзеге асыруға болады. SPARQL-сұратымдарды алу осы онтологиядағы барлық анықтамалар мен тұжырымдардың өзара сәйкестігін тексеруге және берілген анықтамаларға қандай концепциялар сәйкес келетіндігін айқындауға мүмкіндік береді. Біздің мақсатымыз осы анықтамалар мен тұжырымдарды қазақ тілін компьютерлік өңдеу мен автоматтандыру бағытында дұрыс пайдалана білу болып табылады.

«Қазақ тілі грамматикасы» онтологиясында SPARQL-сұратымдарды орындау. RDF-граф тұжырымдардың бірнеше санынан тұруы мүмкін, сондықтан, гиперграфта орналасқан деректерді табу және басқару үшін SPARQL-сұратымдарын орындауға болады.

Сұратым дегеніміз – бұл сұрақ, оған берілген жауап – қойылған сұратымды, сұратылып отырған затты және олардың арасындағы қатынасты түсінуді талап етеді. SPARQL-сұратымдар кез-келген таныс емес деректер жиыны туралы түпкілікті ақпаратты алуға ғана емес, сондай-ақ, деректерді көшіруге, жаңа деректер құруға, деректерді конвертациялауға, деректер сапасын басқаруға мүмкіндік береді.

Қазақ тілі морфологиясының қолданбалы онтологиясы Protégé ортасында, қазақ тілінің морфологиялық ережелеріне сәйкес құрылған. Protege OWL тілі тек ұғымдарды ғана емес, сонымен қатар нақты нысандарды да сипаттауға мүмкіндік береді.

Онтологияда SPARQL-сұратымдарды алудың жалпы құрылымы төмендегідей:

PREFIX # *префиксті хабарландырулар.*

FROM... # *сұратымның көзі.*

SELECT # *нәтиже пункті.*

WHERE {...} # *сұратым шаблону.*


ORDER BY # *сұратым модификаторы.*

SPARQL-сұратымдардың жалпы құрылымының «WHERE» шаблону RDF-триплеттер моделдерінің жиынтығы болады және

$SP = \{tm_1, \dots, tm_n\}$ белгіленеді. SP шаблону, семантикалық білімдер базасынан нені сұрау керек екендігін анықтайды.

tm_n шаблондары – триплеттердің моделдері, олар келесі үштіктен тұрады: субъект (S), предикат (P), объект (O), олардың әрқайсысы тұрақты мән бола алады, онда $s \in S, p \in P, o \in O \cup Ont$ немесе айнымалы мән болады, онда оларды «\$» немесе «?» белгілерімен белгілей аламыз.

III.3.1.9-Суретте Protégé ортасында SPARQL Query бетбелгісін іске қосу көрсетілген.




III.3.1.9-Сурет. SPARQL Query бетбелгісін іске қосу

«SPARQL Query» бетбелгісінде келесі сұратымдарды жүзеге асырамыз:

```
SELECT ?subject ?object
WHERE { ?subject rdfs:subClassOf ?object }
```


Бұл сұратымның орындалуы нәтижесінде subClassOf қасиеті бар кластар ?subject айнымалысына сәйкес орнатылады. Яғни, басқа кластардың «ұрпағы» болып табылатын кластар.

Мысалы, ANIM (жанды зат есімді) анықтайтын класс N (зат есімді) анықтайтын класқа қатысты ішкі класс болып табылады, ол III.3.1.10-Суретте көрсетілген.



III.3.1.10-Сурет. N (зат есім) класына қатысты «ұрпақтардың» мысалы

POSS_category (тәуелдік жалғауы) морфологиялық категориясы бар N (зат есім) сыныптарын шектеуге арналған «ұрпақтардың» мысалы Шектеулердің ішкі сыныбы болып табылатын кластар III.3.1.11-Суретте көрсетілген.




III.3.1.11-Сурет. POSS_category (тәуелдік жалғауы) морфологиялық категориясы бар N (зат есім) сыныптарын шектеуге арналған «ұрпақтардың» мысалы

Num (Сан есім) сыныбының ішкі сыныптарын ғана беретін сұратымды орындаймыз. Сұратымды орындау нәтижесінде "Сан есім" @kz тамғасы орнатылған кластың «ұрпақтары» қайтарылатын болады:

```
SELECT ?subject ?class
WHERE { ?subject rdfs:subClassOf ?class.
?class rdfs:label "Сан есім"@kz}
```

Сан есім сыныбының ұрпақтары III.3.1.12-Суретте көрсетілген.




III.3.1.12-Сурет. Num (Сан есім) сыныбының ұрпақтары.

Түсініктеме туралы ақпаратты қолдана отырып сұратымды орындаймыз:

```
SELECT ?class
WHERE {
?class rdfs:comment "Сөздің өзіне тән мағынасы бар ең ұсақ бөлшегі"@kz}
```

Берілген түсініктемеге сәйкес кластың мысалы III.3.1.13-Суретте берілген.



III.3.1.13-Сурет. Берілген түсініктемеге сәйкес кластың мысалы.

Бұл сұратымның нәтижесінде, сұратымда берілген түсініктемеге сәйкес келетін Morphema (Морфема) сыныбы айқындалып тұр.

«Қазақ тілі грамматикасы» онтологиялық моделі түркі тілдерін компьютерлендіру және «Қазақ тілі грамматикасы» пәндік облысы бойынша тезаурус құру үшін жасалған зерттеудегі маңызды қадам болып табылады. Құрылған онтологиялық модел қазақ тілін оқыту, қазақ тілінде іс жүргізу, қазақ тіліндегі ақпараттардың морфологиясын және синтаксисін тексеру мүмкіндігі бар қазақ тілінде қарым-қатынас жасайтын интеллектуалды ақпараттық технологиялар сонымен қатар, мемлекеттік басқару ұйымдары, әртүрлі деңгейдегі білім беру мекемелері, оқу орталықтары және сол сияқты басқа да мемлекеттік, мемлекеттік емес кәсіпорындарда пайдаланауға болады. Бұл еліміздің әртүрлі қызмет, білім, ғылым, техника, технология және басқа салаларына байланысты қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтеді.

IV Қазақ тілі грамматикасы электрондық тезаурусы

IV.1 Тезаурустың құрамы мен құрылымы

Бұл тақырыпты даярлағанда [24] дереккөздері және монография авторларының қатысуымен шыққан 1-Қосымшадағы көрсетілген [113-115] жариялымдар пайдаланылды.

Әлеуметтік кеңістікті ғаламдастыру мен цифрландыру заманында ақпарат көлемі күн сайын өсіп жатқаны белгілі. Сондықтан табиғи тілдердегі өте үлкен көлемді деректерді өңдеу қажеттігі артуда. Бұл есепті шешуде деректер және білімдер базасы, тезаурустар, мәтіндік және дыбыстық корпустар және басқа да лингвистикалық ресурстар маңызды орын алады. Ондай ресурстардың көбі роман-герман және славян тілдер тобына қатысты, бірақ түркі тілдеріне арналған ондай ресурстар жоқ. Сондықтан, түркі тілдеріне арналған ортақ тезаурусты әзірлеу өзекті мәселе.

Тезаурус дегеніміз қандай да бір пәндік салада мағыналары жақын терминдер (сөздер мен сөз тіркестері) олардың арасындағы семантикалық қатынастары көрсетіліп ұғымдарға топтастырылған арнайы терминологиялық сөздік.

Тезаурустар жеке пәндік салалар және нақты ақпараттық-іздеу жүйелерінде қолданылу үшін әзірленуі мүмкін.

Қазіргі уақытта тезаурустарды құрудың құрамы, құрылымы мен әдістері анықталған белгілі бір стандарттар бар. Дегенмен, тезаурустарды құрудың күрделілігіне байланысты ұсынылатын әдістерді тікелей қолдану үнемі мүмкін бола бермейді. Себебі, біріншіден, қол жетімді әр түрлі пәндік салалар бойынша мәтіндік корпустар (белгіленген мәтіндер) сияқты лексикографиялық ақпарат көздерінің жоқтығы, пәндік салалардың (Мысалы: лингвистика, математика, биология, салық салу, қыржы нарығы және т.б.) арнайы салаға тән тілінің болуы табиғи тілдегі белгілі бір салаларда тезаурустарды әзірлеуді талап етеді.

Қазіргі кезде тезаурустардың танымал моделдері бар, атап

айтсақ, ағылшын тілі үшін WordNet тезаурусы, бұл тезаурус негізінде басқа тілдер үшін де ұқсас тезаурустар әзірленген (Мысалы: EuroWordNet), ал орыс тілі үшін РуТез тезаурусы және т.б. бар.

Сондықтан да «Қазақ тілі грамматикасы (ҚТГ)» пәндік саласы бойынша онтологиялық моделінің негізінде ақпараттық-іздеу тезаурусын құру технологиясын әзірлеу негізгі мақсаттардың бірі болды.

Пәндік салалар бойынша кез келген тезаурустың құрамы мен құрылымы шешілетін есепке және пәндік тілдердің лексикалық толықтырудың ерекшеліктеріне байланысты. Сонымен қатар, қолданыстағы тезаурустарды талдау және тезаурустардың құрылымы, функционалдық және жүйелік талаптарын регламенттейтін стандарттарын зерттеу негізінде анықталады.

Бізді ҚТГ түсініктерінің жүйесіне тікелей пайдалану және ақпараттық іздеу үшін арналған көптілді ақпараттық-іздеу тезаурусы (КАІТ) қызықтырады. Көптілді ақпараттық-іздеу тезаурусы құрамына кіріспе, дескрипторлы көрсеткіш және жүйелік көрсеткіш кіреді.

Кіріспеде пәндік сала, қолдану саласы, қолдану ережелері, дескрипторлар, кілттік сөздер және басқа да анықтамалық ақпарат сияқты тезаурустың жалпы сипаттамасы бар.

Дескрипторлы көрсеткіш қарастырылып жатқан пәндік саланың түсініктер жүйесіндегі орындары көрсетілген түрлі семантикалық қатынастармен байланысқан дескрипторлардан тұратын дескрипторлық топтың тізімінен тұрады. Бұл қатынастар олардың семантикасын тезауруста сипаттайтын формалды (математикалық) қасиеттер жиынтығымен қамтылады.

Жүйелік көрсеткіш дескрипторлар арасындағы парадигматикалық қатынастарды ашу, есепке алу және бақылау үшін қызмет етеді.

Ақпараттық іздеу тезаурусының әрбір дескрипторы үшін сәйкес иерархиялық дескрипторы табылуы қажет. Алдын ала иерархияның деңгейлерінің санын анықтайтын белгілерді

тұжырымдап алу керек. Ассоциативтік қатынастардың кескінінің деңгейін анықтау ақпараттық-іздеу тезаурусына қойылатын талаптарға тәуелді. Бұл қатынастар қанша кеңінен бейнеленсе, соншалықты толық беріледі. Бірақ, терминологиялық қор ұлғаяды, сілтемелер жүйесі күрделенеді және іздеу дәлдігі төмендеуі мүмкін.

Формалды түрде тезаурусты келесі алтылықпен анықтауға болады:

$$\nabla = \langle T, S, A, R, P, L \rangle$$

мұнда:

$T = Ds \cup As$ – берілген пәндік саланың түсініктерін анықтайтын терминдерінің бос емес ақырлы жиыны, $Ds = \{ds_1, \dots, ds_k\}$ – дескрипторлар жиыны, $As = \{as_1, \dots, as_l\}$ – аскрипторлар жиыны;

$S = \{s_1, s_2, \dots, s_m\}$ – өз аттарымен бейнеленген терминдердің бос емес ақырлы жиыны;

$A = \{a_1, a_2, \dots, a_n\}$ – терминдер мен ақпарат көздердің қасиеттерін сипаттайтын атрибуттар жиыны;

$R = R^T \cup R^{TS}$ – тезауруста қолданылатын барлық бинарлық қатынастардың бос емес ақырлы жиыны, мұнда $R^T = R_1^T \cup \dots \cup R_k^T$ – терминдер арасындағы қатынастар жиыны, $R_i^T \subseteq T \times T, i = \overline{1, k}$, ал $R^{TS} = R_1^{TS} \cup \dots \cup R_l^{TS}$ тезаурус көздері мен терминдер арасындағы сәйкестік қатынастар жиыны, мұнда термин кездеседі және/немесе анықталады, $R_j^{TS} \subseteq T \times S, j = \overline{1, l}$.

P – R^T қатынастардың формалды қасиеттерінің ақырлы жиыны;

L – терминдер арасындағы байланысқа қосымша шектеулер қоятын аксиомалар жиыны.

Тезаурустың бүтіндігін, қарамақайшылықсыздығын және толықтығын қамтамасыз ету үшін терминдер арасында орнатылған семантикалық қатынастарды формалдап, олардың қасиеттерін анықтау керек.

R^T ден тұратын кез келген қатынастың келесі қасиеттері болуы мүмкін: рефлексивтік (reflexivity), антирефлексивтік

(antireflexivity), симметриялылық (symmetry), асимметриялық (asymmetry), антисимметриялық (antisymmetry), транзитивтік (transitivity).

Бұл қасиеттердің формалды анықтамалары келесі логикалық өрнектермен жазылады:

$$\forall x, y \in T, x \neq y, R \in R^T, \quad \text{reflexivity}(R): R(x, y) \rightarrow (R(x, x) \& R(y, y));$$

$$\forall x, y \in T, x \neq y, R \in R^T,$$

$$\text{antireflexivity}(R): R(x, y) \rightarrow (\neg R(x, x) \& \neg R(y, y));$$

$$\forall x, y \in T, x \neq y, R \in R^T, \quad \text{symmetry}(R): R(x, y) \rightarrow R(y, x);$$

$$\forall x, y \in T, x \neq y, R \in R^T, \quad \text{asymmetry}(R): R(x, y) \rightarrow \neg R(y, x);$$

$$\forall x, y \in T, R \in R^T, \quad \text{antisymmetry}(R): (R(x, y) \& R(y, x)) \rightarrow x = y;$$

$$\forall x, y, z \in T, R \in R^T, \quad \text{transitivity}(R): (R(x, y) \& R(y, z)) \rightarrow R(x, z).$$

Жоғарыда аталған әрбір R бинарлық қатынастың R^{-1} кері (инверсті) қатынасы болуы мүмкін. Кері қатынастың бар болуы төмендегі логикалық өрнекпен сипатталады:

$$\forall x, y \in T, x \neq y, R \in R^T, R^{-1} \in R^T,$$

$$\text{invertibility}(R): R(x, y) \rightarrow R^{-1}(y, x).$$

Көрсетілген логикалық өрнектер төмендегі ережелер түрінде түсіндіріледі:

- егер R қатынасында рефлексивтік қасиеті болса, онда кез келген x және y терминдері үшін $R(x, y)$ байланысының болуы $(R(x, x) \& R(y, y))$ байланыстарының бар болуына алып келеді;

- егер R қатынасында антирефлексивтік қасиеті болса, онда кез келген x және y терминдері үшін $R(x, y)$ байланысының болуы $R(x, x)$ және $R(y, y)$ байланыстарына тиым салады;

- егер R қатынасында симметриялық қасиеті болса, онда кез келген x және y терминдері үшін $R(x, y)$ байланысының болуы $R(y, x)$ байланысының бар болуына алып келеді;

- егер R қатынасында асимметриялық қасиеті болса, онда кез келген x және y терминдері үшін $R(x, y)$ байланысының болуы $R(y, x)$ байланысының бар болуына тиым салады;

- егер R қатынасында антисимметриялық қасиеті болса, онда кез келген x және y терминдері үшін $R(x, y)$ және $R(y, x)$ байланыстарының болуы $x = y$ терминдердің теңдігіне алып келеді;

- егер R қатынасында транзитивтік қасиеті болса, онда кез келген x және y терминдері үшін $R(x, y)$ және $R(y, z)$ байланыстарының болуы $R(x, z)$ байланысының бар болуына алып келеді;

- егер R және R^{-1} қатынастары бір біріне кері болса, онда кез келген x және y терминдері үшін $R(x, y)$ байланысының пайда болуы $R^{-1}(y, x)$ кері байланысының бар болуына алып келеді.

Дегенмен, белгілі бір классқа (терминдердің ішкі жиынына) тиісті терминдер үшін, мысалы дескрипторлар (D) мен аскрипторлар (A) осы класстың (x) терминдерінің және терминдердің осы немесе басқа класстарының (y, z) терминдері арасындағы қандай да бір қатынастарының бар болуына шектеулер берілуі мүмкін. Мұндай шектеулерді төмендегідей екі логикалық өрнектермен сипаттауға болады:

$$\forall x, y, z \in Ds, Ds \subseteq T, y \neq z, R \in R^T, uniqueness(R): R(x, y) \rightarrow \neg R(x, z)$$

$$\forall x \in As, As \subseteq T, \exists y_i \in D, i = 1, \dots, N, R \in R^T, obligatoriness(R): R(x, y_i),$$

Бірінші өрнек кейбір терминдер класы үшін R қатынасының жалғыздығын (*uniqueness*) береді (Мысалы: D). Яғни осы класстың x терминінде $R(x, y)$ қатынасы бар болған жағдайда ол үшін басқа термині бар тағы да R қатынасын қосу мүмкін еместігін білдіреді. Екінші өрнек y_i ($i = 1, \dots, N$) терминдерінің кейбір сыныбы үшін R қатынасының міндеттілігін (*obligatoriness*) орнатады. Осылайша, осы сыныптың x термині үшін $R(x, y)$ түрдегі N қатынастардың бар болуын бақылайды.

IV.2 Тезаурусқа қойылатын талаптар

Бұл тақырыпты даярлағанда [24] дереккөздері және монография авторларының қатысуымен шыққан 1-Қосымшадағы көрсетілген [113-115] жариялымдар пайдаланылды.

Кез-келген пәндік аймақта негізгі ақпараттық бірлік синонимдер деп саналатын терминнің бірнеше нұсқасымен берілетін түсінік болып табылады. Осындай синонимдердің арасынан бір термин таңдалып алынады, ол тезаурус шеңберіндегі түсінікке сілтеменің негізгі тәсілі ретінде қарастырылады да **дескриптор** деп аталады. Синонимдік қатардағы тезаурусқа қосылған басқа терминдер **аскрипторлар** немесе **дескрипторлар емес** деп аталады және сәйкес дескрипторды табудағы қосымша элементтер (мәтіндік кірістер) ретінде қолданылады.

Тезаурустағы барлық дескрипторлар келесі шарттарды қанағаттандыруы керек:

- 1) Бірмәнділік – дескриптордың мағынасы бірмәнді болуы керек;
- 2) Түсініктілік – дескриптордың мағынасы тезаурустың пәндік аймағы шеңберінде қолданушыға түсінікті болу керек;
- 3) Толықтық – дескрипторлар тезаурустың барлық түсініктері мен олардың пәндік аймақтағы байланысын көрсету керек;
- 4) Эквиваленттілік – мағынасы бойынша жақын, бірақ әр түрлі түсінікті білдіретін дескрипторлар эквиваленттілік класстарына біріктіріліп, олардың индекстелуінің субъективтілігін азайту үшін және көпмағыналылықты жою үшін бір дескрипторға келтірілу керек.

Егер дескриптор сөзтіркесінен жасалған болса және ондағы тірек сөз зат есім болса, онда келесі шарттардың бірі орындалуы қажет:

- 1) Дескриптордың мағынасы оның компоненттерінің мағынасынан алынбайды. Мысалы: *сөйлем мүшелері*;

2) Дескрипторда компоненттерінің кем дегенде біреуі басқа тіркестер құрамында қолданылмайды немесе үнемі басқа мағынада қолданылады. Мысалы: *зат есім*;

3) Дескриптордың толық синонимі болуы мүмкін.

Мысалы: *натрий хлориді = ас тұзы*;

Дескриптор жалқы есімі бар тұрақты сөзтіркесі болып табылады.

